



MediaNet
International Centre for Journalism



ТҮРКІТІЛДЕС
ЖУРНАЛИСТЕР ҚОРЫ



unesco

Chair

«ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫ ОҚЫТУ МОДЕЛЬДЕРІ» (МТІЈ)

атты VII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 6 сәуір, 2023 жыл

МАТЕРИАЛЫ

VII Международной научно-практической конференции

«МОДЕЛИ ОБУЧЕНИЯ МЕЖДУНАРОДНОЙ ЖУРНАЛИСТИКЕ В ЦЕЛЯХ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ» (МТІЈ)

Алматы, Казахстан, 6 апреля 2023 года

MATERIALS

VII International Scientific and Practical Conference

«MODELS OF TEACHING INTERNATIONAL JOURNALISM FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT» (MTIJ)

Almaty, Kazakhstan, 6 April, 2023

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ
ЮНЕСКО-НЫҢ ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ КАФЕДРАСЫ

«ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЖУРНАЛИСТИКАНЫ ОҚЫТУ МОДЕЛЬДЕРІ» (МТИЈ)
атты VII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

*Алматы, Қазақстан
6 сәуір, 2023 жыл*

МАТЕРИАЛЫ
VII Международной научно-практической конференции
«МОДЕЛИ ОБУЧЕНИЯ МЕЖДУНАРОДНОЙ ЖУРНАЛИСТИКЕ
В ЦЕЛЯХ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ» (МТИЈ)

*Алматы, Казахстан
6 апреля 2023 года*

MATERIALS
VII International Scientific and Practical Conference
«MODELS OF TEACHING INTERNATIONAL JOURNALISM
FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT» (MTIJ)

*Almaty, Kazakhstan
6 April, 2023*

Алматы
«Қазақ университеті»
2023

УДК 070(069)
ББК 76.01
К 81

Ғылыми редакторлар:
филол.ғ.к. Қуантайұлы Н.Қ.
филол.ғ.д. Шыңғысова Н.Т.
филол.ғ.к. Дудинова Е.И.

Жауапты редактор:
PhD, Әлімжанова А.Б.

Техникалық редактор:
Орашшаева А.Ы.

**«Тұрақты даму мақсатында халықаралық журналистиканы оқыту модельдері»
(МТІІ) атты VII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 6 сәуір, 2023
жыл / Жауапты ред. М.Х. Арғынбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 210 б.**

ISBN 978-601-04-6300-4

Бұл ғылыми еңбектер жинағында әлемдік және отандық журналистік білім берудің өзекті проблемалары, медиа коммуникацияның цифрлық стратегиялары және қоғамның тұрақты даму концепциясын жүзеге асырудағы БАҚ қызметі туралы мақалалар енгізілді. Ғылыми жинақ PR-мамандарына, журналистерге, ізденуші ғалымдарға және көпшілік оқырманға арналған.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Карпов С.,

Кластерное Бюро ЮНЕСКО в Алматы

s.karpov@unesco.org

(от имени Амира Пирича, и.о. Директора Бюро ЮНЕСКО в Алматы)

Добрый день, уважаемые коллеги и гости! Я рад приветствовать вас на этом мероприятии.

Седьмой год проходит конференция кафедры ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации Казахского национального университета имени аль-Фараби «Модели обучения международной журналистике в целях устойчивого развития» (МТН) и собирает ВУЗы журналистики и медиа-профессионалов со всего мира.

В этом году мне хочется поздравить Кафедру ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации в лице Назгуль Турсынбаевны Шынгысовой, Нуржана Куантаевича Куантаева, Декана факультета журналистики, сплоченной команды кафедры ЮНЕСКО и всего коллектива КазНУ за признание достойной работы в сети UNITWIN за последние пять лет с продлением мандата кафедры до 30 июня 2027 года.

Спасибо за обеспечение сплоченности всех кафедр сети UNITWIN и привнесение вклада в программу ЮНЕСКО до 2025 и приоритеты среднесрочной стратегии до 2029 гг.

Кафедра применяет комплексный подход, включающий исследования, преподавание и вовлечение местных сообществ. Сотрудничает с ЮНЕСКО и всеми ее сетями, а также с партнерами из разных стран. Кафедра повышает потенциал, распространяет необходимый опыт и способствует межвузовскому сотрудничеству. Фокусируется на широком географическом охвате, междисциплинарном подходе и будущих темах, а также продвигает гендерный подход. Предлагает тематические области, которые еще не охвачены другими кафедрами ЮНЕСКО в стране.

Кафедра способствует свободе выражения и безопасности журналистов в Центральной Азии и участвует в измерениях ЮНЕСКО по развитию средств информации. Отдельное спасибо Александру Викторовичу Рожкову, и Карлыге Мысаевой за участие в двух крупных исследованиях ЮНЕСКО, оказывающих влияние собранными фактами по индикаторам ЮНЕСКО на дискуссии по законодательству о средствах информации и доступу к информации. Мы видим усилия государства по продвижению ценностей свободы выражения, на примере недавней информационной доктрины подписанной президентом страны.

Говоря о роли ЮНЕСКО, хотелось бы отметить что деятельность ЮНЕСКО в области журналистского образования основана на убеждении, что профессиональные журналистские стандарты необходимы для раскрытия потенциала медиасистем, способствующего развитию демократии, диалога и подотчетности. Вопросы качества, воздействия и доверия к журналистике никогда не были столь важны. В этой связи хотел бы предложить индикатор для работы кафедры:

Число учебных заведений журналистики, получивших возможность осуществлять высококачественные и учитывающие гендерные аспекты программы подготовки журналистов

Прошу кафедру ЮНЕСКО и ее партнеров содействовать в его мониторинге. Со стороны Бюро предлагаю специальную инициативу МПРК по журналистскому образованию, затрагивающую такие сложные темы, как миграция, гендер, терроризм и дезинформация. Инициатива предоставляет школам журналистики ряд практических инструментов, включая типовые учебные планы и специализированные пособия, для улучшения преподавания в этой области.

Эти передовые ресурсы могут помочь преподавателям журналистики в формировании важнейших навыков у следующего поколения профессионалов в области медиа. Они воплощены в серии ЮНЕСКО по журналистскому образованию. Это учебная программа для репортажей самых актуальных тем сегодняшнего дня и готовых высококачественных курсов.

ЮНЕСКО сотрудничает со [Всемирным советом по образованию в области журналистики \(WJEC\)](#) успешно продвигает образование и подготовку в области журналистики на глобальном уровне с 2004 года и продолжает придерживаться Повестки дня в области устойчивого развития и ее [Цели 16.10](#) по «общественному доступу к информации и основным свободам». Более того, [Парижская декларация о свободе журналистского образования 2020 года](#) подчеркнула основную миссию ЮНЕСКО в **Журналистском образовании**, обозначив «фундаментальную роль, которую должно сыграть журналистское образование для создания более инклюзивных обществ и реализации повестки дня ООН в области развития до 2030 года». Желаю Вам успешной работы, в деле продвижения международных стандартов обучения журналистики.

ЖУРНАЛИСТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

(Қазақстандық тәжірибе)

Қуантайұлы Н.Қ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Журналистика факультетінің деканы

Жаңа медиа, жасанды интеллект заманында журналистика техногенді сипат алды. Бүкіл әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне қадам басып, ертегідегі баладай жылдам өсіп, жетілетін интернет трендін тез меңгеріп жатыр. Қағаз мәдениетін электронды мәдениет алмастырып, қолынды мүйізгек қылар қаламсаптың орнына компьютердің пернетақтасы келді. Баспасөздің функциялары мен принциптері өзгеріп, оның пәрменділігі мен тиімділігі сан мен сапа тұрғысынан түрленді. Журналистік білім берудің отандық және шетелдік тәжірибесін саралап, ой елегінен өткізгенде аңғарған түйткілді мәселелерге астын сыза тоқталғым бар.

Қазақстан 1992 жылдан бастап үш сатылы білім жүйесін – бакалавр, магистр және PhD доктор моделін қабылдап, ресми түрде Болон декларациясына 2010 жылы қосылды. Жоғары білім берудің еуропалық аймағының 47-мүшесі ретінде танылған алғашқы Орталық Азия мемлекеті. Биыл Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті QS жаһандық рейтингінде 150-орынға тұрақтап, посткеңестік елдерді былай қойғанда (ММУ-ден басқа), мұсылман әлемінде көшбасшылық позицияда тұр. Бұл біздің басбармақпен бағаланар жетістігіміз десек те, медиа мамандарын дайындауда оң шешімін күтіп, соқтасы толған сыздауықтай жарылғалы тұрған мәселе де жоқ емес.

Қазір елімізде журналист маманы 20-дан астам жоғары оқу орнында дайындалып, жауапты министрлік «Журналистика және репортер ісі», «Қоғаммен байланыс», «Халықаралық журналистика», «Баспа ісі», «Дизайн», «Медиадизайн», «Медиакоммуникация», «Медиаөнер», «Киномедиа», «Спорт журналистикасы» секілді 10-нан астам шифрға лицензия берген. Бажайлап қарасаңыз, мамандықтың бірін-бірі қайталайтындары бар, орыстың матрешкасындай балалап кектендей әсер қалдырады. Әрине, нарық заңында тапсырыс көлемі сұранысқа қарай ұлғаяды, брендке айналған мамандық, таңдау жасаушылар қатары көп, бірақ белгілі бір қисынға, тәртіпке бағынуы керек емес пе? Бұл – бір.

Бәрімізге белгілі, дәрігер мамандығының оқу мерзімі – 5-6 жыл, оған интернатура мен резидентураны қоссаңыз, 10 жылдан асып жығылады. Кардиолог, невропатолог, стоматолог, педиатр, травматолог, уролог, лор, т.т.с. арнайы оқуын дипломды алғасын да жалғастыра береді. Бірақ олардың барлығы алғашқы 3-4 жылында терапевтке, яғни жалпы практикадағы дәрігерлікке бейімделеді. Адам анатомиясын толық танып-біліп, бас пен балтыр неден сыздайтынын, отыз екі тіс неден қақсайтынын тап басып айта алады. Неге десеңіз, науқас адамдар ақ халатты абзал жандарды ең алдымен дәрігер ретінде танып, оның алдына «бәрін білуші» деп барады. Міне, медициналық білім берудегі осы жүйе медиа мамандарын дайындауда да қажет. Біз жоғарыда санамалап шыққан журналистика мамандықтарына ортақ «Журналистикаға кіріспе», «Баспасөздің тілі мен стилі», «Журналистика жанрлары», «Қазақ журналистикасының тарихы» сияқты профилді пәндерді енгізу қажет. Сонымен қатар, базалық және элективті пәндер студентті жазу машығына үйретіп, шеберлігін шыңдауға септігін тигізбек керек. Мысалы, ағылшын тілі филологтарға оқылтындай терең грамматика мен пунктуациясын қамтымай, өз кәсібіне жақындаса, оның пайдасы әлеқайда зор болар еді. Математика, информатика, философия, психиология, социология пәндерін де барынша кәсібилендіріп, фактчекинг жасау, әлеуметтік сауалнама жүргізу, қоғамдық пікірді анықтау құралы, әдіс-тәсілі ретінде қарастырса, тиімділігі арта түспек.

Бүгінгі таңда қазақ тілі, әдебиет тарихы мен теориясы, әлем әдебиеті пәндері журналистика мамандығының оқу жоспарынан алынып тасталған. Ондағы жалғыз себеп мынау: тіл мен әдебиет негіздерін абитуриет мектеп қабырғасында оқып келеді. Меніңше, бұл – түбірімен қате тұжырым. Болшақ масс-медиа маманының өндірісте бетпе-бет келетін жалғыз «жекпе-жек алаңы», ол – жазу. Сөз өнерін меңгермесең, онда спичрайтер де, баспа агенті де, теле-радио редакторы мен жүргізушісі де, пресс-релиз, коммюнике жазатын маман да – бәрі-бәрі бола алмайсың. «Стилистика негіздері» оқулығының авторы, профессор Мырзатай Серғалиев редакцияларда «редактор-стилист» штатының болуы керектігін сұхбаттары мен ғылыми мақалаларында жиі айтатын, қайталатын. Өкінішке қарай, осы олқылықтың салдары қазіргі ақпарат кеңістігінде қатты сезіледі. Орашалақ сөйлем мен сөз саптауларынан, емелелік алундылықтан көз сүрінеді. Бұл – екі.

Әлемде 200-ге тарта мемлекет бар. Жасыратыны жоқ, саяси-экономикалық, әскери державалар ақпараттық үстемдікке де ие. Өзінің ақпараттық қауіпсіздігіне бей-жай қарап, медиа кеңістігін бөкейлер мен дөкейлердің, күштілер мен тістілердің билеуіне беріп қойған елдің болашағы бұлыңғыр. Үнемі

«шәкірт ұлт» болу психологиясы инновациялық және пилоттық жобалардың өмірге келуіне қолбайлау болары анық. Қазір бізде журналистикадағы өз мектебі мен тәжірибесінен сырт айналып, өзгенің қаңсығын таңсық көру дағдысы байқалады. Мысалы, интернетте үлкен аудиторияларды жинап, жазылушылар мен «лүпілдің» астында қалып жататын подкаст сұхбат форматын алайық. Журналистикаға қатысты семинар-тренинг спикерлері оның пайда болу мен даму тарихын мұхиттың арғы жағындағы «Сэм айғайдың» елінен, қала берді, кәрі құрлықтағы тұманды Альбионнан іздейді. Жоқ, кешіресіз, ХІХ ғасырда пайда болып, бұқаралық сипат алған, елдің әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін батыл қозғап, дала демократиясының көрінісіне айналған «Құлманбет айтыстың» пішін-мазмұны осыған келеді емес пе? Замануи трендтер мен техника жетістіктерін қолданғаны болмаса, негізгі қаңасы мен сұлбасы өз топырағымызда жатыр. Ендеше, журналистиканың теориясы мен практика-сын зерттеуші ғалымдар назардан тыс қалып, ұмытыла бастаған өз үлгіміз бен өкілдеріміз бар екенін ескеріп, тарихы әділдіктен ауытқымағаны жөн.

«Журналиске универсиеттік білім қажет емес», «Баклаврда бақандай 4 жыл емес, 2, 2,5 жыл оқытсақ та жетеді» деген сияқты сыңаржақ, дерек пен дәйегі әлсіз пікірлерді естіп қаламыз. Азаматтық журналистиканың, блогсфераның келуі, газеттерді гаджеттердің алмастырып, шығармашылық мамандықтың техногендік сипат алуы осы пікірді қолдаушылар қатарын көбейткен де болар. Алайда, қазіргі ақпарат кеңістігіндегі ала-құлалық, сөз мәдениеті мен этикасының сын көтермеуі, авторық құқықтың бұзылуы, коммуникация тілінің алабота қаптаған алаңдай жабайы күй кешуі мәселеге басқа қырынан қарау қажеттігін көрсетті. Сөз менеджментімен айналысатын кез келген адамның сертификат немесе лицензия алу тәртібін енгізсе ғана қордаланған проблемалардың шешімі болатынына көзіміз жетті. Себебі, ақпараттық қауіпсіздік, ол ең алдымен, мемлекет пен оны құрушы титулды ұлттың іргесінің беріктігінің белгісі. Бұл – үш.

Иә, қазір отандық медиакеністікте ескі мен жаңаның таласы жүріп жатыр. Жаңа даму сатысына көтерілген әдемдік үдеріс Қазақстанды да айналып өткен жоқ. Нарықтық қарым-қатынас кезінде мамандықтарда интеграциялық процестер қарқын алып, бір сала жеке-дара, автономды сипатта өмір сүре алмайды. Журналистика социологиясын, электораттың психологиялық мінез-құлқын, цифрлық трансформация жағдайында ІТ-технологияның жай-жапсарын білмей сауатты сараптама жасаудың ауылы алыс. Заман шежіресін, дәуір тынысын хаттап-мөрейтін масс-медияның түрі мен мазмұны өзгеріске түсті. Креативті жобалар мен мотивацияның үлкен алаңына айналды. Отандық білім мен ғылымға бөлінге қаржының жыл сайын еселеніп келе жатқанын да сезініп отырмыз. ҚР Конституциясының 30-бабында: «1. Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті. 2. Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар», - делінген.

Осы жерде журналист мамандарын даярлаудың өзіндік спецификасы бар екенін ескерегіміз жөн. Өндірісте тәжірибеден өткен, практикалық дағдысы мен теориялық білігі қатар тоғысқан ұстаздың ғана дәрісі мазмұнды, сапалы болмақ. Демек, журфак лекторының айрықша мәртебесі заңдық тұрғыда реттеліп, стимул беретін қаржылық тетігі қарастырылуы керек. Неге десеңіз, ЖОО тәртібінде ғылыми дәрежесі бар маман ғана жалақысына үстеме алып, әлеуметтік жағдайын шеше алады. Ал практик мамандар еңбегіне төленетін мардымсыз, төмен төлемге қанағат тұта бермейді. БАҚ саласындағы шығармашылық жетістіктері үшін алған марапатары мен сыйлықтарына ешқандай артықшылық берілмейді. Мысықтың тамағындай азғана алыққа бола көбісі аудиторияға байлып қалғысы келмейді. Болон үдерісінің басты ерекшелігі – академиялық еркіндік, демек, профессорлық-оқытушылық құрамның сапалық көрсеткішін жақсарту масатында осы реформаның іске асуы маңызды. АҚШ пен Еуропа альма-матерлері аталмыш принциппен жұмыс істеп, журналист кадрларын даярлайтын оқытушылық құрамның 70 пайызын практик мамандар құрайды. Айтпақшы, Темірбек Жүргенов атындағы Өнер академиясы да осы тәжірибені қолданып, драматургия, театр сыны мамандықтарында Дулат Исабеков, Смағұл Елубаев, Сұлтанәлі Балғабаев секілді профессорлар дәріс береді. Тамаша емес пе?!

Таланты адамдар қай заманда да көп болмаған. Журналистика – шығармашылық мамандық десек, оған инженерлер мен педагогтарды дайындаған ұстаныммын қарап, конвейрден шығарғандай көбейте беру жарамайды. Ал бізде қалай? Абитуриент ҰБТ-да 5 пәннен тест тапсырып, жоғары балл жинай алмаса, журналистиканың шығармашылық емтиханында бағын сынап, грантқа ілігіп кетуге мүмкіндік алады. БАҚ-та жарияланған мақалаларының болуы құпталады, бірақ міндетті емес. Жазу-сызуға қабілеті жоқ, журналист болам деген арман-аңсары, мақсаты болмаған адамнан қандай сапалы маман шығады? Біздіңше, талап-ереженің осы тұсы пысықталып, бұрынғы тәжірибеге қайта оралуымыз ләзім.

Айтпауға болмайтын тағы бір мәселе бар. ҰБТ-да абитуриенттер журналистика мамандығына бөлінген 200-дей грантқа таласады. Комиссия мүшелері эссе жазу мен әңгімелесу сынағында әділ бағасын беріп, сапаға жұмыс істейін десе, «жіліктің майлы басы» басқа өңірлерде бағын сынап, жоғары балл жинаған талапкерге бұйырып кете барады. Сонықтан, министрлік тарапынан әр ЖОО-ға арнайы грант бөліп, санға емес, сапаға жұмыс істейтін уақыт келді. Олай болмаған жағдайда, журналистиканы жай ғана хобби санайтын әуесқойлардың лагерін көбейтеміз. Медиа маманы – бұл ақпарат таратушы, баспасөз нарығының менеджменті пен маркетингін меңгерген жан ғана емес, «мылтықсыз майдан» саналатын еліміздің идеологиясын жасаушы тұлға. Бұл алаңда кездейсоқ ойыншылардың жүруі қауіпті. Бұл – төрт.

Ел тәуелсіздігімен бірге, Қазақстанның әлемдік дидарын қалыптастыру ерекше маңыз беретін басымдықтардың біріне айналды. Қоғамға тарайтын әлеуметтік-саяси, экономикалық, рухани-мәдени әлемдік ақпараттарды делдал қолдан емес, тікелей өз нүктесінен алудың қажеттілігі туды. Халықаралық тақырыпта жазатын журналистер БҰҰ-да қолданылатын алты тілді еркін меңгеріп, шетелдік тілшілер қосынында жұмыс атқара алатын деңгейде болуы керек. Бұл бағыттағы оң бастамалар біздің университетте осыдан біраз жыл бұрын басталып, өз нәтижесін беріп келеді. Магистранттар мен докторантарымыз АҚШ пен Еуропаның, Түркияның, Жапония мен Оңтүстік Кореяның университеттерінде тағылымдамадан өтіп, жоғары нәтижелер көрсетуде. Бұл тенденция «Қос диплом» бағдарламасы бойынша да жалғасын табууда. Шетелдік профессорларды ақысы төленетін дәрістерге шақырып, студенттеріміз әлемдік медиа нарықтың бүгінгі тыныс-тіршілігінен хабардар болып отыр.

Иә, қазір әлемнің саяси климаты өзгерді. Солтүстіктегі көршіміздің агрессорлық ұстанымы әлем халқын марғау тіршілігінен оятып, айналасына сергек қарауға, қырағы болуға үйретуде. Біз бұрын: «Әдебиет – образ, журналистика – факті» деп қана оқытып келсек, енді медианың ықпал, пропагандалық функциясы алға шықты. Міне, осы тұста түркітілдес халықтардың ақпараттық ынтымағының рөлі күшейе түседі. «Бөлшекте де, билей бер!» деген большевиктік кеудемсоқ идеологияға қасқайып қарсы тұрып, «Тұтас Түркістан» идеясын алға тартып, оны тұмарындай қастерлеп өткен Мұстафа Шоқай жолы бүгінгі таңда өміршеңдігін көрсетуде. Біздер, ұстаздар қауымы, Анадолы еліндегі кардаштармен білім мен ғылым саласындағы байланысты нағайтып, ақпараттық-мәдени, әдеби-мәдени достығымызды нығайта береміз! Бұл – бес.

Демократиялық қоғамда биліктің үш тармағы бар, ол – заң шығарушы, атқарушы және сот билігі. «Демократияның барлық кемшіліктерін мойындай отырып, оның бір ғана артықшылығын атар едім: адамзат баласы демократиядан асып түсетін басқару жүйесін әлі ойлап тапқан жоқ», – дейді Ұлыбританияның Премьер-Министрі болған Уинстон Черчилль. Рас, БАҚ «төртінші билік» деп әспеттелгенмен, 98-баптан тұратын ҚР Конституциясында мұндай тарау-тармақ жоқ. «Журналистика құзырлы орган емес» дегенді қайталап айта бертініміз содан. Бірақ оның қолында «қоғамдық пікір тудыру» деген пәрменді күші бар.

ТДМ АЯСЫНДА ЖУРНАЛИСТІК БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Шыңғысова Н.Т.,

ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор

Nazgul.Shyngysova@kaznu.edu.kz

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Тұрақты даму мақсатында халықаралық журналистиканы оқыту модельдері (МТІ) атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция Фараби оқулары аясында биыл жетінші рет өткізілді. Халықаралық ұйымдар мен академиялық орта өкілдерінің және қазақстандық практик мамандардың пікірлерін тоғыстырып, тәжірибе алмасуға мұрындық болған ғылыми платформаның өзегін инновациялық технологиялар мен өнімдер, мәдениетаралық дискурс және олардың планетадағы шиеленісті және тұрақсыз жағдайдағы рөлі туралы тақырыптар құрады.

ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасы Алматыдағы ЮНЕСКО-ның кластерлік бюросымен бірлесіп журналистика саласындағы оқу бағдарламаларын күшейту, Орталық Азияның жоғары оқу орындары арасында коммуникация саласындағы үздік білім беру тәжірибелерін

тарату, медиасфераның неғұрлым сұранысқа ие бағыттары бойынша ғылыми және қолданбалы жобаларды іске асыру бойынша белсенді жұмыс атқарып келеді.

Журналистика факультетінің деканы Нұржан Қуантаев ғылыми форумға қатысушыларды құттықтап, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да көпжылдық дәстүрлерді сақтай отырып, халықаралық тәжірибе арқылы жаңа медианың ең озық әдістерін әзірлейтінін атап өтті.

Алматыдағы ЮНЕСКО кластерлік бюросының коммуникациялар және ақпарат бөлімінің маманы Сергей Карпов ЮНЕСКО ұйымының медиа-жүйелердің әлеуетін арттыруға және журналистік білім беруге, демократияны, коммуникацияны және толеранттылықты қолдауға үлес қосуға бағытталған негізгі қызметімен таныстырды. БҰҰ-ның Қазақстандағы Жаһандық коммуникациялар департаментінің басшысы Властимил Самек ғылыми ортаның экология, климат өзгерісі, гендерлік саясат, көші-қон және т.б. конференцияның күн тәртібінде тұрған жаһандық мәселелерді шешуге ықпал ететінін атап өтті.

Академиялық орта өкілдері мен ғалымдар сала өкілдерімен бірлесе отырып, оқу үдерісін жаңарту мәселелерін шешуге елеулі ықпал етеді. Жаһандану, мультимедиа және медиа білімнің шекарасын кеңейту мәселелері өзгермелі медиа шындықтың өзегін құрайды. Сондықтан жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен ғалымдар мен практиктердің қатысуымен өтетін бұл конференцияда журналистік білім беруді жаңғырту модельдері талқыланады.

Бәсекеге қабілетті, кәсіби білікті журналист мамандарын даярлауда практиктер мен академиялық орта өкілдерін бір алаңға тоғыстырған конференция өз жемісін беріп келеді. 2015 жылы БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары бағдарламасы қабылданғаннан кейін ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасы алғашқы конференцияның тұсауын кесті. Тұрақты даму мақсаттарына жету көзделген 15 жыл ішінде креативті, инновациялық әлеуеті, шығармашылық белсенділігі жоғары, тұрақты дамуды және саяси-әлеуметтік, экологиялық ресурстарды тиімді пайдалана білетін мамандар даярлау мақсат етіп қойылды. 2016 жылы сол кездегі ҚР Білім және ғылым министрлігіне жіберілген конференция Қарарының нәтижесінде бакалавриатта «Халықаралық журналистика» мамандығы ашылды. Практик мамандар оқу үдерісіне тартылып, кәсіби маман даярлауға байланысты ұсыныстары білім беру бағдарламаларына енгізіліп келеді. Міне, осы мақсатты көздеп 2016 жылы ЮНЕСКО Кластерлік бюросының коммуникация және ақпарат бөлімімен бірлескен шешім нәтижесінде тұңғыш рет өткізілген конференция Журналистика және коммуникация жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасының құрылуының 20 жылдығымен тұспа-тұс келген еді. 2016-2023 жылдар ішінде конференцияға 122 халықаралық медиа өкілдері, журналистика оқытушылары және БАҚ зерттеушілері, 75 академиялық институт өкілдері (оның ішінде 43-і шетелдік) қатысты.

Кафедрада бірнеше инновациялық халықаралық және ұлттық жобалар орындалды. Соңғы жылдары Коммуникацияны дамыту халықаралық бағдарламасының және БҰҰ Әйелдер өкілдігінің, сондай-ақ АҚШ елшілігінің жобалары жүзеге асырылды. Биылғы оқу жылында кафедра журналистердің қауіпсіздігі, әйелдер мен қыздарға қарсы зорлық-зомбылық мәселелерін жариялау, дау-жанжалға сезімтал журналистика және климаттың өзгеруі тақырыптары бойынша ЮНЕСКО-ның ресурстарына негізделген төрт жаппай ашық онлайн курстарын Орта Азия елдерінің 19 университетіне арнап әзірлеп, іске қосты, сондай-ақ Орта Азия аймағында гендерлік құзыреттілікті нығайту жобасын жүзеге асырды.

Конференция жұмысына қатысқан Гаджи Байрам Вели университетінің журналистика факультетінің деканы Авшар Закирдің айтуынша, қазіргідей күрделі дәуірде әр түрлі елдердің азаматтарына ақпараттың алуан түрлілігін жеткізу үшін тек елдер арасындағы ғана емес, журналистер арасындағы өзара тиімді қарым-қатынасты сақтау аса маңызды. Бұл жерде әлеуметтік медиа мен жаңа медиа үлкен рөл атқарады. Бірақ қазіргі таңда әлеуметтік желілердегі жалған ақпараттардан қорғану үшін халықаралық стандарттар қолданылып, медиа білім беру дағдыларын игеру ұсынылады. Адам Мицкевич атындағы Польша университетінің профессоры Радослав Фидлер де бұл пікірді қолдап, жалған жаңалықтар, дереккөздер мен жалған ақпарат порталдары күн сайын артып келе жатқанын тілге тиек етті.

ҚР СІМ Алматыдағы өкілдігінің Саяси ынтымақтастық басқармасының басшысы Алмаша Аренова қазір қоғамдық пікірді журналистер де, блогерлер де қалыптастыратынын атап өтті. «Күн тәртібінде климаттың өзгеруі, планетаны болашақ ұрпақ үшін сақтап қалу сынды мәселелер тұр, қоғамның бұл туралы білмеуі әбден қынжылтады. ЮНЕСКО еліміздегі экожүйені сақтауға, әсіресе Арал теңізін қалпына келтіру жөніндегі жобаға белсенді түрде үлес қосуда, бұл туралы халықты ақпараттандыру маңызды», - деді сөзін түйіндей келе.

Қызу ғылыми пікірталасқа Венгриядағы ғылыми елші, Дебрецен университетінің докторанты Назира Әбдінасыр (Венгрия), Интернет-медиа және коммуникациялық хабар тарату

қауымдастығының президенті, «Sonnokta Haber», «Koridor» газеттерінің бас редакторы Сердар Акжол (Түркия), Түркі Дүниесі Журналистер Федерациясының президенті Мендерес Демир (Түркия), "Ала-ТОО" Халықаралық университетінің (Қырғызстан) журналистика факультетінің деканы Элира Турдалиева, Қ. Қарасаев атындағы Бішкек мемлекеттік университетінің деканы Алтын Асанова, Пенза мемлекеттік университетінің (Ресей) доценті Галина Зуева, "Медиахаб" порталының (Армения) журналисі Наре Геворкян, Түркітілдес журналистер қоры ҚК президенті (Қазақстан) Назия Жоямергенқызы және т.б. қатысты.

Әр түрлі елдерден келген конференцияға қатысушылар қоғамның тұрақты даму тұжырымдамаларын, мәдениетаралық коммуникацияның жаңа форматтарын, журналистік құралдар мен жергілікті БАҚ-тың тұрақтылықты сақтаудағы әлеуетін талқылады. Конференция ұсыныстарының ішінде журналистика бойынша халықаралық стандарттарды, оның ішінде ЮНЕСКО ұсынған стандарттарды тарату бойынша шеберлік сабақтарын жиі ұйымдастыру, үздік бағдарламаларға, жарияланымдарға, тұрақты даму проблемаларын жариялау бойынша блогтарға конкурстар өткізу, батыс және шығыс ғалымдарының ғылыми ынтымақтастығын нығайту сияқты өзекті мәселелері бар. Журналистер журналистік этиканы сақтап, қоғамға тарататын ақпаратты мұқият тексеруі, ал блогерлер осы стандарттарды ұстануы тиіс.

Конференция жұмысы тәжірибелі практик-мамандардың шеберлік сыныптарына ұласты.

AFET YÖNETİMİNDE İLETİŞİMİN ROLÜ; AFETZEDELER İLE İLETİŞİM

Prof. Dr. **Zakir AVŞAR**

Özet. Afet iletişimi çok boyutlu ele alınması gereken önemli araştırma alanlarından biridir. Doğal afetler veya kamusal tehlike arz eden durumlarda bir ülkenin iletişim sistemlerinin işlevselliği bilgi akışının devamı ve koordinasyon için hayati önem taşımaktadır. Devletin kurum ve kuruluşları, STK'lar ile koordineli bir şekilde hareket ederek kriz yönetimini sürdürmesi, kamuoyu ile sağlıklı bilgi paylaşımı, müdahalelerin zamanında ve doğru bir şekilde yapılabilmesi için sürdürülebilir iletişim ile koordineli bir çalışmayı gerekli kılmaktadır. Aynı zamanda izlenecek olan doğru ve sağlıklı bir iletişim yöntemi ile bütün toplumsal yapı içerisinde güvenin tesis edilebilmesinde büyük rol üstlenecektir. Bu bağlamda afet iletişimi afet öncesi afet anı ve afet sonrası olarak üç katmanda değerlendirilmesi gerekli görülmektedir. Bu çalışmada özellikle afet sonrası özelinde afetzedeler ile kurulacak iletişimin her yönüyle ele alınması gerekliliği üzerinde durulmuştur.

Anahtar kelimeler: Afet iletişimi. Afet yönetimi. Afetzedeler ile iletişim. Afet teknoloji ve sosyal medya.

Abstract. Disaster communication is one of the important research areas that should be handled multidimensionally. The functionality of a country's communication systems is vital for the continuation of information flow and coordination in cases of natural disasters or public danger. Institutions and organizations of the state, acting in coordination with NGOs, require a coordinated work with sustainable communication in order to maintain crisis management, to share healthy information with the public, and to make interventions in a timely and accurate manner. At the same time, it will play a major role in establishing trust in the whole social structure with a correct and healthy communication method to be followed. In this context, it is considered necessary to evaluate disaster communication in three layers as pre-disaster moment and post-disaster. In this study, it was emphasized that the communication to be established with the disaster victims should be handled in every aspect, especially after the disaster.

Keywords: Disaster communication. Disaster management. Communication with disaster victims. Disaster, technology and social media.

Giriş. Afetzedelerle iletişim, afet sonrasında mağdurlar ile kurulan iletişim sürecidir. Bu süreçte, afetzedelerin ihtiyaçlarına ve duygusal durumlarına yönelik duyarlı olacak şekilde iletişim kurmak amaçlanır. Bu süreçte duyarlılık, empati ve anlayış, güven kavramları öne çıkan kavramlardan bazılarıdır. Afetzedelerin maruz kaldıkları bu zor süreç nedeniyle duygusal ve hassas olabilecekleri düşünülerek, iletişim kurarken duygularını anlamaya ve onlara karşı saygı çerçevesinde davranmaya özen gösterilmelidir.

Afetzedelerle iletişim genellikle acil durumlarda gerçekleştirilir ve çoğu zaman uzmanların, yardım kuruluşlarının, sağlık çalışanlarının ve gönüllülerin katılımıyla sürdürülen ortak bir süreçtir. Bu iletişim sürecinde, afetzedelerin temel ihtiyaçları belirlenir ve bu ihtiyaçları karşılamak için gerekli olan yardım ve desteğin sağlanması için çaba harcanır.

Bu noktada öncelikle insanları ve kurumları dirençli kılan şeyin ne olduğunu anlamaya çalışmak gerekmektedir. Bu bağlamda İletişim; kapsayıcı, güven oluşturuvcu bir unsur olarak görülmelidir. Sürdürülecek

iletişimin afetzedelerin hayatlarını bir an önce toparlamaları ve hayata yeniden adapte olabilmelerini sağlama noktasında etkili olabileceği varsayılmaktadır. Dolaşıma giren bilgi, kitlelerde güven oluşturmuyorsa, yani bireyler bilginin kaynağına karşı güven duymuyorsa, bu yöndeki tüm girişimler sonuçsuz kalacaktır (Griffin vd.2004). Bilgi alışverişi, bilginin doğruluğu ve doğru bir şekilde aktarılması, bu sürecin en önemli etkenlerindedir. Bu nedenle bilgi dolaşımı ağı içerisinde güven, temel unsur olarak karşımıza çıkmaktadır. Şayet güvenilir kaynak olarak kodlanan kişi, kurum ve kuruluşlar tutarlı olmayan bilgiler paylaşırsa, kaynağa olan güven yitirilmiş olacaktır.

Afetzedelerle yüz yüze iletişim kurarken, yaşadıkları şeylerin bilincinde olacak şekilde hassas, anlayışlı, sakin ve sabırlı bir tutum sergilenmelidir. Basit teselli edici bir iletişim kurmaktansa dinlemeye anlamaya empati duyarak güven telkin edici davranışlarda bulunulmalıdır. Yaşadıkları şeylerin sinir sistemlerini yıprattığı göz önünde bulundurularak panik ve korku oluşturacak tutum ve davranıştan uzak durulmalıdır. İletişim esnasında sakin anlaşılır açıklayıcı bir dil kullanılarak güven tesis edilmeli ve ihtiyaçlarının giderilmesine yardımcı olunmalıdır. Ayrıca kendileri istemeden fiziksel temastan kaçınılması afetzedelerle yüz yüze iletişimde dikkat edilmesi gereken önemli hususlar arasında sayılabilir.

Toplum Tabanlı Afet Yönetimi ve İletişim

Toplum tabanlı afet yönetim sistemi toplumun afet yönetim sistemi içerisinde yer almasını benimseyen bir sistemdir. Buna göre, afet yönetiminin her evresinde toplumun bulunması gerekmektedir. Afet ile ilgili çalışmalar sadece kamu kurumları ile sınırlı kalmamalı; vatandaşlar, sivil toplum kuruluşları ve toplum afet ile ilgili çalışmalarda etkin rol almalıdır. Kişiler afetlerden zarar gördüklerinden, afet riskini yönetmekten sorumlu olduklarından; afet durumunda ilk müdahaleyi yaptıklarından ve güvenli bir toplumu yeniden kurma onların sırtında olacağından toplum tabanlı afet yönetimi gerçekleştirilmelidir. Bu sebeple, halka afet öncesinde, afet sırasında ve afet sonrasında, afetlerden kişisel korunma yolları öğretilmelidir (Selma ,2010). Bu bağlamda afet süreçlerinde iletişimin sürdürülebilir olması oldukça önem taşımaktadır. Yerinde ve etkin müdahaleler ile afetin etkisini minimize edebilmek adına koordineli, bütünlük, sürdürülebilir, bir kriz iletişimi gereklidir. Bu süreçte çok görünür olmasa da en önemli hususlardan birisi de afetzedeler ile iletişimidir.

Afet sonrası ilk 72 saat hayat kurtarma açısından en kritik saatlerdir. Afet sonrası kurtarılanların büyük çoğunluğu, ilk 24 saat içinde çevreden yetişen yakınları ve komşuları tarafından kurtarılmaktadır. Bu nedenle, afetlere hazırlığın toplum tabanlı olması, bireyden ve evden başlaması gerektiği konusunda dünya hem fikirdir. Şu an ABD’de afetlerde “altın saat” olarak bilinen ilk 72 saatin yani 3 günün, 7 güne çıkartılması bile tartışılmaktadır. ABD’de halkın kendisini 72 saat için hazırlaması fikri 1940’larda nükleer saldırıya karşı geliştirilmiştir. Şimdi deprem bekleyen Kaliforniya’da ise artık halk ilk 7 gün için kendi kendine yeterli olmaya çalışmaktadır. Bu durumu Japonya’daki son deprem ve tsunami sonrasında da görülmüştür. Bazı yerleşim birimlerine müdahale ancak 5 – 6 gün sonra yapılabildiği görülmüştür (Kadıoğlu M, 2011).

Profesyonel arama ve kurtarma vb. ekiplerin ilk 72 saatte (altın saatlerde) halka müdahale edemeyeceği göz önüne alınarak afetlere müdahale çalışmaları mutlaka toplum tabanlı olmalıdır; yani halkı afetlerin altın saatlerine hazırlamak esas olmalıdır. İçişleri Bakanlığına bağlı Afet ve Acil Durum Yönetimi Başkanlığı AFAD ilk 72 saatte yapılabilecekler konusunda toplumu hazırlamak ve eğitmek adına çeşitli projeler geliştirmektedir. Sonuç olarak tüm bu süreçlerin temelinde koordineli iletişimin etkisi oldukça büyüktür. Bu nedenle afet iletişimi ve afetzedeler ile iletişim boyutu afet sürecinde yadsınamaz bir gerçektir.

Afet İletişimi

Doğal ve insan kaynaklı afetlere müdahalede en büyük engellerden biri, iletişim sürecindeki aksaklık ve eksiklikler olduğu söylenebilir. Bir afet sırasında ve sonrasında iletişim, arama kurtarma sürecinde hayati öneme sahiptir. Kapsamlı iletişim, afet kurbanları ile ilk müdahale ekipleri, destek sistemleri ve diğer aile üyeleri arasında bağlantı kurar. Bu nedenle, güvenilir ve erişilebilir iletişim ve bilgi sistemleri de varlığın sürdürülmesi için hayati önem taşımaktadır (Dwyer, 2006; Thompson 2005). Bu noktada birçok afet araştırmacısı, afetlerde hem etkilenen hem de etkilenmeyen grupların bilgiye erişim noktasında talepte bulduklarını ifade etmişlerdir (Ferrante, 2010).

Yerel afet müdahale aşamasında ana bilgi kaynağı olarak hayatta kalan afetzedelerden, ailelerinden, arkadaşlarından ve ilgili paydaşlardan alınan bilgiler çeşitli afet müdahale ajansları olarak sayılmaktadır. Bu nedenle, bilgi talebini karşılamak için genellikle insanlar kitle iletişim araçlarından, yerel yetkililerden, ana bilgi kaynağı olarak hükümet yetkilileri veya diğer topluluk üyelerinden almaktadırlar (Johnson, 2007; Gultom, 2016). Bilgiye ulaşmak isteyenler, güvenilir afet iletişimi kurmak ve yaymak için sürekli organizasyon, güvenilirliğin izlenmesi ve ek doğrulama kaynaklarıyla mümkün olabilir. Bunun yanı sıra kitle iletişim araçları, bilgiye ulaşma da bölgedeki bireyleri kaynak olarak görmesi muhtemeldir. Afetlerde, etkili müdahale eylemleri için bilginin güvenilirliği esastır. Etkilenen insanlar, güvenilir olarak algıladıkları bilgi

kaynaklarına itimat etmektedirler. Bu noktada çok dikkatli olmaları ve kaynağı belli olmayan bilgilere göre hareket etmemeleri gerekmektedir (Fisher, 2013; Sandman, 1993; Ferrante, 2010). Bu nedenle, afet iletişimi güven inşası ve acil durumlarda hızlı aksiyon almak için gerekli bir ön koşul olarak görülmektedir.

Genellikle afetlerde, insani yardım kuruluşları (çoğu uluslararası kökenli) kritik rol oynar, yalnızca etkilenen kişilere maddi ve sosyo-psikolojik destek sağlamada değil, aynı zamanda ayrıca afet kurtarma girişimlerinde de yerel ekiplere hayati önem taşıyan özel teknik destek sağlamaktadırlar. Güven geliştirmek, hedeflenen insan gruplarıyla ilişki gerektiren uzun vadeli ve kalıcı bir süreçtir. Bununla birlikte, afetlere ani ve hazırlıksız yakalanıldığı için insani yardım grupları genellikle bir afet meydana geldikten kısa bir süre sonra, gittikleri yerdeki topluluklar hakkında bilgiye sahip olmaları mümkün olmamaktadır. Bölgenin kültürü, sosyal yapısı, dili ve dinini bilmeleri mümkün olmadığından dolayı, bu bilgi açığını kapatmak için insani yardım kuruluşları, güven sürecini inşa edebilmek için yerel destek kuruluşları ile ortak hareket etmeleri gerekmektedir (Antonovsky, 1987; Widén-Wulff et al. 2008).

Aniden meydana gelen bir felaket olayında, iletişim sistemleri büyük ölçüde felç olurken, iletişim ihtiyacı hızla karşı konulamaz hale gelir ve çoğu durumda anında yanıt verme kabiliyetini aşar. Bu gibi durumlarda, iletişim öncelikli bir şekilde ele alınmalı, ilgili kurumlara (kurtarma ve güvenlik birimleri, afetle ilgili kurumlar, diğer paydaşlar ve personel gibi) bilgi gönderilip alınmalıdır. Bu süreç, etkili eylemler için bilgilerin, çalışanlarıyla net bir şekilde paylaşılabilmesi için bu kurumlar içinde aynı yoğunlukta akmalıdır. Elbette, afet bölgelerinde daha fazla kaosu önlemek için bu karmaşık iletişim ağının koordine edilmesi gerekmektedir. Genellikle olduğu gibi, merkezi bilgi koordinasyonu veya merkezi bir bilgi sürecinin bu gibi durumlarda etkin bir şekilde işlemesi zordur. Ancak bu tür bir koordinasyon, özellikle sel veya yayılan yangınlar gibi tahliye gerektirebilecek olaylar konusunda insanları uyarma ihtiyacını gidermek için çok önemlidir. Tropik fırtınalar, kasırgalar, tayfunlar ve kasırgalar ve hatta uzak bir depremden sonra meydana gelen tsunamiler gibi yeterli uyarı süresi olan afetler için hava durumu raporları ve tavsiyeler, bölge sakinlerinin buna kimin ihtiyaç duyabileceğini, ne zaman ve nasıl hazırlanacağını bilmesini sağlar. Kimin sel riski altında olduğunu ve insanların sığınmak için nereye gitmesi gerektiği yönünde bilgilerin paylaşılmasında önem arz etmektedir (Jacoby, 2017).

Afetzedeler ile İletişim Süreci

Afet mağdurlarıyla iletişim, afet yönetiminin çok önemli bir boyutudur. Afetzedelerle iletişim, afet sonrasında afetzedelerle kurulan iletişim sürecidir. Bu süreçte, afetzedelerin ihtiyaçlarına ve duygusal durumlarına duyarlı bir şekilde iletişim kurmak amaçlanmalıdır. Afet mağdurlarının ilk müdahale ekipleri, destek sistemleri ve aile üyeleri ile bağlantı kurmasını ve paydaşlarla etkili iletişim, sağlar.

Afetzedelerle iletişim genellikle acil durumlarda gerçekleştirilir ve çoğu zaman uzmanların, yardım kuruluşlarının, sağlık çalışanlarının ve gönüllülerin katılımıyla yapılır. Bu iletişim sürecinde, afetzedelerin temel ihtiyaçları belirlenir ve bu ihtiyaçları karşılamak için gerekli olan yardım ve desteğin sağlanması için çaba harcanır. Bir diğer önemli yönü ise, duyarlılık, empati ve anlayıştır. Afetzedelerin yaşadıkları zorlu durumlar nedeniyle duygusal olarak hassas olabilecekleri unutulmamalıdır. Bu nedenle, iletişim kurarken onların duygularını anlamaya ve saygı göstermeye özen göstermek gerekmektedir. Aynı zamanda, afetzedeler ile iletişim, afet sonrasında gerekli bilgilendirmenin yapılması için de önemlidir. Afetzedelerin güvenliği ve sağlığı için gereken bilgilerin doğru bir şekilde iletilmesi, kaynakların yönlendirilmesi ve acil durumların nasıl yönetileceği konusunda bilgilendirme yapılması, afetzedelerin iyileşme sürecine yardımcı olması açısından önem taşımaktadır. Ayrıca afet mağdurlarıyla duyarlı iletişimde önemli unsurlar arasında, saygı göstermek, acı çekenlerin duygularını kabul ederek empati kurmak, duygusal ifadeleri kesintiye uğratmadan dinlemek, uzmanlığınız dışındaki soruları yanıtlamamak ve insanları uygun uzmanlara yönlendirmek yer almaktadır.

Bu durumlarda, afet müdahale programları ile afet mağdurları arasında etkili bir çift yönlü iletişimin sürdürülmesi; özellikle yardımların dağıtımı konusundaki anlaşmazlıkları azaltmak, hayal kırıklığını azaltmak, yolsuzlukla veya yardımın kötüye kullanılmasıyla mücadele etmek hususlarında önemi bilinmektedir. Bu türden bir iletişim etkinliği, şeffaf ve hesap verebilir programlamanın desteklenmesinde ve ortaya çıkan sorunların veya yardım dağıtımını iyileştirme yollarının belirlenmesinde önemli bir rol oynamaktadır.

Afet sonrası müdahaleleri çevreleyen oldukça yoğun bir ortamda uygulanan programlara, tüm paydaşları dikkate alan iyi bir halkla iletişim ve bilgilendirme stratejileri eşlik etmelidir. Afet ve iklim değişikliği etkilerinden yüksek risk taşıyan ülkelerde, sosyal koruma ve sosyal güvenlik ağı programları için afete hazırlık planlarının geliştirilmesi, afet sonrası müdahalelerin hem hızını hem de kalitesini iyileştirebilir. Pakistan deneyiminin de ortaya koyduğu gibi, iletişim stratejileri bu planların kritik bir unsurudur (World Bank. 2009).

Afetzedeler İle Yüz Yüze İletişim

Afetzedelerle iletişim kurmak her zaman kolay olmayabilir. Afetzedeler genellikle stres ve yaşadıkları zorluklar nedeniyle duygusal olarak hassas olabilmektedirler. Bu nedenle, afetzedelerle iletişim kurarken, duygusal ihtiyaçlarını anlamak ve dikkate almak önemlidir.

Afetzedelerin ihtiyaçlarının farklılık gösterdiğine de gözden kaçırmamak gereklidir. Doğal afetler genellikle barınma, gıda, su ve sağlık hizmetleri gibi temel ihtiyaçları karşılamayı gerektirir. Terör saldırıları veya toplumsal çatışmaların neden olduğu acil durumlarda ise afetzedelerin psikolojik desteğe ihtiyaçları olabilmektedir. Bu nedenle, afetzedelerle iletişim kurarken, onların ihtiyaçlarını anlamak ve uygun bir iletişim yaklaşımı kullanmak önemlidir.

Afetzedelerle iletişim kurarken, açık ve net olmak gereklidir. Afetzedelerin bilgiye ihtiyaçları olduğunu ve bu bilgi, onların sağlık ve güvenlikleri için hayati önem taşımaktadır. Bu nedenle, afetzedelerle iletişim kurarken, açık ve net bir şekilde bilgi vermek, onların güven duygusunu yeniden inşa edebilmek için önemli bir yere sahiptir.

Afetzedelerle yüz yüze iletişim kurmak için öncelikle sakin bir tonda, basit ve açık anlaşılır bir dil tercih edilmelidir. İletişime ilk geçilirken kişinin kendini tanıtmayı ve karşısındaki kişinin ismini öğrenerek başlaması önem arz etmektedir. İletişim sürecinde karşısındakini önemseydiğini hissettirmek iletişimin sürdürülebilirliği için gerekli görülmektedir.

Afetzedeler yaşadıklarını anlatmak ve kişisel detaylar vermek için zorlamalarda bulunulmaması sağlıklı bir iletişim açısından yerinde bir davranıştır. Bunun yanı sıra yaşamış oldukları şeylerin yaratmış olduğu şok etkisi sinir sistemlerinin uyarılmasına neden olmuştur. Bu neden oldukça hassas olmaları göz önünde bulundurularak hareket edilmelidir. Güneri, Her şey iyi olacağına inanmak gerektiğini ifade ederken, "En azından sen hayattasın" gibi basit cümlelerle kişiyi teselli edilmesinin faydası olmayacağını ifade etmiştir (Cumhuriyet, 2023).

"Afetzedeler, çok yoğun şeyler yaşadıkları için sinir sistemleri uyarılmış durumdadır. Bu nedenle, onların irkilmesine neden olabilecek davranışlardan kaçınılmalı; arkalarından ansızın yaklaşmak veya yüksek sesle konuşmak vb. gibi davranışlardan uzak durulmalıdır. Afetzedenin görebileceği bir mesafeden yavaş adımlarla yanına yaklaşılmalı ve kendisi istemeden fiziksel temasta bulunulmamalıdır. Bu yaklaşım, afetzedelere güven ve kontrol duygusu aşılmasını ve sakin bir ortam yaratılmasını sağlamak için önemlidir.

Bu bağlamda Dr. Öğr. Üyesi Gülin Güneri aşağıdaki gibi kategorize ederek duruma açıklık getirmiştir (Cumhuriyet, 2023):

Sakin Tonda, Basit ve Açık Konuşmak

"Afetzedeler ile iletişim kurduğunuzda sakin bir tonda, basit ve açık konuşulmalıdır.

Konuşacağınız zaman mutlaka kendinizi tanıtarak karşınızdaki kişinin ismi öğrenilmeli ve ona ismiyle ya da siz diye hitap edilmelidir.

Konuşurken karşınızdaki kişiyi önemseydiğinizi hissettirmeli ve öykülerini anlatmaya, özellikle kişisel detaylara girmeye zorlanmamalıdır. Bununla beraber sözünü kesmemeli ve cümleleri tamamlamaya çalışılmamalıdır.

"Her şey iyi olacak" veya "En azından sen hayattasın" gibi basit cümlelerle kişiyi teselli etmeye çalışılmamalıdır. "Sakin ol", "Beterin beteri var", "Buna şükret" gibi yorumlardan kaçınılmalıdır.

"Herhangi bir ihtiyacınız var mı?" diye sorulabilir. Fakat, "Size şunu getireyim, iyi gelir" gibi tekliflerde bulunulmamalı ve ısrarcı olmaktan kaçınılmalıdır.

Dinlemek

"Afetzedeler ve yakınları, kendi öykü ve duygularını aktarmak isterse dikkatinizi verin. Sadece ve sadece dinleyin. Dinlerken saygılı ve sıcak bir tavrınız olsun. Başınızı sallayarak ya da yumuşak bir yüz ifadesiyle, fazla mimik yapmadan karşınızdakine dinlediğinizi gösterin. Dinlerken yargılamadan, eleştirmeden empati kurarak dinleyin. Kişi konuşmak istemiyorsa da sessizce yanında bulunun. Sessizlik bu durumda en iyi destektir.

Bunların yanı sıra;

Yerel bağlam: Afetler, genellikle belirli bir bölgeyi etkiler. Bu nedenle, afetzedelerle iletişim kurarken, o bölgenin yerel bağlamını anlamak ve ona göre bir iletişim yaklaşımı kullanmak önemlidir. Örneğin, yerel kültüre ve dini inançlara saygı göstermek, afetzedelerle daha iyi bir iletişim kurmanıza yardımcı olabilir.

Güvenliğin sağlamak: Afetzedelerin güvenliği her zaman önceliklidir. İletişim kurulacak alanın güvenliğinin sağlanması önemlidir. Eğer afetzedelerin bulunduğu alanda güvenli değilse, gerekli önlemler alınmalıdır.

Empati kurmak: Afetzedelerle yüz yüze iletişimde empati kurmak, onların duygu ve düşüncelerini anlamaya yardımcı olur. Afetzedelerin yaşadığı zorluklar ve kayıplar hakkında anlayışlı olmak önemlidir.

Sabırlı olmak: Afetzedelerle yüz yüze iletişimde sakin ve sabırlı olmak gerekmektedir. Çünkü afetzedelerin duygu ve düşünceleri farklılık gösterebilir. Stres altında olan bu insanlar, sakin bir kişilikten güç alabilirler.

Açık ve net konuşmak: Afetzedelerle iletişimde açık ve net konuşmak önemlidir. İhtiyaçların ve taleplerin net bir şekilde ifade edilmesi, afetzedelerin daha iyi anlaşılmasına yardımcı olur. Bunun yanı sıra konuşma şekliniz, afetzedelerin durumunu daha da kötüleştirebilir ya da onlara moral motivasyon olabilir. Bu nedenle olumlu bir tutum ve pozitif bir dil kullanılması gerekli görülmektedir.

Saygı göstermek: Afetzedelerle yüz yüze iletişimde saygı göstermek önemlidir. Zor durumda olan insanların duygularını anlamak, onlara destek olmak ve sıcak bir iletişim kurmak gerekli görülmektedir.

Güncel bilgiler paylaşmak: Afetzedelere, afetle ilgili güncel bilgileri doğru ve anlaşılır bir şekilde aktarılmalıdır. Böylece, endişeleri azaltılabilir ve onların güven duyguları artırılabilir.

Bu öneriler, afetzedelerle iletişim kurarken dikkat edilmesi gereken ana noktaları özetlemektedir. Ancak her afet durumu farklıdır ve bazı durumlarda farklı yaklaşımlar gerekli olabilmektedir. Bu nedenle, afetzedelerle iletişim kurarken, her zaman olayın türü göz önüne alınarak hareket edilmelidir. Örneğin doğal afetlerin neden olduğu hasarlar, terör saldırıları veya toplumsal çatışmaların neden olduğu acil durumlar gibi farklı afetler, farklı türde ihtiyaçları da beraberinde getirmektedir. Bu nedenle, afetzedelerle iletişim kurarken, afetin türüne, boyutuna ve afetzedelerin yaşadığı stres ve travmaya göre farklı yaklaşımların kullanılması gerekebilir. Örneğin, doğal afetler sonrasında, afetzedelerin temel ihtiyaçları arasında barınma, gıda, su ve sağlık hizmetleri bulunabilir. Bu durumda, acil ihtiyaçların karşılanması ve afetzedelerin fiziksel güvenliği önceliklidir. Diğer yandan, terör saldırıları veya toplumsal çatışmalar sonrasında, afetzedelerin psikolojik desteğe ihtiyacı olabilir. Bu durumda, afetzedelerin stres ve travmayla başa çıkabilmesi için psikolojik destek sağlanması gerekli görülmektedir.

Görüldüğü üzere afetzedeler ile iletişim kurarken birçok farklı değişkenin, belirleyici etkisi vardır. Bazı durumlarda, afetzedelerle iletişim kurmak, kültürel veya dil engelleri gibi diğer faktörleri de dikkate almayı gerektirebilir. Bu nedenle, afetzedelerle iletişim kurarken, onların ihtiyaçlarına uygun bir yaklaşım sergilemek ve çeşitli durumlara uygun olarak farklı iletişim yöntemlerini kullanmak gerekli görülmektedir (Kızılay,2008)

Afetzedelerle İletişimde Teknolojinin Ve Sosyal Medyanın Kullanımı

Afet yönetimi ve iletişiminde teknoloji ve sosyal medyanın kullanımı özellikle son yıllarda önemli bir yere sahip olmaya başlamıştır. Bu süreçte olumlu etkilerinin yanı sıra olumsuz etkileri de gözardı edilmeyecek kadar fazla olduğu görülmektedir. Teknolojinin amaç dışı kullanımı ve sosyal medya üzerinde kitleleri korku ve paniğe sevk edecek dezenformatif bilgilerin paylaşımı bu durumu somutlaştırmaktadır. Her afet döneminde bu tür bilgi kirliliğinin yayılarak insanların paniğe sevk edildiği kimi zaman birer suni felakete dönüştüğü görülebilmektedir.

Afetzedelerle İletişimde Teknolojinin Kullanımı

Afetzedelerle iletişimde teknolojinin kullanımı, afet durumunda bilgi aktarımının daha hızlı ve etkili bir şekilde yapılabilmesini sağlayabilir. Ayrıca teknoloji sayesinde afetzedelere ve yardım ekiplerine daha iyi hizmet verebilirler. İşte afetzedelerle iletişimde kalmasına birkaç örnek:

Mobil Uygulamalar: Mobil uygulamalar, acil durum durumlarında insanların kolayca bilgi alışverişi yapabilmesi için kullanılabilir. Bu uygulamalar, afetzedelerin ihtiyaçlarını belirlemek için kullanılabilir. Örneğin, afet sırasında nerede güvende kalabilecekleri, hangi bölgelerin acil durum bölgesi olduğu, oralandaki yardım merkezlerinin yerleri ve diğer bilgiler gibi, afetzedelerin ihtiyaç duyabilecekleri bilgileri sağlayabilirler. Ayrıca, afetzedelere yönelik yardım kampanyaları ve bağış toplama etkinlikleri de bu uygulamalar üzerinden yapılabilir.

SMS Mesajları: SMS mesajı, insanların afet durumlarında hızlı bir şekilde bilgi alışverişi yapabilmesi için kullanılabilir. Afetzedelere yardım eden kurumlar, SMS yoluyla acil durum mesajı gönderebilirler. Ayrıca, afetzedelere ilişkin ayrıntılar malzemelerin nereden alınabileceği gibi bilgiler de SMS yoluyla paylaşılabilir.

Современная политическая международная обстановка сохраняет крайне напряженную обстановку и риск применения ядерного оружия достиг максимума со времен холодной войны. Манифестанты Саксонии протестуют «Frieden Schaffen ohne Waffen» (Создать мир без оружия). На заседании Совета Безопасности ООН заместитель Постоянного представителя Китая при ООН Гэн Шуан заявил, что Китай против размещения странами ядерного оружия за границей, и, в случае уже существующего размещения, требует вывода ядерного оружия из других стран. Китай призывает все ядерные державы следовать принципам заявления, принятого в Совместном заявлении лидеров Великобритании, Китая, России, США и Франции, в январе 2022 года и избегать любых вооруженных конфликтов между государствами, обладающими ядерным оружием. В то же время позиция Пекина включает противодействие вооруженным нападениям на атомные электростанции[2]. В средствах массовой информации и соцсетях недавно тиражировался документ «Позиция Китая по политическому урегулированию украинского кризиса», состоящего из 12 пунктов, призывающего «придерживаться концепции общей, комплексной, совместной и устойчивой безопасности, с учетом долгосрочного мира на планете способствовать формированию сбалансированной, эффективной, устойчивой архитектуры европейской безопасности»[3].

Напряженности прибавили обещания Великобритании поставлять вооруженным силам Украины бронированные снаряды с обедненным ураном, т.н. применение грязной бомбы, что усиливает вероятность применения ядерного оружия.

Сегодня, в свете реализации целей устойчивого развития актуальными разработками являются достижения и исследования ученых радиационной биологии, которые надеются разработать ядерно-взрывостойкие здания в будущем. Однако, при взрыве атомной бомбы мощностью 750 килотонн, что превышает в 37 раз бомбы, сброшенные американскими военными на японские города Хиросима и Нагасаки, взрывная волна снесет в радиусе 50 км всё живое и неживое, а ударная волна, в 18 раз превышающая вес человеческого тела, переломает все кости представителям человеческой расы Homo Sapiens. Здесь хочу напомнить о том, что «наша страна проводит многовекторную, сбалансированную, прагматичную внешнюю политику, и, Казахстан достаточно четко обозначил проказахстанскую позицию по Украине. Заключается она в необходимости уважения территориальной целостности государств на основе Устава ООН. Эта позиция понятна всем государствам – партнерам Казахстана. Мы не занимаем пророссийскую, проамериканскую, прокитайскую позиции». В основе нашей внешней политики стоят наши национальные интересы [4].

Mass Media в реализации концепции устойчивого развития общества должны сосредоточиться на социальных аспектах и в легкой и доступной форме на местном и глобальном уровнях информировать население, в особенности молодежь – активных представителей общественности, к примеру, как воздействует биоразнообразие в том или ином регионе, какая продукция употребляется и каковы устойчивые решения в потребительском процессе. Современное общество должно прекратить разрушать среду обитания, влияющую на изменение климата, чтобы спасти биоразнообразие нашей планеты.

Глубокое понимание обществом отказа от своих бытовых привычек, связанных с загрязнением окружающей среды через публикации в СМИ является профилактикой предотвращения рукотворных

экологических катастроф, антисанитарии, содержания городских сточных вод и канализации, использование нитратов и пестицидов в овощах и фруктах.

Важнейшей функцией государства является практическая реализация новых внутривластных стратегий, нацеленных на решение экологических проблем и продвижения целей устойчивого развития. Акиматам на всех уровнях нужно вести работу с населением городов и регионов и сообща решать возникающие проблемы. Государство может осуществлять функции по координации и поощрению разнообразных форм участия граждан и местного бизнеса в реализации целей государственной природоохранной политики. Государство способно активно разрабатывать новые подходы в устойчивой политике, активно взаимодействуя с бизнесом по развитию новых технологий, популяризации устойчивого развития общества.

Неправительственные организации, частные фонды и бизнес активно вовлечены во взаимодействие с обществом, продвигая природоохранные, глобально-экологические решения. Гринпис сделал немало добрых дел на планете. Нефтегазовые компании, предприятия легкой и пищевой промышленности, тяжелая промышленность продолжают загрязнять города и регионы, землю и воду. Но есть примеры цивилизованного решения экологических проблем, инвестирование в инфраструктуру экологического менеджмента, внедрение систем управления охраной окружающей среды, которые, благодаря диджитализации, сегодня успешно интегрированы в единую систему управления производством, отраслями и регионами. Такой подход обеспечивает конкурентоспособность производимой продукции, финансовую стабильность, которая, в свою очередь, является социально-экономической базой устойчивого развития предприятий, отраслей народного хозяйства.

Одной из международных компаний, которая работает на рынке Казахстана и придерживается целей устойчивого развития, является группа компаний ERG. ERG – это ведущий мировой производитель высокоуглеродистого феррохрома, крупный поставщик железной руды, алюминия и глинозёма в Евразии, а также производитель электроэнергии и железнодорожный оператор. Для снижения негативного влияния на окружающую среду компания внедряет программу по сокращению выбросов в Казахстане, стоимость которого оценивается в 350 млн. \$. Данная программа направлена на сохранение водных ресурсов, восстановление земель, управление отходами. Компания создает ценности устойчивого развития – улучшает жизнь населения регионов, в которых она представлена. Это долгосрочное социально-экономическое развитие регионов. Компания реализует проекты по модернизации жилищно-коммунальной инфраструктуры, в сфере общественного транспорта и образования, благоустраивает общественное городское пространство. Компания разработала 10-летнюю стратегию до 2025 года и продолжает инвестировать в модернизацию заводов в Казахстане.

Республика Казахстан в июле 2022 года на Политическом форуме высокого уровня в штаб-квартире ООН в Нью-Йорке успешно презентовала второй Добровольный национальный обзор в области устойчивого развития до 2030 года. Данный обзор явился совместным трудом межведомственных рабочих групп, НПО, экспертного сообщества и международных организаций. Документ стал комплексной оценкой достигнутого прогресса страны за 3-летний период, совпавший с пандемией COVID-19. Правительство Республики Казахстан, министерства и ведомства обеспечивают своевременное и качественное исполнение плана мер по реализации целей устойчивого развития на 2023 год. Мониторинг достижения ЦУР находится на постоянном контроле представителей ООН, ЮНЕСКО и Правительства РК[5].

Данный контент об устойчивом развитии был собран благодаря активной вовлеченности казахстанских средств массовой информации в глобальный ориентир на устойчивое развитие[6]. Выражаю благодарность исследователям и журналистам, освещающих реализацию целей устойчивого развития в РК.

Список литературы:

- [1] <https://doi.org/10.24833/2071-8160-2014-2-35-81-94>
Ursul A., Kalyuzhnaya D. Sustainable Development and World Politics. MGIMO Review of International Relations.
- [2] https://tengrinews.kz/world_news/kitay-vystupil-protiv-razmescheniya-stranami-yadernogo-495212/
- [3] <https://www.kt.kz/rus/world/1377929969.html>
- [4] https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/mid-pozitsii-ukraine-ne-prorossiyskaya-ne-proamerikanskaya-495329/amp/
- [5] https://www.kt.kz/rus/state/v_kazahstane_odobren_plan_mer_po_realizatsii_tseley_1377944648.html
- [6] <https://kapital.kz/economic/90687/global-nyy-oriyentir-na-ustoychivoye-razvitiye.html>

ЯЗЫК ВРАЖДЫ В ЦИФРОВЫХ МЕДИА – УГРОЗА ИНТЕГРАЦИИ КАНДАС И МИГРАНТОВ

Негизбаева М.О., к.ф.н., доцент

Дудинова Е.И., к.ф.н., доцент

КазНУ им. аль-Фараби

Миграция имеет глобальные масштабы и сопряжена со всеми семнадцатью целями устойчивого развития. Любая миграция, трудовая, экологическая, учебная, социально-политическая ожидает обеспечение защиты (безопасность, мир здравоохранение и др.), благосостояния (еда, жилье, трудоустройство, экологическая стабильность и др.), качественного образования. Все эти жизненно-важные аспекты соответствуют задачам ЦУР.

Возможности цифровых медиа колоссальные. Сегодня это не только механизм передачи информации, а целый коммуникативный виртуальный мир, площадка обмена информации, мнения, комментариев. И с этой позиции медиа должны быть аккуратны в высказываниях, особенно в заголовках, поскольку они чаще всего читаемы, и в фотографиях, как правило, фото привлекает взгляд раньше, чем заголовок и текст.

Стереотипы, предрассудки, дискриминация образуют язык ненависти. Кроме того, для привлекательности заголовка журналисты, не брезгуя, используют язык вражды. Очень чувствительны к этому мигранты и кандас.

Язык вражды в цифровых медиа стал угрозой социальной адаптации кандас и мигрантов. Мигрантофобия, ксенофобия, расизм стали актуальными терминами сегодняшней действительности.

Язык вражды создает антимиграционный нарратив, формирует неприязнь местного сообщества к мигрантам, и как следствие, влияет на их аккультурацию и интеграцию. А это, в свою очередь, создает сложные напряженные взаимоотношения между местными и прибывшими, разделяя их на «своих» и «чужих».

Например, в заголовке «Так ли опасны мигранты для Казахстана: демограф о массовом наплыве россиян» [1] слово «опасен» определяет мигрантов.

«Более 500 трудовых мигрантов задержали в Казахстане» [2] - слово «задержали» ассоциирует с преступниками.

«Кандасам из Туркменистана грозит депортация: этнические казахи хотят жить в Мангистау» [3] - кандасы представлены как «избалованные гости».

«Миграция ВИЧ-положительных из РФ: стоит ли опасаться?» [4] - здесь слово «опасность» предполагает угрозу заразиться.

«Не стоит собирать кандас, которые могут причинить нам вред» [5] - слово «вред» характеризует кандас.

«В Алматы кандасов подозревают в организации финпирамиды» [6] - слово «подозревают» создает образ преступников.

Особенно усиливают негативное отношение к мигрантам высказывания высокопоставленных лиц страны. Директор Центра этнополитических исследований Института социологии РАН, доктор социологических наук Мукомель В.И. в дискурс-анализе миграции сказал: «Настороженное отношение власти к мигрантам ярко проявилось во вскользь брошенной В.В. Путиным фразе: «Что может сказать о музыке Чайковского человек без прописки?» [7].

В интернет-изданиях сохранились мнения зарубежных действующих и экс-чиновников, не одобряющих миграцию. Так, премьер-министр Венгрии Виктор Орбан, 45-ый Президент США Дональд Трамп и 32-ой Федеральный канцлер Австрии Себастьян Курц [8-10] откровенны в негативно-оценочных высказываниях.

Экс-Премьер-министр Чехии Андрей Бабиш призывал Европу «защищать Европейский континент» и заявил, что «Чехия больше не будет принимать мигрантов из стран Средиземноморского бассейна» [11].

Известный жесткой политикой по отношению к мигрантам, ныне Министр инфраструктуры и транспорта Италии, в бытность Министра внутренних дел Маттео Сальвини заявлял, что его страна больше не станет принимать нелегальных мигрантов [12].

Глава фракции Партии свободы в парламенте Нидерландов Герт Вилдерс крайне агрессивно выступает против мусульман и мигрантов: «Миллионы голландцев просто устали от исламизации нашей родины. Хватит массовой миграции, хватит предоставлять право на убежище, хватит террора, насилия и небезопасности» [13].

Тема миграции в медиа должна рассматриваться не с точки зрения потенциальных угроз, а с позиции новых возможностей. Каждый случай, касающийся мигрантов, индивидуален.

По мнению медиаэксперта по Центральной Азии, журналиста Сикорской И.: «Парадокс заключается в том, что язык вражды является частью свободы выражения и в большинстве своем не может быть запрещен. Однако не забывайте, что свобода выражения – это вопрос внутренней этики, а конфликтно-чувствительная журналистика строится именно по этому принципу» [14].

Язык вражды выражен зачастую в заголовках и/или в содержании, характеризуя мигрантов как людей неопытных; ведущих грязный быт и непристойный образ жизни; участников преступлений, наркобизнеса; причастных к терроризму; невоспитанных, некультурных, необразованных, «диких» и т.п. Таким образом, язык ненависти в цифровых медиа представляет серьезную угрозу мирного сосуществования местного населения и мигрантов.

Роль медиа, в том числе и особенно цифровых, безусловна в сближении мигрантов к культуре страны пребывания, с одной стороны, и с другой - принятии мигрантов местным населением. Язык вражды в цифровых медиа, в комментариях к статьям интернет-изданий, в обсуждениях в социальных сетях служит показателем общественного мнения, измерением отношения общественности к мигрантам.

Язык вражды является социальной проблемой и требует глубокого анализа и научного осмысления в современных условиях цифровизации, когда каждый пользователь социальной сети может выражаться свободно, поскольку гарантирована анонимность.

Список использованных источников:

1. Кииков Ж. Так ли опасны мигранты для Казахстана: демограф о массовом наплыве россиян <https://arbat.media/vaznoe-v-kazaxstane/tak-li-opasny-migranty-dlya-kazaxstana-demograf-o-massovom-naplyve-rossiyan-9701>
2. Более 500 трудовых мигрантов задержали в Казахстане <https://kazpravda.kz/n/bolee-500-trudovyh-migrantov-zaderzhali-v-kazahstane/>
3. Малгаждарова И. Кандасам из Туркменистана грозит депортация: Этнические казахи хотят жить в Мангистау <https://newtimes.kz/obshchestvo/155087-kandasam-iz-turkmenistana-grozit-departaciya-etnicheskie-kazahi-hotyat-zhit-v-mangistau>
4. Ондирис А. Миграция ВИЧ-положительных из РФ: стоит ли опасаться? <https://tengrinews.kz/article/migratsiya-vich-polojitelnyih-iz-rf-stoit-li-opasatsya-1852/>
5. Не стоит собирать кандас, которые могут причинить нам вред <https://halyq-uni.kz/kozkaras/10526-ozimizge-ziiany-keletin-kandastardy-zhinap-aludyn-kazheti-zhok-iliias-iskanov/>
6. В Алматы кандасов подозревают в организации финпирамиды https://www.kt.kz/rus/crime/v_almaty_kandasov_podozrevayut_v_organizatsii_finpiramidy_1377940149.html
7. Мукомель В. Российские дискурсы о миграции: «нулевые годы» / Демоскоп Weekly. 2011, №479-480 <http://www.demoscope.ru/weekly/2011/0479/demoscope0479.pdf>
8. Афонский А. Восточный рывок Эти страны страдали от советского прошлого. Теперь они спасают экономику Европы <https://lenta.ru/articles/2019/09/17/east/>
9. Американским военным разрешили применять силу против мигрантов <https://rus.azattyq.org/a/29614832.html>
10. Курц предложил высаживать спасенных в море мигрантов вне Европы https://ria.ru/20180628/1523591200.html?referrer_block=index_archive_9
11. Премьер Чехии отказал Меркель в перераспределении беженцев <https://www.svoboda.org/a/29473680.html>
12. Италия отправила восвояси суда правозащитников с беженцами https://lenta.ru/news/2018/06/16/go_away/
13. Гашков И. Запретить Коран, закрыть мечети: о чем говорят перед выборами в Нидерландах <https://ria.ru/20170307/1489516977.html>
14. Инга Сикорская: что такое язык вражды и как его преодолеть в журналистике?

ЗАМАНАУИ ЦИФРЛЫҚ ОРТАДАҒЫ ЛОНГРИД ФОРМАТЫНЫҢ РӨЛІ

Әлімжанова А.Б., Орынбасарова А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Қазіргі медиа журналистикада «барынша қысқа, барынша түсінікті» қағиданы бұзып, жаңа мүмкіндіктер ашты. Идеяны қалаған көлемде және барынша сан түрлі жағынан қызықты жазуға мүмкіндіктер туды. Аңызға айналған лонгрид форматы біздерге соңғы жылдары ғана келсе, бұл ұғым Америкада 2012 жылы пайда болды. Америкалық зерттеуші Трэвис Воган мен Дэйвид Даулинг лонгрид ұғымына «медиа мәтіннің ерекше түрі» деп анықтама берді.

АҚШ-тың Тэмпл университетінің зерттеуші-ғалымы Сьюзан Джейкобсон америкадағы интернетте жарияланған 50-ге жуық лонгрид материалдарға контент-сараптама жасайды [1]. Зерттеу нәтижесінде лонгрид материалдар авторлық журналистиканы дамытып отыр деген тоқтамға келеді. Өйткені журналист материалдарда деректерді талдай отырып, өз пікірін де келтіретіндігі айтылған. Демек лонгридке арқау болатын тақырыптар терең зерттеуді, мазмұнды, салмақты, біркүндік емес көптеген деректермен жұмыс істеуді талап етеді.

Финляндиялық зерттеуші Туома Хиппо лонгридті зерттеу барысында мультимедиалық сторителлинг тұрғысында қарастырады [2].

Лонгрид – тұтас оқиғаның бірнеше логикалық бөліктерге бөлініп жеңіл оқылатын материал ретінде берілуі. «Лонгрид» нақты терминнен кең ұғымға айналды. Лонгрид (long-form journalism) аудармасында «лонг» – ұзақ, «рид» – оқу деген мағынаны білдіреді. Ұзақ мәтін көлемі 1300-1500 сөзден тұрады, немесе 7000 белгіні құрайды [3]. Ағылшын тілінде лонгридке балама ретінде диприд (deep read) – «тереңдеп оқу» деген ұғым бар [4]. Лонгрид жасаушы автор материалды өз көзімен көрген, түйгенін 5-30 минутта оқырманы оқи алатындай жазуы тиіс. Бұл формат дәстүрлі журналистикадағы зерттеу әдісіне ұқсайды. Сонымен қатар аналитикалық мақалалар мен очерк жанрының жаңарған үлгісі. Онлайн нұсқасы десек те болады. Қазіргі заманғы лонгридтің бір бөлшегі сторителлинг, яғни деректермен онлайнда жұмыс істеу мүмкіндігі мол.

Лонгрид – заманауи трендтердің бірі. Лонгридтің көмегімен ұзақ, шұбаланқы материалды: мәтін, презентация, инфографика, бейне-жазба, түрлі әуендік жиынтықтарды ықшамдап, сапалы контент ретінде ұсынуға болады.

Алғашқы кезде лонгрид тек бюджеті мықты редакциялар үшін ғана қолжетімді болды. Себебі ол айтарлықтай қомақты қаржылық және ресурстық инвестицияларды талап етеді. Алғашқы қарлы дауылға арналған жоба үшін 17 адамнан құралған топ жұмыс атқарды. Оған көп уақыт жұмсалды. Тоғыз ай бойы газет редакциясында ұзартылған жұмыс уақыты бойынша қызмет істеді. Осы деректерді ескере отырып, «мұндай жобалар АҚШ-та ғана емес, сонымен қатар өзге елдердің медиа нарығына жуық арада енеді деп айту қиын» [4].

Уақыт өте келе бұқаралық ақпарат құралдарына алгоритм жасалды. Оның көмегімен жоғарыда аталған жобаларды, яғни мультимедиалық өнімді жасау ұзақтығын тездетіп, еңбек күшін де қысқартуға болады. Лонгрид жасау барысындағы сараптама бойынша, бізде және шетелде де осы форматта жұмыс істейтін адамдардың саны біршама азайғанын көруге болады.

Сондай-ақ лонгридті кәсіби түрде жасауға көмектесетін веб-платформалар пайда болды. Мәселен, Tilda Publishing немесе Scroll Kit – кез келген, тіпті кәсіби маман емес адамдарға да мультимедиалық материал құрастыруға таптырмас көмекші. Сондықтан егер журналистер терең әрі креативті ойлап, өз ісін дұрыс меңгерген болса: 3-4 адамнан құралған топтың өзіне лонгрид құрастыру қиындық тудырмасы хақ.

Журналистік шеберлік тұрғысыдан мультимедиалық лонгрид құрастыру – ұзақ уақытты әрі қажырлы еңбекті, үздік шығармашылық ойды талап етеді. Ал іске бел шешіп кіріскен соң, уақыт пен күш-қуатты үнемдеу мақсатында белгілі алгоритмге мойын ұсыну керек. Оны төмендегідей кезеңдерге бөліп қарастыруға болады:

Жоспарлау/ Pre-Production:

- тақырыпты таңдау және оны алдын-ала зерттеу;
- материалды ұсыну үшін идеялар, тұжырымдамалар әзірлеу, жанрлық белгілер мен лонгрид форматын анықтау;
- топ құру және таңдау, жоба қатысушыларының күшті және әлсіз жақтарын бағалау;
- лонгридтің орфографиялық жазылуы;
- материалдармен жұмыс істеу үшін арнайы сценарий құру (шығармашылық сценариймен әрқашан сәйкес келе бермейді);

Продюсерлік үдеріс / Production process:

- story board дамыту – лонгридтің мазмұндық тақталары;
- техникалық ерекшеліктер блогын қалыптастыру;
- өндірістік және далалық жұмыстар;
- жиналған материалды қайта қарау;
- мазмұндық тақталарының жаңартылған нұсқасын дайындау, лонгридтік ұғым мен оның жаңарған бөлігін түзету;

- техникалық ерекшеліктердің екінші блогын дамыту;
- мазмұндық тақтадағы жеке бөліктерден лонгрид құрастыру.

Жариялау / Post Production:

- құрастырылған лонгрид бағдарламасын түрлі құрылғылар мен браузерлер арқылы тексеруден өткізу;
- материалды жариялау, тарату және оны қадағалап, алға жылжыту.

Лонгрид – басқа мәтіндік платформаларға қарағанда тиімді әрі сапалы формат. Сонымен қатар тегін лонгрид құрастыруды ұсынатын сайттар да бар. Тегін қызмет ұсынатын сайттарға тоқталмас бұрын, бірінші ежелгі лонгридтарға тоқталайық. Бірақ бастапқы уақытта олар лонгрид деп аталмаған. Олар алғашында Power Page атауымен танымал болды [2].

Power Page – ағылшын тілінен тәржімалағанда «мықты мемлекет» дегенді білдіреді. Яғни, атауында айтылғандай бұл – белгілі бір тақырыптағы барлық сарапшылардың пікірлері жинақталған, ауқымды, өзекті материал. Материалда танымал тақырыпты ешкім елемеген қырынан оқырманға лонгридті түрлендіру, жаңалау арқылы ұсынады.

Лонгрид пен Power Page-ді ұсынатын санаулылардың бірі әрі бірегейі – tellastory.ru-дің негізін қалаушы Елена Асанова. Ол бір ғана лонгридтің көмегімен – брендинг, журналистика, кәсіп, даму, алға қадам басу тақырыптарында көптеген конференциялар, жиындар мен форумдар өткізеді. Сондай-ақ оның бір беттен екінші бетке бірегей ауысатын, ауқымды жылжымалы фоны және өзі туралы негізгі мағлұматтары енгізілген – Join.BigTomorrow.ru сайты бар. Аталған сайт та лонгрид нұсқасында құрастырылған.

Е. Асанова лонгридтің құралы есептелетін «Сторителлинг» онлайн-курсының негізін қалаушы. Мысалы, оның «Кәсіпкерге арналған сторителлинг» онлайн-курсында оқырманды ойландыратын, еліктіретін мәтін құрастыруды үйретеді. Ол Power Page секілді нұсқадағы сайттардың негізі саналатын «жарнамасыз сатуды» үйретеді [5].

Автордың айтуы бойынша сторителлинг арқылы төмендегі ұтымды жайттарды істеуге болады:

- жарнамалық бюджетті үнемдеу, өйткені өзекті, қызықты оқиға онсызда сатуды қажет етпейді. Ол өзі-ақ сатылады, аудитория жинайды;
- арнайы «жарнамалық материал» жасайтын бәсекелестерге қарап бас қатырмау, себебі қазір ол өзекті емес;
- аудиториямен эмоционалды байланыс орнату және ұзақмерзімді оқырман тарту. Өйткені тұрақты тұтынушы әрқашан – брендтің қорғаушысы.

Сторителлинг:

1. Кәсіпке қатысты көзқарасты, ақыл-кеңесті бөлісетін аудитория жинау;
2. PR-ды дамыту, жылжыту әдісі. Әдістің дәстүрлі әдіс-тәсілден ерекшелігі – уақыт пен күш-қуатты үнемдей алады және жеткен жетістікті, алынған өнімді ұзақ мерзімге дейін сақтайды, өзектілігін арттырады;
3. Оқытуға, үйретуге болатын шеберлік.

Е. Асанова кәсіпке арналған лонгридтерді зерттеп, зерделейді. Лонгридтің іске қалай жасайтыны туралы Tellastroy лонгрид жобасын жасаушы компания сайтында былай анықтама беріледі: «Лонгрид – бір жобаға бір рет барынша күш салу. Одан кейінгі өте күшті әсер – ұзақ сезімді қуат сыйлайды. Ол екі нәрсеге байланысты: тарих пен вирустық потенциал. Оқырмандарды түрлі оқиғалар жиі қызықтырады, ал кәсіпке келсек, бұл жерде мүмкіндігі жоғары тұтынушылармен сөйлесуге болады. Ол тіпті екі есе әсер сыйлайды. Тәжірибені бөлісу, сөйлесу – жағымды әсер сыйлайды. Себебі ортадағы диалогқа олардың да мүмкіндіктері, қабілеттері негіз болады» [5].

Лонгридтің ұтымды әрі ыңғайлы функциясы – материал жарияланғаннан кейін барып редакциялау. Аталған қызмет арқылы барлық интернеттегі материалдарды өңдеуге, толықтыруға болады. Бірақ лонгридте әлдеқайда тиімдірек, яғни жеңілдетілген. Егер материалды жариялағаннан кейін қателіктер байқалса, сол сәтте түзеу қажет.

Мәселе тек жазылуында жіберілген әріптік қателікте емес, оның мағыналық құрылымында болуы мүмкін. Егер оқырмандардың ішіндегі сарапшылар лонгридке әлдеқайда ұтымды мағыналы пікір жазса, оны түзетпеу немесе қоспау үлкен қателік болады.

Лонгрид ұзақ мерзімді материал болғандықтан ұтымды фактілермен және маңызды ақпараттармен сақталса, көбірек оқырман жинап, Power Page болуынан өзге қауіп тудырмайды. Яғни, автор ұтылмайды. Бірақ мәтінге теріс пікір болса өзгерте берудің қажет жоқ, тек өзгертуге тұрарлық болса ғана түзеу қажет. Әйтпесе, автордың негізгі айтар ойы жеткізілмей қалуы әбден мүмкін. Егер автордың ойы айқындалмаса, лонгрид те өз мәнін жоғалтады.

Материалды оқырманға толық оқыту – көлеміне емес, оның мазмұнына, айтар ойына байланысты мәселе. Ал лонгридте оқырманға тек мәтін ғана емес, сонымен қатар материалды құрылымдық тұрғыдан зерттеп, макетті де сапалы етіп ұсыну қажет.

Мәтінмен жұмыс істеудің үш тәсілі:

– мағынасы, негізі бар жұмыс (оқырман);

– құрылымы және тақырыбымен жұмыс істеу (бағалаушы-сарапшылар);

– басу, макет бойынша жұмыс.

Оқырман бірінші тақырыпқа назар аударады, одан кейін мәтінге көз жүгіртіп шығады, одан кейін алғашқы 3-4 сөзді оқиды. Егер оқыған сол 3-4 сөзі оның назарын аудартса, ол материалды толық оқуы ықтимал.

Лонгрид ақпарат кеңістігіне мықтап еніп қойған – сторителлингтің құрылымын негізге алып, тіпті әлеуметтік желілердің өзі ықшамды мәтінге сай жасалынған. Лонгрид танымал және сұранысқа ие болғандықтан, оның жаңа түрі – коммерциялық лонгрид пайда болды. Дегенмен бәрі бірдей сапалы лонгрид құрастыра алмайды.

Лонгридтің пішіні сторителлинг деп аталады. Ал мәтіннің мазмұны тек қана оқиғаны баяндау емес, одан да маңыздырақ болуы мүмкін. Лонгридті резюме құрастыру үшін де, компания туралы негізгі ақпараты бар сайт үшін де, тіпті ғылыми жұмыс үшін де пайдалануға болады. Лонгрид өз кеңістігінде мультимедианы барынша кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді.

Мультимедиалық лонгрид – аудиторияны тарту мен жинау, сақтап қалудағы ең тиімді әдіс-тәсіл. Сонымен, айтылған ақпараттарды қорыта келе, лонгрид қандай да бір шығармашылық материалды, сапасы төмен мәтінді оқуға үгіттемейтіндігімен халық арасында мол сенімге ие болды. Ол оқырманның қызығушылығын түйсікпен тартады, яғни рухани жылулық сыйлайды. Сондықтан лонгрид жоғары мүмкіндіктерге ие. Лонгридтер – ұзақ мерзімді, олар танымалдылықтың шыңында бір немесе одан да көп жыл қызмет ете алады. Қорыта айтқанда, лонгрид онлайн түрде сапалы контент жасаудың үлгісі. Сондай-ақ, маркетинг құралы. Біріншіден, лонгрид белгілі бір шығармашылық идеялардың жемісі. Екіншіден, журналистің дизайнердің көмегімен мәтінін қызықты ұсына алатын мазмұнды жиынтық жүйесі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Jacobson S., Marino J., Gutsche R. The digital animation of literary journalism //Journalism, 01.05.2016, Vol.17(4). p. 527-546.

2. Hippala T. The Multimodality of Digital Longform Journalism // Digital Journalism. P.420-442. <https://doi.org/10.1080/21670811.2016.1169197>. 19.04.2016.

3. Булаева, М.Н. Мультимедийный лонгрид как новый журналистский формат // Журналистский ежегодник. – 2015. – № 4. 121-123 – 98 с.

4. Moreno R. Mayer R.E. Cognitive Principles of Multimedia Learning: The Role of Modality and Contiguity // Journal of Educational Psychology. Washington. DC: APA. – 1999. – Vol. 91. – № 2. – P.30-44

5. <https://tellastory.ru/>

БАҚ-тағы ЖАҒАНДАНУ: ТРЕНДЕНЦИЯЛАР МЕН БОЛАШАҒЫ

Борисбаева С.Б.,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Журналистика факультеті,
ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасы,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*

Иманова А.С.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Журналистика факультеті,
ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасы,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*

Аңдатпа. Бұл мақалада жаһандану процесінде БАҚ дамуының негізгі тенденциялары қарастырылады. Бұқаралық Ақпарат Құралдарының жаһандану процесіне ықпал етуі, БАҚ-пен бірге жаһанданудың әртүрлі мәдениеттерге әсер етуі, сондай-ақ жаһандану процесіндегі БАҚ-тың рөлі туралы талданады.

Түйін сөздер: *жаһандану, медиакеңістік, БАҚ, процесс, тенденциялар, мәдениет.*

Аннотация. В данной статье рассматриваются основные тенденции развития СМИ в процессе глобализации. Влияние средств массовой информации на процесс глобализации, а также влияние глобализации на различные культуры, также анализируется роль СМИ в процессе глобализации.

Ключевые слова: *глобализация, медиaprостранство, СМИ, процесс, тенденции, культура.*

Annotation. This article discusses the main trends in the development of mass media in the process of globalization. The influence of mass media on the process of globalization, as well as the impact of globalization on various cultures, the role of mass media in the process of globalization is also analyzed.

Keywords: *globalization, media space, mass media, process, trends, culture.*

Жаһандану әртүрлі елдердің экономикалық және саяси жүйелерін біртұтас күрделі және ұйымдасқан жүйеге біріктіру процесі ретінде сипатталады. Бірде-бір заманауи мемлекет өмірдің экономикалық, саяси және мәдени салаларында басқа елдермен интеграция қарқынын арттырмай жасай алмайды. Мемлекеттердің экономикалық дамуға ұмтылысы жаһанданудың кеңеюіне ықпал етеді. «Жаһандану» терминінің жан-жақтылығы соншалық, осы уақытқа дейін оның анықтамасына бірыңғай көзқарас болған жоқ. Сонымен бірге жаһандану оның ерекшеліктерін түсіну үшін нақты анықтамасы қажет нормативтік категория емес. Белгілі бір дәрежеде оның екіұштылығы жаһандану құбылысының көп өлшемділігін және әртүрлі елдердің саяси және экономикалық жүйелерінің өзара әрекеттесуінің үнемі өзгеріп отыратын жағдайларына қатысты ерекшеліктерін ғана атап көрсетеді. Халықаралық ұйымдар «жаһандану» терминінің анықтамасына әртүрлі көзқарастарды әзірледі. БҰҰ-ның даму саясаты жөніндегі комитеті жаһандануды шартты түрде тауарлар мен қызметтер саудасының ұлғаюы, халықаралық капиталдың ағыны, технологияның кең және жылдам таралуы нәтижесінде әлемдік экономикалардың өзара тәуелділігінің артуы деп анықтайды.

«Жаһандану қазіргі әлемнің даму динамикасын ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі және жаңа ақпараттық-коммуникациялық ағындар мен қазіргі заманғы бұқаралық ақпарат құралдарының өсіп келе жатқан рөлін анықтайтын маңызды фактор болып табылады, ақпаратқа қол жеткізудің жаңа жаһандық жүйесіне көшудің маңызды сәтін білдіреді» [1, 335-бет].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы берген жаһанданудың неғұрлым жалпы анықтамасына сәйкес, ол халықтар мен елдердің өзара байланысы мен өзара тәуелділігінің артуы болып табылады. Жаһандану екі аспектіні қамтиды деп есептеледі: тауарлар, қызметтер, қаржы, адамдар және идеялар ағынының белсенді қозғалысы үшін шекараларды ашу, сондай-ақ осындай ағындарды жеңілдету үшін ұлттық және халықаралық деңгейде саясатты өзгерту [2].

XXI ғасырда компьютерлік технологиялардың, ақпараттық және желілік технологиялардың қарқынды дамуы, ұялы телефондар мен басқа да бұқаралық коммуникация құралдарының танымалдылығы арқасында адамдар арасындағы байланыс бұрын-соңды болмаған жаһандану дәрежесіне жетті. «Twitter», «Facebook», «Instagram» әлемдегі ең үлкен әлеуметтік желілер және басқа да сайттар кез келген уақытта және кез келген елде трансшекаралық ақпарат алмасуды қарапайым және қолжетімді етіп жасады. Жаһандану оның сын-қатерлерін қабылдауға дайын адамдар үшін де, оның қазіргі қоғамға және планетаның болашағына ықпалының кеңеюіне үзілді-кесілді қарсы адамдар үшін де жаңа үрдіске айналды.

Бұл еңбегімізде «жаһандану», «медиакеңістік» және «БАҚ» ұғымдарын қарастырамыз. «Медиакеңістік» Отандық және шетелдік дереккөздерді талдау көрсеткендей, бұл ұғым әлі ғылыми айналымға енген жоқ. Әдебиеттерде медиакеңістікпен тығыз шектесетін ұғымдар жиі қолданылады: «ақпараттық кеңістік», «бірыңғай ақпараттық кеңістік», «медиа жүйесі» және «медиа құрылымы». Егер медиакеңістікті ақпараттық кеңістіктің бір бөлігі ретінде түсіндіретін болсақ, онда соңғысы «...мәліметтер базасы мен деректер банктерінің, оларға қызмет көрсету мен пайдалану технологияларының, жалпы принциптер негізінде жұмыс істейтін ақпараттық және телекоммуникациялық жүйелер мен желілердің жиынтығы және ұйымдар мен азаматтардың ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін, сондай-ақ олардың ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыратын кеңістік».

Жаһандану тақырыбын БАҚ-та талқылаудың өзекті мәселелері мыналар болып табылады: құбылыс туралы құнды пікірлер; болжамды перспективалардың факторларын нақтылау; жаһандану процесінің дамуының аксиологиялық векторларының критерийлері. Желілік коммуникацияларды пайдалану күнделікті қарым-қатынас пен шетелдік жұлдыздардың жеке өмірі мен мансабы туралы ақпаратты қадағалаудан әлдеқайда асып түседі. Жаһанданудың дамуы технологияға, экономикаға және оны елемуге болмайтын БАҚ рөліне немесе медиа индустрияның одан әрі дамуына негізделген. Америкалық ғалым Роберт Макчесни әлемдік нарықтың дамуына ықпал ететін және тұтынушылық құндылықтарды ынталандыратын жаһандық коммерциялық медиа жүйесіз экономикалық және мәдени жаһандануға қол жеткізу мүмкін емес деп санайды. Р.Макчеснидің заманауи медиакеңістікті зерттеуге арналған еңбектерінде ең жиі қолданылатын түйінді сөздер – коммерцияландыру және жаһандық медиа кездеседі. Автор мүдделерге ұмтылу мен бәсекелестік жаһандану жағдайында БАҚ-ты жаңа ақпаратты көп қажет ететін медиа нарықтарды іздеуге мәжбүр ететінін атап өтеді [3].

Технология дамып келеді. Халықаралық орта неғұрлым ашық. Медиа империялардың сыртқы экспансиясы немесе көлеңкесі бүкіл әлемде сезілуде. Белгілі бір медиа топты, мысалы, Океаниядан Еуропаға, Солтүстік Америкаға, Оңтүстік Америкаға, Азияға немесе Африкаға көшіру қиын емес. Рақымсыз меркантилизм жаһандық медиа жүйесінің басым сипатына айналуға бастады. Тұтынушының қалауын ынталандыру үшін, Бұқаралық Ақпарат Құралдары арқылы нәзік және нақты тұтынушылардың көзқарастарына жариялылықпен әсер ету қажет. Бұқаралық тұтыну мәдениетінің трансшекаралық әлемге енуі жаһандану үдерісінің бір көрінісі болып табылады. Тұтыну қоғамы жер шарындағы кеңістігін кеңейтті. Бүгінгі таңда әлемнің барлық бөліктерінде тұтынушылық элита өнімнің функционалдық мақсатына емес, оның символдық мәніне, мысалы, «Louis Vuitton», «Dior», «Versace» және басқа да халықаралық брендтерге көбірек көңіл бөледі. Қарапайым халық үшін мұндай өнімдердің бағасы қымбат болғанымен, брендтік өнімді армандайтындар миллиондаған. Көптеген нәзік жандар «LV сөмкесін» таңдайды, себебі оның сапасы мен стилі тамаша болғандықтан ғана емес, оның болуы сән трендтерін бейнелейді және сән-салтанат мәртебесін растайды. Медиа индустрия брендті жылжыту тұрғысынан таптырмас рөл атқарады, ең маңызды жарнама құралы бола отырып, талғам, сұлулық, мәртебе, сән және басқа да табыстың «нышандарын» белгілі бір компанияның өнімімен синтездейтін, тұтыну концепциясын байқалмайтындай түрлендіреді. Сонымен, «Zippo» оттығының болуы еркектік принциптің сұлулығын білдіретін ерлердің жағдайын көрсетеді. «Chanel» жарнамалық ұраны нәзік талғам мен талғампаз ханымдар стилінің тұжырымдамасын білдіреді. Медиакеңістіктің жаһандануы әртүрлі аймақтар мен елдерге (трансконтинентальдік БАҚ-тың жаңа нарықтарына) еркін таралып қана қоймай, әлем туралы дәстүрлі идеяларға терең енетін батыс мәдениетінің жаңа үлгілер жүйесін, элементтерін әкелді. Бұл ақпарат ағыны екі жақты ма? Бұл аспектіге баса мән берілмейді. Бұл ағындар арасында ешқандай жағдай болмаса да, болашақта да қандай да бір өзара және паритеттің болмайтыны және күтілмейтіні атап өтіледі. Қазіргі ақпарат ағыны негізінен АҚШ бастаған өркениетті елдерден келеді. Бүгінгі күні олардың күші - Батыс державаларының алдыңғы қатарлы технологиясы мен қуатты экономикалық қуатымен байланысты жаһандық медиа жүйесі, олардың құндылықтары мен мәдениетін бүкіл әлемге тарату үшін, дәстүрлі және шоғырландырылған медианы, Интернетті, мультимедиялық және басқа да Бұқаралық Ақпарат Құралдарын тиімді пайдаланады. Дәстүрлі қытайлық және батыстық құндылықтардың түбегейлі айырмашылықтары мен әлеуметтік нұсқаулары бар, бұл әсіресе мәдени экспансия және ақпараттық кеңістікке «кіру» кезінде сезіледі. Бірақ бұл тек үстірт себеп. Батыстың ақпараттық халықаралық ықпалына балама болу үшін объективті және әділ негізде жаңалықтар мен пікірлерді шығару мен таратудың қыр-сырын меңгеру маңызды.

Жаһанданудың БАҚ-қа әсері

Жаһандық бұқаралық ақпарат құралдары ұстанатын және әртүрлі экономикалық, технологиялық және мәдени аспектілердің перспективаларымен қоршалған әртүрлі мақсаттарды

зерттеу (мәдениет тұрғысынан), БАҚ-пен бірге жаһанданудың әртүрлі мәдениеттерге қаншалықты әсер ететінін және олардың әртүрлі тәсілдерін өзгертуін байқау үшін зерттеулер жасалды. Жалпы, Бұқаралық Ақпарат Құралдары елдің мәдениетіне маңызды және белсенді рөлге әсер ете алады. «Коммуникация әлеуметтік және мәдени бірлікке ықпал етеді, барлығына біртұтас тілдік және символдық жүйені құрады. Бұқаралық коммуникация құралдары көрермендердің, тыңдаушылардың, оқырмандардың санасына әсер ете отырып, қоғамда әлеуметтік-трансформациялық функцияны орындайды. Болашақ жаһандық ақпараттық қоғам адамы бүгін қалыптасуда. Жаңа технологиялар оны өзгертуде: ақпаратқа жылдам қол жеткізе отырып, ол өзгертін жағдайларға тезірек жауап береді» [4, 4-б.].

Бұқаралық Ақпарат Құралдарының жаһандануы елдің ұлттық мәдениетін әлсірете ме, жоқ па? Белгілі бір елдің ұлттық мәдениеті сондай-ақ қаншалықты әлеуетті және белсенді екенін анықтау қажет. Жағымды жағы – БАҚ-тың экономикалық және технологиялық жаһандануы БАҚ-тың бар күшті жақтарын жаңартып қана қоймайды, сонымен қатар жаңа медиа топтарына үлес қосып, қалпына келтіріп, дамытады.

Мысалы, Маврикий елінде, жаһандық БАҚ арқылы мәдени гомогенизацияны көруге болады. Ұлттық және арналар сияқты Маврикийдегі аймақтық медиа топтары Маврикий хабар тарату корпорациясы (МВС), мысалы, «Vhojpur Channel и Sen Creole», «қарқынды дамып келеді. Сондай-ақ барлық радиостанциялар мәдениетті сақтауға үлес қосуда. Мәдени факторларға байланысты жергілікті радиостанциялар шетелдік бәсекелестерден артықшылыққа ие және Маврикийдегі мәдени бірегейлігімізді сақтауда өте маңызды рөл атқарады. Жаһандануды нақты оқиға ретінде анықтауға болады жаңа технологиялардың көмегімен бір мезгілде пайда болады. Оған қоғамдар, мәдениеттер және дүние жүзіндегі ұйымдар арасындағы күрделі өзара байланыстардың қарқынды өсуі мен дамуы жатады. Жаһандану Бұқаралық Ақпарат Құралдары мен коммуникацияның көмегінен ешқашан пайда болуы немесе болуы мүмкін емес еді. Қоршаған ортаның өзі дүние жүзіндегі әртүрлі мәдениеттер мен елдерді біріктіретін және біріктіретін үлес қосушы ретінде әрекет етеді. Маршалл Маклюэннің пікірінше, ол жаһандануды әртүрлі елдер арасындағы өзара байланыс ретінде сипаттайды, оның мақсаты «әлемді біріктіретін электронды БАҚ пен технологияларды» атап өту, барған сайын әлемді біріктіретін» [5], демек, бұл оқиғалар белгілі бір елді осында және қазір басқалар да сынай алады, бұл әлемді интеграциялайды. Сондықтан әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдар мәдени отарлауға мәжбүр, нақты бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысты және бұл негізінен қоғамға және жеке адамдарға әсер етеді. Сонымен әртүрлі елдердің әртүрлі мәдениеттері біріктірілген комбинация, аралас болуы мүмкін және әртүрлі көрнекті медиа иллюстрациялық формалармен сипатталады, олар медиа жаһандану және мультикультурализм тәжірибесін қолдана алады.

Қорытынды. Интернеттің таралуының арқасында әлеммен байланыстырудың қосымша арнасы ретінде бұл БАҚ-ты қамтамасыз етті, дүние жүзінде қолданылатын құнды, инклюзивті байланыс арнасы болып саналады. Бұқаралық Ақпарат Құралдарының жаһандануы айтарлықтай байқалады бірнеше медиа арналар арқылы байланыс аясын кеңейтті, «Twitter», «Facebook», «Instagram» әлеуметтік желі сайттары сияқты және жетекші платформаға айналған «YouTube». Қазіргі таңда бүкіл әлемде көптеген әртүрлі мәдениеттер оларды пайдаланады. Біз жаһандану заманында технологияның көмегімен мәдени тілімізді, салт-дәстүрді және мәдениетті насихаттау және сақтауға болатынын көріп отырмыз. Жаһанданудың және БАҚ-тың арқасында адамдарға, қоғамдар мен топтарға халықаралық немесе жергілікті деңгейде қамтамасыз етуге, мәдени аспектілерде көмек көрсетуге пайдалы әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Яковец, Ю. В. «Глобализация и взаимодействие цивилизаций». Москва, 2001. -346 с.
2. «Влияние глобализации на развитие традиционных и новых медиа». <https://scienceforum.ru/2017/article/2017033263>
3. Макчесни, Р. Rich Media [М], 2004 / Р. Макчесни [Электронный ресурс]. – Режим доступа: www.doc88.com/p-909236427730.html.
4. Ситников, В. П. Техника, технология СМИ: печать, телевидение, радиовещание [Текст]. / В. П. Ситников. — М.: Эксмо, 2004. — 415 с.
5. Маклюэн Г. М. «Понимание медиа: внешние расширения человека». М. Жуковский. Канон-пресс, 2019.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИНТЕРНЕТТІҢ РӨЛІ

Жетпісбаева М. С., Қыдырмолданова І.С.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа. Интернет - шексіз үлкен көлемдегі ақпаратқа қол жеткізе алатын жаңа бұқаралық коммуникация құралы. Интернет мәтінді, суретті және дыбысты бір уақытта біріктіруге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда Интернет білім беру мен ақпараттық жүйеге айналды. Бүкіл адамзатқа тән әлемді танудың ауызша тәсілінің орнына аудиовизуалды танымы бекітіле бастады. Жаңа технологиялардың арқасында ақпараттарды тарату және қабылдаудың жаңа формасы дүниеге келді. Жаңа ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу адамның күнделікті өмірінің ерекше ырғағы мен динамикасын жеңуге көмектесті.

XXI ғасырдың білім беру және оқыту саласындағы мүмкіндіктері бұқаралық ақпарат құралдары, атап айтқанда Интернет арқылы үнемі кеңейіп келеді. Қазіргі әлемді сандық теледидар, интернет, мультимедиа, DVD, ғаламдық компьютерлік желілер сияқты ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Интернет байланыс үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Адамдар әлемнің әр түкпірінде бола отырып, Skype, Zoom қосымшалары арқылы бейнеконференциялар, чаттар мен форумдар ұйымдастырып, байланыса алады. Іздеу жүйелері, әртүрлі веб-сайттардың қол жетімділігі соншалықты, кез-келген ақпаратты пернетақтаны түрту арқылы алуға болады. Сирек кітаптар, көрме залдары, әйгілі өнер туындылары дүниежүзілік желінің арқасында сіздің қолыңызда. Заманауи технологиялар өмір бойы өзін-өзі тәрбиелеуге, білімді арттыруға, өзін-өзі бағалауды арттыруға нақты жағдайлар жасайды.

Мақалада цифрлық технологияларды дамытуды жеделдету және цифрлық Қазақстанды құру жөніндегі ұлттық стратегияны іске асыру контекстінде Қазақстанның қазіргі заманғы білім беруінде Интернет желісін пайдаланудың проблемалары мен артықшылықтары қарастырылады. Онлайн технологиялардың әлеуметтік және білім беру салаларына енудің оң және теріс әсерлері талданады.

Түйін сөздер: Қазақстандағы білім беру жүйесі, интернеттің рөлі, білім беруді жаңғырту, онлайн білім беруді ақпараттандыру.

Аннотация. Интернет-это новое средство массовой коммуникации, которое может получить доступ к бесконечно большому количеству информации. Интернет позволяет одновременно комбинировать текст, изображение и звук. Сегодня Интернет превратился в образовательную и информационную систему. Вместо устного способа познания мира, присущего всему человечеству, стало закрепляться аудиовизуальное познание. Благодаря новым технологиям родилась новая форма распространения и восприятия информации. Работа с новыми информационными технологиями помогла преодолеть уникальный ритм и динамику повседневной жизни человека.

Возможности XXI века в сфере образования и обучения постоянно расширяются средствами массовой информации, в частности через Интернет. Современный мир невозможно представить без таких информационных технологий, как цифровое телевидение, интернет, мультимедиа, DVD, глобальные компьютерные сети. Интернет открыл новые возможности для общения. Находясь в разных частях мира, люди могут организовывать видеоконференции, чаты и форумы и общаться с помощью приложений Skype, Zoom. Поисковые системы, различные веб-сайты настолько доступны, что любую информацию можно получить, нажав на клавиатуру. Редкие книги, выставочные залы, знаменитые произведения искусства в ваших руках благодаря всемирной паутине. Современные технологии создают реальные условия для самообразования на протяжении всей жизни, повышения знаний, повышения самооценки.

В статье рассматриваются проблемы и преимущества использования сети Интернет в современном образовании Казахстана в контексте ускорения развития цифровых технологий и реализации Национальной стратегии по созданию Цифрового Казахстана. Анализируются положительные и отрицательные эффекты проникновения онлайн-технологий в социальные и образовательные области.

Ключевые слова: система образования в Казахстане, роль интернета, Модернизация образования, информатизация онлайн образования.

Annotation. The Internet is a new means of mass communication that can access an infinitely large amount of information. The Internet allows you to combine text, image and sound at the same time. Today,

the Internet has become an educational and information system. Instead of the oral way of cognition of the world inherent in all mankind, audiovisual cognition began to be consolidated. Thanks to new technologies, a new form of information dissemination and perception was born. Working with new information technologies has helped to overcome the unique rhythm and dynamics of a person's daily life.

The opportunities of the XXI century in the field of education and training are constantly being expanded by the mass media, in particular through the Internet. It is impossible to imagine the modern world without such information technologies as digital television, Internet, multimedia, DVD, global computer networks. The Internet has opened up new opportunities for communication. Being in different parts of the world, people can organize video conferences, chats and forums and communicate using Skype, Zoom applications. Search engines, various websites are so accessible that any information can be obtained by pressing the keyboard. Rare books, exhibition halls, famous works of art are in your hands thanks to the World Wide Web. Modern technologies create real conditions for self-education throughout life, increasing knowledge, increasing self-esteem.

The article discusses the problems and advantages of using the Internet in modern education in Kazakhstan in the context of accelerating the development of digital technologies and the implementation of the National Strategy for the Creation of Digital Kazakhstan. The positive and negative effects of the penetration of online technologies into social and educational areas are analyzed.

Keywords: education system in Kazakhstan, the role of the Internet, Modernization of education, informatization of online education.

Қазақстанның білімі цифрлық технологияларды дамытуды жеделдету және цифрлық Қазақстанды құру жөніндегі стратегиялық міндетпен тығыз байланысты болғандықтан Интернет - білім беруді дамыту бағытында қарқынды ілгерілеуде. Білім беру процесін заманауи білім беру технологияларыңыз мобильді, ақпараттық, жан-жақты жасай алмаймыз. Сондықтан, білім беру ақпараттық технологиялардың қарыштап жетілуімен және жаппай таралуымен тығыз байланысты. Қазақстандағы MMI (Media Marketing Index) социологиялық зерттеуінің деректеріне сәйкес, соңғы 4 жылда Интернеттің енуі 5,1% - ға өскен (85,7% – 2018 ж., 90,1 % – 2021 ж.). Интернет пайдаланушыларының құрылымы түрлеріне таралуын қарастыра отырып, мобильді интернет пайдаланушыларының өсуі тұрақты үрдіс болып қала беретінін атап өтуге болады. 2021 жылға сәйкес 15 жасқа дейінгі және 15 жастан асқан, 100 мыңнан астам халқы бар Қазақстан қалаларында тұратын интернет пайдаланушылардың шамамен 60% - ы интернетке шығу үшін тек мобильді құрылғыларды пайдаланады. 2020 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 7,3% – ға, ал 2018 жылмен салыстырғанда - 30% - ға өскен.

Пайдаланушылардың көп саны оқушылар мен студенттерге тиесілі. Бұл үрдістің басты себептерінің бірі ретінде 2019 жылғы COVID-19 пандемиясын атап өтуге болады. Пандемия кезеңінде Қазақстанда интернет қолданушылар саны біршама артты. Мәселен, 2021 жылдың қаңтарында Интернетті пайдаланушылар саны 15.47 миллион адамды құраса, 2020 жылдың басынан бері 5% - ға (741 000 адам) өскен. 2021 жылдың басында Интернетті пайдалану 81,9% құрады. Осылайша, 2020 жылы мәжбүрлі өзін-өзі оқшаулау Қазақстандықтардың теледидар экрандарында өткізетін уақытын ұлғайтып, сондай-ақ интернет-ресурстарды жиі тұтынуына әсер етті, бұл жұмыс, оқу және коммуникацияның онлайн режимге өтуіне де байланысты. Сондықтан, білім беру жүйесінде де оқушылардың ақпарат құрылғыларының кеңінен пайдалануында ілгерілеу байқалады. 2021 жылға арналған bala.stat.gov.kz деректері бойынша 6-15 жас аралығындағы балалар үшін ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдаланушылар - 91,5% құрайды. Оқушылар арасындағы интернет қолданушыларының саны жыл сайын артып келеді және интернет қолданушыларының жасының төмендеу тенденциясы байқалады.

«Интернет + білім беру» формуласы бастапқы кезеңде, сондай-ақ білім беру саласындағы инновацияларды енгізу кезеңдерінде, білім берудің әсерін кеңейту және құндылығын арттыру мақсатында, білім беру саласында ақпарат тарату құралы ретінде - интернет желісін пайдалануды білдіреді. Білім беру жүйесіндегі инновациялық ілгерілеуде, мамандарды даярлаудың жаңа үлгілерін, оқытудың және нәтижелерді бағалаудың жаңа әдістерін әзірлеуге, сондай-ақ ашықтық, өзара іс-қимыл, бірлесіп пайдалану және т. б. сияқты интернет-оқытудың артықшылықтарына басты назар аударылады.

Қазіргі таңда пандемиямен күресте жеңіске жеткеннің өзінде, мектеп және жоғары оқу орындарында қашықтан оқыту жүйесі тоқтатылса да, оқушылардың интернет желісін басты білім ресурсы ретінде пайдалану үрдісі түбегейлі тоқтаған жоқ.

Factcheck.kz сайтының сауалнамасына сәйкес интернетті пайдалануы бойынша 14-15 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында интернетті пайдаланудағы ең танымал әрекеттер:

1. 80-91% - интерактивті ресурстарды пайдалану: мессенджерлер, әлеуметтік желілер, YouTube, олар жаңа нәрселерді білуге ғана емес, сонымен қатар біржақты (түсініктеме беру, жарияланымдарды, посттарды, бейнелерді және т.б. орналастыру) және екі жақты (хабар алмасу, фото, аудио, видео жіберу, қабылдау және т. б.) қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Бұл ресурстар қыздар арасында және орыс тілді ортада көбірек сұранысқа ие.

2. 57-79% - білім беру және танымдық ресурстар: үй тапсырмасын дайындау кезінде ақпарат іздеу, білім беру порталдарын пайдалану, қызығушылықтар бойынша ақпарат іздеу. Бұл ресурстар қыздар арасында және қазақ тілді ортада көбірек сұранысқа ие.

3. 29-55% - ойын-сауық ресурстары: онлайн ойындар, онлайн кинотеатрлар және интернет-дүкендер. Бұл ресурстар жігіттер арасында және орыс тілді ортада көбірек сұранысқа ие.

Хотя и создавались эти пространства с целью создания физического рабочего места за приемлемую цену и доступность нахождения по принципу “легко войти, легко выйти” (Andy C.Pratt, 2021). Наконец, важно отметить и социальную ценность креативных хабов, как места для неформального обмена знаниями и опытом, информацией и взаимной социальной поддержкой его пользователей. Таким образом важно понимать, что креативные индустрии занимают пограничное положение, деятельностью направленной на создание творчества, и на коммерческую составляющую, которая направлена на извлечение экономической выгоды.

Заключение:

Говоря о факторах, влияющих на развитие сектора, и достижении показателей, указанных в Концепции развития креативных индустрий до 2025 г., и ЦУР в целом, то важно установить прямую экономическую связь с условиями внутреннего положения экономической среды в стране. Такие факторы, как региональная принадлежность, так как в Казахстане развитие креативных индустрий происходит на региональном уровне, при этом условия их развития в различных географических регионах далеко не одинаковые. Важно отметить, что преимущество за мегаполисами: Астана, Алматы, Шымкент, Караганды, за счет достаточного количества специалистов в этой области и стремящейся урбанизации. Согласно Концепции развития креативных индустрий (2021), принципиальными различиями в удельном весе креативных индустрий в валовом региональном продукте являются уровень образования, наличие «мягкой» инфраструктуры для творческого роста, культурные различия и региональная концентрация креативных активистов.

Анализ Концепции показал, что на сегодняшний день государством не предусмотрены отдельные инструменты поддержки для субъектов предпринимательства в креативных индустриях, что обусловлено отсутствием законодательной основы для поддержки субъектов предпринимательства в креативных индустриях. В большинстве своем действующие программы поддержки субъектов предпринимательства ориентированы на приоритетные сектора экономики (агропромышленный комплекс, обрабатывающая промышленность) и не учитывают особенностей развития креативных индустрий (2021). Но вместе с тем, важно отметить, что комплекс мер по поддержке активности креативной отрасли все же имеется, так по данным АО Фонд развития предпринимательства “Даму” в период пандемии поддержал 255 отраслевых проектов (искусство, развлечения и отдых, информация и связь, профессиональная, научная и техническая деятельность) на сумму кредитного портфеля порядка 20 млрд тенге. Но все эти меры носили временный характер.

В (The Work Foundation, 2007), отмечающей растущее значение креативной и культурной экономики в Великобритании, выделены восемь основных факторов успеха, играющих немаловажную роль в развитии креативных индустрий, как определяющего важность имплементации Целей

устойчивого развития. Наиболее значимые факторы, оказавшие влияние на развитие креативной экономики, как, например, университеты, в развитии благоприятного креативного климата или образование географических центров творческой активности. Опираясь на результаты вышеназванных исследований, можно более полно и точно определить следующие факторы, влияющие на развитие креативной экономики, а именно: спрос, разнородность, уровень доходов потребителей, уровень образования и компетентности, способность создавать инфраструктуру, необходимые для полноценной реализации знаний, наличие соответствующих навыков, уровень развития общественного сектора, отношение общественных и государственных институций, интеллектуальный капитал, наличие крупных коммерческих структур, высших учебных заведений (Kloudova, 2014).

Тренды меняются ежедневно, медиа и креативные индустрии стали во многих случаях идти не взаимоисключающими понятиями, а тесно соприкасающимися, и невозможными по сути без существования друг друга. Следовательно, мы стали свидетелями трансформации медиа индустрии и ее тесного взаимодействия с телекоммуникациями, преимущественно в создании контента и его распространении, за счет креативных индустрий. В эпоху трансформаций, подобные явления несут в себе ценность и исследовательский интерес с точки зрения социально-экономических преобразований в стране.

Уже сегодня инструменты цифровых медиа проникают во все сферы массовой коммуникации, в силу удешевления технологий создания контента, его распространения. Мы можем говорить о связи креативных индустрий и новых медиа, как о новом этапе создания контента, где у каждого есть возможность создавать собственные каналы коммуникаций (медиаканалы), взаимодействовать с аудиторией при помощи создания визуальной составляющей и креативного подхода.

Литература:

1. Potts J, Cunnigham S., Four models of the creative industries. Dans Revue d'économie politique 2010/1 (Vol. 120), p. 163: <https://doi.org/10.3917/redp.201.0163>
<https://kazakhstan.britishcouncil.org/sites/default/files/creative-hubs-policy-guide-english.pdf>
2. Шурина С. Экономика впечатлений как способ реагирования на вызовы современного мира// Экономика. Налоги. Право. 2022. №2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ekonomika-vpечatleniy-kak-sposob-reagirovaniya-na-vyzovy-sovremen-nogo-mira> (дата обращения: 14.02.2023).
3. <https://www.unesco.org/en/articles/cutting-edge-creative-economy-moving-sidelines>
4. Fiona J. Drummond (2022): Culture, creativity and economy: collaborative practices, value creation and spaces of creativity, Creative Industries Journal, DOI: 10.1080/17510694.2022.2105542
5. Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 ноября 2021 года № 860
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000860>
6. <https://almaty-2050.kz/ru/document/1/>
7. https://en.unesco.org/creativity/sites/creativity/files/ifcd_2017_en_final_web.pdf
8. Cultural times: The first global map of cultural and creative industries, EY report, 2015
9. Mercedes Delgado, Michael E. Porter, Scott Stern, Clusters, convergence, and economic performance, Research Policy, Volume 43, Issue 10, 2014,
10. Charles Landry (2006) The art of city making, Australian Planner, 43:4, 47, DOI: 10.1080/07293682.2006.9982528
11. Simon, Curtis J., "Human Capital and Metropolitan Employment Growth," Journal of Urban Economics, Elsevier, vol. 43(2), pages 223-243, 1998
12. Howkins, J.: The Creative Economy: How People Make Money from Ideas. Penguin, UK (2002)
13. Jarvis, H., Pratt, A.C.: Bringing it all back home: The extensification and 'overflowing' of work. Geoforum 37(3), 331–339 (2006)
14. Protogerou, A., Kontolaimou, A., Caloghirou, Y.: Innovation in the European creative industries: a firm-level empirical approach. Ind. Innov. 24(6), 587–612 (2017)
15. Andy C. Pratt, Creative hubs: A critical evaluation, City, Culture and Society, Volume 24, 2021, 100384, ISSN 1877-9166, <https://doi.org/10.1016/j.ccs.2021.100384>.
16. Kloudova, Jitka, Ondřej Chwaszcz a Ekonomická FAKULTA. The Analysis of the creative industry linked in connection with the economic development. 2014. ISSN 2336-5604. doi:10.15240/tul/001/2014-1-003

ДАТА ЖУРНАЛИСТИКА: ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕАРНАЛАРЫ ЖАҢАЛЫҚТАР ҚЫЗМЕТІНДЕ

Анитова Ж.

«Медиа зерттеулер және журналистика» мамандығының магистранты,

Ғылыми жетекшісі: **Еркімбай А.**

Сүлеймен Демирел атындағы университеті.

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан медиакөрсеткісі, соның ішінде телеарналардағы ашық дата қолданысы жағдайы қарастырылады. Егер ашық дата журналистер үшін қолжетімді болса, жаңалықтардағы ашық дата қолданысы артып, ақпарат ауқымы кеңейеді. Бұл зерттеу жұмысы ашық дата қолданысының қолжетімсіздігін бағалап, жаңалықтардағы қолданысын саралауға бағытталады. Зерттеуде дата журналистика деген не, шетелдік және қазақ тілді жаңалықтар қызметінде ашық датаны қолдану қандай дәрежеде деген сұалдарға жауап ізделеді.

Кілт сөздер: формат, дата журналистика, аудитория, платформа, дизайн, инфографика.

Аннотация. В статье исследуется медиапространство Казахстана, в том числе использование открытых данных в телеканалах. Если открытая дата будет доступна для журналистов, использование открытой даты в новостях увеличится, а спектр информации расширится. Это исследование направлено на оценку доступности использования открытых дат и дифференциацию их использования в новостях. Так же рассматриваются вопросы что такое журналистика данных и в какой степени открытые данные используются в иностранных и казахоязычных новостных службах.

Ключевые слова: формат, дата журналистика, аудитория, платформа, дизайн, инфографика.

Abstract. The article explores the media space of Kazakhstan, including the use of open data in TV channels. If the open date is made available to journalists, the use of the open date in the news will increase and the range of information will expand. This study aims to assess the availability of the use of open dates and differentiate their use in the news. The questions of what is data journalism and the extent to which open data is used in foreign and Kazakh-language news services are also considered.

Keywords: format, date journalism, audience, platform, design, infographics.

Кіріспе

Ақпарат беруші орган әрқашан ұзын-сонар дерек ұсынады. Журналистің мақсаты – оны барынша қысқартып, көпшілікке түсінікті етіп ықшамдау. «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы Заңының 9-бабы 1-тармағының 15 тармақшасына сәйкес, Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректердің қоса берілген тізбесі. Ондағы кесте 39 жолдан тұрады. Статистикалық мәліметтер, қоғамдық кеңес, кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің тізбесі, этномәдени бірлестіктерінің саны, БАҚ лицензиялардың тізбесі сынды көптеген ақпарат ұсынылған. Кестеде жауапты мекеме атауы, ақпараттың жаңартылу және жариялану мерзімі көрсетілген [1]. Сондай-ақ 2016 жылы Қазақстан үкіметі өзінің ашық деректер порталын іске қосты. data.egov.kz порталы Қазақстанның электрондық үкіметі аясында жұмыс істейді. Бұл азаматтарды пайдалы деректермен таныстыратын алаң.

Ашық деректердің мемлекеттік порталдары 23 елде (Қазақстанды қоса алғанда), соның ішінде АҚШ, Ұлыбритания, Сингапур, Франция, Канада, Австралия, Сингапур, Дания және басқа елдерде құрылған. Жетекші орында Ұлыбритания (data.gov.uk), АҚШ (data.gov) және Сингапур (data.gov.sg). Жалпы «Ашық деректер» жобасының сәтті жүзеге асқан мысалын Еуропа елдері көрсетіп отыр. ЕО-27 экономикасындағы ашық деректерге негізделген қосымшалардың жиынтық экономикалық әсері жылына 140 миллиард еуроға бағаланады [2, 169-175 б].

Жеке (private) деректермен жұмыс істеу қашан да көп уақыт талап етеді. Мұндай ақпаратқа қолжеткізу оңай емес. Қазақстанда белгілі бір саланың бүкіл цифрлық мәліметтерін қамтитын ешқандай портал, сайт, компания жоқ. Ал АҚШ-та арнайы дата компаниялар бар. Мысалы, жылжымайтын мүлік туралы ақпарат жариялайтын DataQuick компаниясы, саяси жарнамаларға қатысты сандық ақпарат қолжетімді Kantar Media компаниясы [3, 467 б]. Егер Қазақстанда осындай салалық ашық дата жариялайтын компаниялар болса, журналистер арасындағы қолданыс аясы кеңейер еді. Әсіресе, жаңалықтар жанрында. Себебі жаңалық шапшандықты талап етеді. Күнбе-күн жедел

түрде оқиға орнына барып, тараптардың талабын тыңдап, мәтін жазатын тілшілерде, өкінішке қарай, деректерді іздеуге уақыт жетпей жатады.

Материалдар мен әдістер, нәтижелер

Сол себепті зерттеу нысаны ретінде Қазақстандық бірнеше арнаның жаңалықтар қызметі алынып, ондағы дата журналистиканың қолдану аясын сараладық. Алдымен осы әдісті қолдануға кедергі болатын факторлар тоқталсақ.

Ақпарат иеленушілер кей кездері журналистер жолдаған сауалхатқа жауап бермейді. Бұл да деректердің қолжетімсіздігіне әсер етеді. Мұндай жағдайда журналистердің ақпарат алу құқығы шектеледі. Ал АҚШ-тың кейбір ірі жаңалықтар ұйымында дата журналистерге кеңес беретін заңгерлер бар. Олар журналистер қол жеткізе алмаған ақпаратты ары қарай қазбалап, ақпарат алудағы тілшінің құқығын қорғайды [3, 468 б]. Мұндай қызметкері бар екенін білетін ақпарат иеленушілердің өзі деректерді ашық, баршаға қолжетімді етіп жариялағанды жөн көретіні айтапса да белгілі. Біздің елде әр БАҚ-тың заңгері болғанымен, олар тек даулы мәселелерді шешуге араласады. Ал ақпарат табу тек журналистің міндеті. Алайда, бұл ретте, командалық жұмыстың маңызды екенін әлемдік тәжірибе дәлелдеп отыр.

Шетелдік тәжірибеге көз жүгіртсек. BBC дата журналистиканы жан-жақты қолданатын арналардың бірі. Лондондағы BBC-дің дата журналистика командасында 20 қызметкер жұмыс істейді. Оның ішінде журналист, дизайнер және IT мамандары бар. Мамандардың сөзіне жүгінсек, онда нақты «дата журналист» жоқ. Бірақ редакциядағы әр тілші google doc. Excel. Fusion table сынды дата қолданысы үшін қажетті қарапайым бағдарламалармен жұмыс істей алады. Ал дизайнерлері Bing Maps, Google earth, Esri's Arc Map сияқты бағдарламалар қолданып, географикалық карта жасаумен айналысады [4].

BBC-дің анықтамасына сәйкес, «датада оқиға табу – дата журналистиканың дәстүрлі түсініктемесі». Сондай-ақ дата журналистика эксклюзив жасауға міндетті емес. Ол аудиторияға оқиғаны түсінікті етіп жеткізу үшін мықты дизайн мен тілшінің түсінікті баяндамасын біріктіруі шарт. Осы ретте, дизайнердің атқаратын рөлі зор екенін көруге болады. Өйткені визуализацияны датаға дұрыс пайдалана білу – оқиғаның мән-жайын анық көруге көмектеседі. Жаңалықтарды жан-жақты беріп отыру үшін BBC London Radio and TV Лондонның жедел жәрдем қауымдастығы және жергілікті полициямен бірлесіп, қаладағы жол көлік оқиғалары туралы ақпарат таратып отырады. Осылайша, полиция мен ауруханадан түскен дата жедел оқиғаға айналып, ақпарат ретінде таралады. Бұл жаңалықтардан бөлек, twitter желісінде #crash24 хэштегімен жарияланып, кең ауқымды аудиторияны камтиды. Жалпы алғанда, BBC-дің түсіндірмесіне сәйкес, дата журналистика:

- Оқырман/көрсерменге ақпаратты жеке басына қатысты етіп көруге мүмкіндік береді;
- Бұрын соңды болмаған, маңызды оқиғаны ашады;
- Аудиторияға шытырманға толы оқиғаны түсінуге көмектеседі [5, 28 б].

Ал Швейцарияда дата журналистика, керісінше, әлі даму үстінде. Тіпті журналистиер дата журналистиканың не екенін әлі дұрыс түсінбейді. Оған ғалымдардың ғылыми зерттеу негізінде жүргізген сауалнамасы дәлел бола алады. Ester Applelgren, Gunnar Nygren жүргізген сауалнамасына 192 журналист, оның ішінде 32-сі телеарна тілшілері қатысқан. Бұл мемлекетте дата журналистика қолданысында көбіне краудсоринг әдісі, яғни, редакция қызметкерлерінен бөлек тұлғалардың көмегіне жүгінеді. Негізінен, дата журналистикадағы тәжірибелі мамандар, бұл саланың қаншалықты қиын екенін айтады. Олардың пайымдауынша, кез келген тілші бұл саланы меңгеріп кете алмайды. Ал жаңалық редакцияларында, жалпы алғанда, дата журналистикаға деген көзқарас оң. Ал датаны көбіне сан мен статистикамен жұмыс істегеннен ләззат алатын журналистер қолданатын сынайлы. Ал «дата журналистика деген не?» - деген сұраққа нақты жауап болмаған. Швейцариядағы дата журналистиканың кең белең алмағанын мына жауаптардан көруге болады:

- Дата журналистика термині қабылданбаған термин. Журналистикамен салыстырғанда қандай айырмашылықтар бар? Дата мен статистика қашан да тілші жұмысының маңызды бөлігі.
- Мен сауалнамадан өттім. Бірақ дата журналистика мен журналистиканың айырмашылығын түсінбейтінімді мойындау керек. Менің барлық материалдарым ғаламтордан тапқан немесе билік өкілдерінен алған ақпарат негізінде жазылған. Дата журналистика деген осы ма? Әлде көптеген шикі датамен жұмыс істеп, оны өзіміз тазалап, қорытуымыз керек пе?

Ал жаңалықтар редакциясының тілшілері неліктен датаны көп қолданбайтындарын былай түсіндірген:

- Уақыт тапшы. Егер датабаза жасау процесі жеңілірек болғанда, біз мұны көбірек қолданар едік. Қазір датабазаға сағаттап уақыт жұмсай алмаймыз. Әйтпесе жаңалықсыз қалу қаупі бар.

- Меніңше, жаңалық редакциясындағы тілшілер датамен жұмыс істегілері-ақ келеді. Бірақ басшылар тарапынан қажетті инвестиция бөлуге қызығушылық жоқ.

Қарапайым тілшілер осылай десе, редакторлардың жауабы көңілге қонымдырақ. Өйткені, бірі дата журналистика бұрыннан тілшілердің қолданысында, себебі олар үнемі статистикамен жұмыс істейді деп жауап берген. Ал дата журналистика департаменті басшысының айтуынша, оның қызметкерлері өзге журналистерге қарағанда тәуелсіз. Себебі басқаларға жеткен ақпарат тексерістен өтеді. Ал департамент тілшілері статистиканы қолданып, шикі датаны қорытып, анализден өткізеді де өі-өзі үшін сөйлейтін қорытынды шығарады. Бұл – әлдеқайда ұтымды әдіс.

Тағы бір редактордың пікірінше, дата журналистика – күн тәртібіндегі өзекті мәселе бола алатын жаңалық жасау. Жаңалықтар редакциясындағы жұмыс көлемді ақпарат ағыны, түрлі оқиға, баспасөз аңдатпасы аясында өріледі. Ал дата журналистика деген – ешкім оқиға көрмеген жерден жаңалық таба білу шеберлігі. Өкінішке қарай уақыт тапшылығына байланысты, редакция тек ақпарат ағынымен жұмыс істеуге мәжбүр [6, 394 б].

Ал Қазақстандағы медиаға тоқталар болсақ, ашық дата қолданысы батыс журналистикасындағыдай әлі кең ауқым алмағанын көруге болады. Шетелде тек бір дата негізінде үлкен материал жасалса, бізде, жаңалықтарда керісінше, дата тек инфографика түрінде үлкен материалдың бір бөлігі ретінде ғана пайдаланылады. Көбінесе, ресми органдар ұсынған статистика қолданылады. Зерттеу жұмысы аясында 31 арна «Информбюро», КТК жаңалықтары мен Алматы телеарналарының 3 айлық жаңалықтары негізге (ақпан, наурыз, сәуір) алынды.

Үш арнаны салыстырғанда, 31 арнаның «Информбюро» жаңалықтар қызметі ашық датаны едәуір көп пайдаланатыны анықталды. Үш айда 8 рет ашық дата негізінде жаңалық берген.

03.02.22 күнгі шығарылымда Қазақстандықтардың қаржысы қайда жұмсалатыны туралы ақпарат берді. Ranking.kz сайтының дерегін пайдаланғандарының өзі тілшілердің ашық датаны қолдана алатындарын көрсетеді. Бірақ бұл толыққанды сюжет емес, тек кадрдан тыс мәтін ретінде берілді. Демек, оқиға өрбіген жоқ, халыққа құрғақ сандық ақпарат берілді.

Сурет 1, «Информбюро» жаңалықтар қызметі (03.02.22)



18.02.22 күні 2016 жылдан бері 90 мыңға жуық мемлекеттік қызметкер өз еріктерімен 3000-ға жуық сыйлықты мемлекетке қайтарған. Осылайша, соңғы 6 жылда қазынаға өткізілген сыйлықтардың жалпы соммасы 18 миллион теңге болғандығы туралы ақпарат берді. Одан бөлек, өткен жылғы сыйлыққа қатысты деректер қамтылды [7].

Сурет 2. «Информбюро» жаңалықтар қызметі (18.02.22.)



Информбюроның үш айлық жаңалықтар шығарылымын сараптау барысында, арна тілшілері ашық датаны firpm.com.kz, energypm.com.kz және ranking.kz сайттарынан алатындары анықталды. Ал құзыретті мекемелерден алатын ақпаратты көбіне инфографика түрінде береді. Бірақ бұл – ашық датаға жатпайды. Жалпы, арнада ашық дата деректері тек кадрдан тыс мәтін (ЗКТ) арқылы беріледі. Одан әрі зерттеу жүргізілмейді. Бұл жаңалықтар болғандықтан, мұндай формат болуы орынды.

КТК арнасының жаңалықтар қызметі ашық датаны коронавирус инфекциясы жайлы ақпарат бергенде тиімді қолданды. Үш айлық шығарылымында 5 рет (04.02.22, 09.02.22, 14.02.22, 22.02.22, 26.02.22) эпидемиология туралы өңірлік карта негізінде ақпарат таратты.

Сурет 3. КТК жаңалықтар қызметі (22.02.22.)



01.03.22 күнгі Елдос Есенжолдың Президент мәлімдемесіне қатысты әзірлеген сюжетінде ranking.kz сайтынан соңғы бір жылда Қазақстан мен Украина арасындағы тауар айналымы 1 миллиард доллар болғандығы туралы ақпарат алған. Бірақ оны ешқандай визуалды иллюстрациясыз, сюжет ішінде беріледі.

Сурет 4. КТК жаңалықтар қызметі (18.04.22.)



18.04.22 күнгі КТК жаңалықтарында зейнеткерлер ақшасының жартысын тамаққа жұмсайды деген ақпарат берді (Сурет 4). Алайда дереккөзді атамады. Информбюро да дәл осындай жаңалық беріп, дереккөздің firpm.com.kz сайты екенін көрсетті. КТК мен 31 арнаның берген инфографикасы бірдей [8].

Зерттеу нәтижесі КТК жаңалықтарының инфографиканы өте аз пайдаланатынын көрсетті. Оның үстіне, сандық мәліметтердің дереккөздерін атамайды. Қарапайым мысал, КВИ туралы ақпараттың өзін дереккөзсіз берді. Бірақ бұл Coronavirus 2020 сайтынан алынған ақпарат екені белгілі. Бұл арна да ашық датаға негізделген ақпараттан оқиға өрбітпейді, жаңалық табу мүмкіндігі ретінде қолданбайды.

Ал «Алматы» телеарнасының жаңалықтар қызметі ашық датаны өте аз пайдаланады. Үш айда бұл әдісті 11 рет пайдаланып, инфографика ретінде жариялайды. Бұлар да дереккөзді көрсетпейді.

Сурет 5. Алматы телеарнасының жаңалықтар қызметі (18.04.22.)



«Алматы» телеарнасы коронавирус өршіп тұрған кезде (зерттеу аралығынан тыс уақытта) тікелей эфирде арнайы айдар жарыққа шықты. Онда әлемдегі және елдегі эпидемиология туралы ақпарат, сарапшылардың пікірі берілді. Осылайша, ашық дата негізінде көрерменге тұтас, түсінікті ақпарат ұсынылды. Бұл айдар 04.10.2021-27.12.2021 аралығында эфирге берілді. Хабар хронометражы – 6 минут.

Сурет 6. Алматы телеарнасының жаңалықтар қызметі (04.10.21)



Коронавирустан басқа ақпарат бергенде де «Алматы» арнасы ашық датаны көп қолданбайды. Муниципалды телеарна болғандықтан, көбінесе қаладағы әлеуметтік мәселелер басты назарға алынады. Онда әкімдік ұсынған ресми статистика пайдаланылады. 2022 жылдың ақпан, наурыз, сәуір аралығында тек бір материалда ашық дата (11.03.22 шығарылымында) қолданылған [9].

Қорытынды. Тұжырым

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Қазақстандағы ашық дата негізінде жаңалық беру деңгейі әлі төмен деген қорытынды шығаруға болады. Өйткені жаңалықтар тек ресми ұйымдар ұсынған статистиканы беріп дағдыланған. Соның салдарынан, телеарналар берген жаңалықтар бір-бірінен айырмашылығы өте аз екенін көруге болады. Жаңалықтар қызметінде істейтін бір ғана тілшінің тек осы ашық дата журналистикасымен кәсіби біліктілігі жоғары болса, жаңалықтар сапасы артар еді. Қазіргі заманғы технологиялар мен деректер қолжетімділігінің арқасында шикі деректерге аудитория өзі-ақ қол жеткізе алады. Сондықтан журналистік функция тек ақпарат ұсыну емес, ары қарай әңгімелеу, өрбіту. Бұл – жаңалықтар қызметін ақпараттарды жариялайтын өзге дереккөздерден ерекшелейді [10].

Әдебиеттер тізімі

1. Ашық деректердің интернет – порталында орналастырылатын ашық деректердің тізбесін бекіту туралы [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019076>. (Қаралған күні 06.11.2022).
2. Дауылбай, М., & Нода, Л. П. (2019). Difficulties in the development of data journalism: Kazakhstan experience. Серия Журналистики, 51(1), 169-175.

3. Fink, K., & Anderson, C. W. (2015). Data Journalism in the United States: Beyond the “usual suspects”. *Journalism studies*, 16(4), 467-481.
4. BBC телеарнасы жаңалықтар қызметі. [Электрон. ресурc] – URL: <https://www.bbc.co.uk/news>. (Қаралған күні 08.11.2022).
5. Gray, J., Chambers, L., & Bounegru, L. (2012). The data journalism handbook: How journalists can use data to improve the news. " O'Reilly Media, Inc."p.28-31)
6. Appelgren, E., & Nygren, G. (2014). Data Journalism in Sweden: Introducing new methods and genres of journalism into “old” organizations. *Digital journalism*, 2(3), 394-405.
7. 31-арна. Информбюро жаңалықтар қызметі. [Электрон. ресурc] – URL: <https://31.kz/kz/informbuoro/>
8. КТК арнасының жаңалықтары. [Электрон. ресурc] – URL: <https://www.ktk.kz/kz/news>.
9. Алматы арнасының жаңалықтар қызметі. [Электрон. ресурc] – URL: <https://almaty.tv/kz>.
10. Knight and Cook. 2013.

СТУДЕНТТІК ЖОБАЛАРДАҒЫ СТОРИТЕЛЛИНГ ЖАНРЫ: ITU TV ЖОБАЛАРЫ

Ахмерова М.

«Журналистика» мамандығының 3-курс студенті,

Ғылыми жетекші: Калиаждарова Ш., ассистент-профессор, тележурналист Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті

Аңдатпа. Заманауи жанрлар ішінде сторителлингке сұраныс артып отыр. Бұл жанрдың ерекшелігі неде және оған аудитория ықыласы қандай деген сауалдарға ғылыми тұрғыда сараптама жасалады. Мақалада сторителлинг жанрындағы ITU TV жобалары талқыға салынады.

Түйін сөздер: журналистика, сторителлинг, жанр, мультимедиа, тренд, лонгрид.

Кіріспе. Қазір медиакеністікте сторителлинг жанрына сұраныс артып келеді. Ол ақпараттар қызметінде де, публицистикалық контентте те пайдаланылып жүр. Сторителлингті көп қолданатын медиа – телеарна.

Сторителлинг сөзі ағылшын тіліндегі «storytelling» - ағылшын «хикаялату» деген мағына береді. Заманауи тілмен айтқанда сторителлинг деп оқиға арқылы ақпаратты жеткізу білу әдісі [1].

Деректерге сүйенсек, сторителлинг әдісі пайда болмай тұрып-ақ адамзат баласы басынан өткен оқиғалармен бөлісе білген. Мамандардың пайымдауынша, мұның тәрбиелік маңызы зор. Алайда оқиғалар айту арқылы қалаған ақпаратыңды қалың көпшілікке әрі түсінікті, әрі өтімді жеткізуге болатындығына ешкім мән бермеген.

Негізінен сторителлинг әдісін жазушылар қауымы көп қолданады. Алайда мұнымен сторителлингтің мүмкіндігін шектеуге болмайды. Себебі оқиғалар арқылы аудиторияның қызығушылығын оятып, рухын көтеріп, жылатып, күлдіріп, ең бастысы ақпаратты миларына құю жеңілірек. Кез келген адам көп білетін емес, көпті көргеннің таң қалдырарлық оқиғасын тыңдағысы келеді.

Мамандар сторителлингтің әсерлілігін бірнеше талап негізінде көрсетеді:

- Тыңдарманның, көрерменнің, оқырманның түпсанасына жеке ойлау жүйесіне әсер етеді;
- Ақпарат пен ойды барынша «шайнап» береді;
- Балаларды, жасөспірімдерді, студенттерді және ересектерді оқытуға, белгілі бір дүниеге баулуға болады;
- Кәсіби тұрғыда дайындауға және дайындықтан қайта өткізе мүмкіндік бар;
- Ұжымдағы, белгілі бір ортадағы адамдар арасындағы өкпе-реніш, қызғаныш, қысқасы бар дау-дамайды азайта алады;
- Адамдар арасындағы қарым-қатынасты жұмсартады, бір-біріне жақындатады;

- Мақсатқа қарай қол созып, нақты бір әрекетке көшуге шабыт сыйлайды [1].

Осы айтылғандарға көз жеткізу үшін отандық арналардағы сторителлинг жобаларына талдау жасап көрелік. Бірне жыл қатарынан көрермен ықыласына ие болған жобалардың бірі – “Моя история” (7 арна).

Материалдар мен әдістер, тұжырымдар

Бірде көпшілікке уәде берген тележүргізуші Майя Бекбаева қысқа мерзімде қазақ тілін меңгеріп, “Моя история” бағдарламасының аудиториясын кеңейтті. Бағдарламада әр салада ерекше жетістікке жеткен жандардың оқиғалары баяндалып, өмірлерінің аудиторияға беймәлім тұстары паш етіледі. Жоба жүргізушісі М.Бекбаевамен қазақстандық және ресейлік танымал жұлдыздар онымен күрделі тақырыптарда сөз қозғауға үнемі дайын. Кейде әр кейіпкерлері камера алдында көз жасын жасырмай, өмірдегі маңызды оқиғаларымен бөліседі. Мысалы, Аружан Саин балалық шақтан оның өмір жолы алдын-ала белгіленгенін көрсететін керемет оқиғамен бөліссе, Венера Нығматуллина басынан өткерген үлкен махаббаты туралы, ал Қазақстанның Халық әртісі Роза Рымбаева конькимен сырғанау шеберлігін көрсетіп, жанкүйерлері үшін қандай жаңа шығармашылық “бомба” дайындап жатқанын айтады.

Тележүргізушінің өзі бағдарлама қонақтарымен сөйлескенде журналистер жиі жіберетін қателіктерден аулақ болуға тырысатынын мойындайды. “Керісінше, бізге жұмбақ болып жүрген адамдардың жақсы қасиеттерін көрсетуге, оны тіпті жаңа қырымен ашуға тырысамын. Сонымен қатар, сұхбат беруші арасында қатып қалға қағида жоқ, еркін түрде өтеді. Біз өз кейіпкерлеріміздің өмірлік жолын, сүйікті ісің және үйде, отбасы шеңберінің айналасында көрсетеміз. Менің бағдарламамның кейіпкерлері еліміздің танымал және талантты адамдары: спортшылар, музыканттар, режиссерлер, әртістер, саясаткерлер. Өз ісінің нағыз мамандары, оларды көріп, басынан өткен түрлі қиындықтарды естігенде таңырқап, олардың өмірлік ұстанымын көбі үлгі еткісі келеді. Кейіпкерлердің әрқайсысы өзінің өмірлік жолының қалыптасу кезеңімен, түрлі жеңістер мен жеңілістер туралы әңгімелейді», - дейді Мая Бекбаева [2].

Сторителлингтің тағы бір үлгісі - НТВ арнасындағы Оксана Пушкинаның «Женский взгляд» бағдарламасы. Онда атақты адамдар өздері туралы және шығармашылық жоспарлары туралы әңгіме қозғайды.

Бағдарламаның кейіпкерлері өздерінің өмір жолдары мен шығармашылығы, отбасы және болашақ жоспарлары туралы айтады. Олардан басқа, жүргізуші олардың отбасы мүшелерінен сұхбат алып, кейіпкер туралы ойларын береді. Сұхбаттың көрсетілімі жеке тұлғалардың өмірбаяндарының жетекшілерінің қысқаша әңгімелерімен сүйемелденді. “Женский взгляд” мерекелік шығарылымдары.

Бағдарламаның барлық кейіпкерлері көрермендердің алдына тек атақ дәрежесін көрсету мақсатында емес, сонымен қатар өздерінің құмарлықтары, қиындықтары мен қуаныштары бар қарапайым тұстарымен танылады.

Әнші Анжелика Агурбаш пен оның экс-жолдасы – кәсіпкер Николай Агурбаштың махаббат хикаясы жайлы өткен сұхбат [3].

Сторителлинг жанрын студенттік телевизия да ұтымды қолданады. Жанрды терең меңгерту мақсатында «Веб журналистика: сторителлинг, лонгрид» пәні жүргізіледі. Осы сабақ барысында жанрдың қыр-сырын терең меңгеріп, тәжірибелік сабақ кезінде талдай туынды өмірге келді. Сонымен бірге жоғарыда атап өтілген жобаларды кәсіби тұрғыда саралап, Отандық мамандар туындыларын да қарап, ұтымды тұстарын өз жобамызда пайдаландық. Ал ІТ журналистика мамандығының 4-курс студенттерінің осы жанрдағы жобасы ютуб платформасына ерекше қаралым жинаған.

“Сегіз қырлы, бір сырлы” сторителлинг жанрында түсірілген дипломдық жоба. ХАТУ - дың белгілі оқытушыларының біз білмейтін әртүрлі қырынан студенттерге таныстыруды мақсат еткен. Жүргізуші басты кейіпкерге түрлі өмірінен қызықты сұрақтар қояды. Студенттер арасында болған қызықты оқиғанызбен бөліссеңіз? Бұл мамандықты таңдауға не себеп болды? Жұмыс пен отбасыңызды бірге алып жүру оңай ма? - сынды сұрақтарды қойып, кейіпкерді жан-жақты қырынан ашуға тырысқан.

Жобаның 4 нұсқасы жарық көрген. Онда оқу ордасындағы әр кафедрадан бір оқытушы таңдалып алынған.

Бұл жобада тек жүргізушінің жұмысы ғана емес, оператордың атқарған жұмысы да бірден көрініп тұр. Түрлі ракурста алынған кадрлар, динамика, монтаж жұмыстары да өте жоғары деңгейде. Тіпті жобаның көрсетілім санынан ақ байқауымызға да болады. (5 ай ішінде 1986 қаралым жинаған) [4].

Жобаның тағы бір шығарылымы журналистика мамандығының профессоры Аязби Бейсенқұловқа арналған. Студенттердің пікіріне сүйенсек, Аязби Ақбергенұлы көп адамға жұмбақ жан. Осы сұхбатты көру арқылы біраз ақпарат алып, өмірінің қызықты сәттері, еңбек жолымен таныс

болды. Оқытушының “Жас алаш” газетінде меншікті тілші, Қазақ радиосында бас редактор және телеарнаны басқарғандығы туралы ақпарат беріледі. Бұл жастар үшін тың мәлімет болды.

Кейіпкерге балалық шақ жайлы сұрақ қою арқылы, бір сәтке жастық шағына көз жүгіртіп, бір көңілін марқайтып қойды. Өмірін өзгерткен қызықты бір сәтін былай жеткізеді. “70 жылдары бір керемет оқиға болды. 7-сынып оқып жүрген кезім. Жаздыгүні ауылда қырманда жұмыс істеп, содан қырманда қалай жұмыс істеп, қалай жетістікке жеткенімізді ол кезде “Қазақстан пионері” газетіне мақала жазып жіберіп едім ол әдемі етіп, жарқ етіп шыға келді. Содан мен мектеп оқушысы журналист ретінде таныла бастадым. Бұрын космонавт боламын деп армандап жүргенмін, сонымен газетке шыққан бір мақалам менің өмірімді түбегейлі өзгертіп жіберді” [5].


Сторителлинг арқылы ақпаратты жеткізетін кәсіби мамандарға деген сұраныс артып келеді. Олардың арнайы қауымдастықтары да бар. АҚШ-та мұны заманауи мамандық түрі деңгейінде қарастырады.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, күрделі тақырыптарға жазылған мақалаларда әдетте термин, сан, құрғақ факті көп болады. Мұндай көлемді материалды оқырман соңына дейін оқуы екіталай. Сондықтан журналистер сторителлинг жанрын арқылы күрделі мәселелерді жеңіл жеткізуге тырысады. Жанрды ерекшелейтін басты талаптар:

- Кейіпкердің басынан өткен ерекше оқиғаға акцент беру
- Деректер көп қамтылады
- Архивпен, дереккөздермен айырықша жұмыс істеу
- Міндетті түрде жоспар құрылады
- Материалдың басы мен аяғына ерекше назар аудару
- Ақпараттық стильді жоғалтпау

Бұл жанрдағы материалдардың дені лонгрид форматында жарияланады. Ол үшін мамандар төмендегі сайттарды қолданады. Ақпаратты жинап, жоспар құрылғаннан кейін осы платформаларға салып, әрленеді.

Кесте 1. Лонгрид үшін қолданылатын платформалар



Қорытынды

Сторителлинг – массмедиалық жоба.

- Адам психикасы фактілер мен сандарға емес, белгілі бір адамның басынан өткен оқиғасына тез назар аударуға бағытталған;
- Оқиғаның кейіпкері арқылы біз де сол ортаға енеміз;
- Оның әрекеттері аудиторияны эмоцияға бөлейді, шабыттандырады, батылдық береді, бір нәрсені үйретеді;
- Сенімді байланыс қалыптасады;
- Адамның назарын аударудың тиімді құралы.

Мамандар сөзіне жүгінсек, сторителлинг - эмоционалды реакция тудыратын мультимедиалық элементтердің үйлесімі [6]. Сол себепті мұндай контентте бейне, фото, аудио, графика секілді элементтерге болу міндетті. Сонымен қоса, жоба кейіпкері де ерекше болуы керек. Өйткені кейіпкер авторға ғана емес, аудитория үшін де қызықты жан болғаны абзал.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сторителлинг – оқиға арқылы ақпаратты жеткізу әдісі. <http://balbal.kz/bilip-jur/storitelling-o-i-a-ar-yilyi-a-parattyi-zhetkizu-disi/>. Қаралған күні: 24.11.2022.
- 2 Майя Бекбаеваның “Моя история” құпиялары. Эфир:15.02.2018.
- 3 Женский взгляд с Оксаной Пушкиной. Эфир: 23.11.2012.
- 4 ITU TV. <https://youtu.be/HRoJ47fQq8k>
- 5 ITU TV. <https://youtu.be/tihAuB--5i0>
- 6 10 правил сторителлинга. URL: <https://special.theoryandpractice.ru/storytelling>. Қаралған күні: 25.11.2022.

КИНОБРЕНДЫ: СИМВОЛИЧЕСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ОТНОШЕНИИ ЧЕЛОВЕК-ЖИВОТНОЕ

Бегимов Р.М.

*студент 3 курса, кафедра ЮНЕСКО по коммуникации и журналистике,
Научный руководитель: к.ф.н., доц. Негизбаева М.О.
КазНУ им.аль-Фараби.*

Чарльз Дарвин утверждал, что разница между психическими функциями человека и высших животных является количественной, а не качественной. Иными словами, мы отличаемся от животных не особенными функциями, а тем, что этих функций у нас намного больше [1]. На протяжении всей истории человечества, животные также играли важнейшую мифическую роль. Сакрализация тотемных животных происходила с первобытного времени и сохранилась до наших дней. Особенно это ярко выражено в тенгрианстве, религии древних тюрков и монголов. Согласно которой, центральный системообразующий образ - это божество - Тенгри. Тюрки верили, что они произошли от волков [2].

Человек на протяжении истории был тесно связан с животными, но с течением времени изменилась форма взаимоотношений человек-животное. В процессе эволюции менялось отношение человека к животным и благодаря этому можно отследить дух эпохи и влияние животных на культуру. Животные становились предметом сакрализации, зооморфные образы также использовались в образовательных целях (поучительных). Усиливалась сильная доминантность одной стороны над другой, так в городских условиях первичная функция у животных носят характер психологической поддержки, домашние животные становятся верными компаньонами в жизни людей.

Вторая тенденция наблюдается в усилении этических аспектов отношений между человеком и животным. Люди, понимая свое превосходство, начинают сострадать и нести ответственность за братьев своих меньших. Проблемы таких акций наблюдаются еще в эпохи античности, средневековья и возрождения. Но наиболее глобализированная форма защиты животных возникает в конце XIX - начала XX в.в. Появляются понятия биоэтики, а также концепция «Прав животных».

В-третьих, явственно проявляются и усиливаются со временем две взаимосвязанные тенденции – поиск человеческого начала в животном и поиск животного начала в человеке. Уподобляя животных самим себе, люди зачастую отказываются от восприятия их такими, какими они созданы природой. Ведь животные все же «другие», но человек перестает ощущать эту инаковость. Что может приводить к трагическим последствиям, в первую очередь, для самого человека [3].

В казахстанском кинематографе часто главные герои встречаются с животными лицом к лицу. Это некое поле, где грани между человеком и животным смываются, они становятся идентичны и способны переживать и вести себя аналогично друг к другу. Рассмотрим данную гипотезу на примере нескольких культовых кинокартин.

«Тюльпан» (реж. С. Дворцовой, 2008). Фильм показывает быт современных кочевников. У семьи, живущей в степи и занимающейся скотоводством случается страшная трагедия, скот перестал нести потомство. Точнее ягнята рождаются мертвыми. Чабан яростно пытается спасти новорожденных ягнят, загоняю им воздух в легкие, но все тщетно. Линию со спасением потомства можно трактовать как: 1) яростные попытки спасти скот с целью сохранения работы и повышения лояльности со стороны властей; 2) искреннее сопереживание животным, ведь они не просто их источник дохода, но и живая, неотъемлемая часть семьи. В сцене, где главный герой спасает в одиночку новорожденного ягненка, он испытывает неподдельное счастье. Проявление заботы и любви к животным говорит о действительной привязанности человека к ним. Сцена, где мать-верблюдица бежит по степи за мотоциклом, в котором находится ее больной верблюжонок. Материнская любовь одинаково сильна как у человека, так и у животных.

«Шал» (реж. Е. Турсунов, 2012). Действие происходит в отдаленном ауле, в горах. Однажды приезжают охотники, настроенные повеселиться, убивая волков. Шал предупреждает, что сейчас время рождения волчат и не время охоты. Но эти люди - волки в человеческом облике. Волчица мстит людям за смерть своих волчат. Она охотится и на Шала, уничтожая большую часть его овец. Шал самоотверженно защищается и убивает в кровавой схватке нескольких волков. И в последней встрече один на один с Волчицей Шал, собрав все свои последние силы, словно матерый волк рычит с оскалом. На экране крупным планом предстает лицо Шала. Его налитые кровью глаза напоминают озлобленного Волка перед решающим поединком. Камера поочередно показывает крупным планом глаза Шала и Волчицы. Волчица разворачивается и отступает, понимая, что перед ней стоит подлинный Матерый Человек-Волк, который также как и она, отчаянно защищает своих овец и особенно новорожденного ягненка. Волчица признает право Человека на защиту себя, своей семьи, своего имущества. Наконец нарушенный баланс в природе между миром Волков и миром Людей приходит в равновесие, покой, гармонию. Этот поединок Человек - Животное заканчивается перемирием [4].

«Келін» (реж. Е. Турсунов, 2009). Фильм по мотивам тюркской легенды о Волчице, которая вскормила и вырастила ребенка, брошенного умирать. С первой минуты на протяжении всего фильма в кадре Волчица. Она кружит вокруг дома семьи Келин. В финале родившегося ребенка кормят не грудным молоком матери-невестки (Келин), а молоком Волчицы. Таким образом, Волчица в фильме выступает в образе фольклорно-мифологического героя – молочной праматери тюрков. Фильм местами повествует о том, что человек ведет себя как животные, изъясняется жестами и мимикой, изучает мир и сливаются с ним [5].

«Лютый» (реж. Т. Океев, 1973). Философия фильма о нежной дружбе волка и человека, но природные инстинкты невозможно скрыть. Уцелевший волчонок после человеческой расправы, благодаря заступничеству мальчика Курмаша, живет в домашних условиях. Но не суждено друзьям жить в мире.

«Охотник» (реж. С. Апрымов, 2004). По сюжету фильма неизбежна схватка Мальчика с Волком. Поединок должен превратить Мальчика в Мужчину, Охотника, защитника своей территории. Мальчик, узнав, что его Учитель-Охотник умер в рукопашной схватке с Волком, намерен сразиться с Волком. Мальчиком движет желание не столько отомстить за смерть Учителя, сколько желание навести порядок, доказать Волку, кому принадлежит эта территория. Молодой Охотник выйдет на поединок без ружья, только с ножом, проявляя тем самым к Волку уважение как главному и достойному сопернику Человека и преклонение перед Волком как тотемом тюркского народа [5].

Таким образом, можно утверждать установившуюся связь между животным и человеком в кинематографе. Образы животных и человека используются в самых разных метафорах, двусмысленность множится. Экран показывает животную кондицию человека и наделенное человеческими качествами животное. Следует признать отношения Человек-Животное этически сложными и требующими философского осмысления.

Список использованных источников:

1. Соколова Е.Е., Федорович Е.Ю. «Говорить – еще не значит быть человеком»: критический анализ современных исследований «языка» животных в свете идей Л.С. Выготского // Национальный психологический журнал. – 2016. – № 3(22). – С. 8-19.
2. Бичеев Г.А., Кукеев Г.А. О религиозных представлениях тюрков и монголов // Вестник Калмыцкого института гуманитарных исследований РАН. - 2011. - №2. - С. 75-77
3. Баженова Е.В. Мы с тобой одной крови?! Человек и животное в условиях современной культуры // Цивилизационные перемены в России: сб. мат. науч.-практ. конф. / УГЛТУ. – Екатеринбург: 2015. – С. 119
4. Баймуханова С. Рецензия на фильм "Шал" // Бродвей. 2013. https://brod.kz/blogs/retsenziya_na_film_shal/
5. Ногербек Б. Б., Айдар А.М. Образ волчицы как тюркского мифологического героя в современном игровом кино Казахстана // Дәстүр. 2013

ТАҢҒЫ БАҒДАРЛАМАДАҒЫ ИНФОТЕЙНМЕНТ: 31-АРНАДАҒЫ «ТАҢСӘРІ» ХАБАРЫ

Болат К.

*Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті,
«Журналистика» мамандығының 3-курс студенті*

Ғылыми жетекші: Қалиаждарова Ш.

*ассистент-профессор, тележурналист, Халықаралық ақпараттық технологиялар
университеті*

Түйіндеме. Мақалада телеарналардағы таңғы бағдарламаларда ақпараттық ойын-сауық стратегиясын жүзеге асырудың ерекшеліктеріне талдау жасалады. Инфотейнмент ТВ-ға қалай келді, оның бейнелеуіш құрал ретіндегі рөлі қандай және оны телеарналар қандай мақсатта қолданып жүр деген сауалдар зерделенді. Талдауы нысаны ретінде 31-арнадағы «Таңсәрі» бағдарламасы алынды.

Түйін сөздер: *инфотейнмент, стиль, формат, шоу, тенденция, креатив, тренд.*

Кіріспе. Қазіргі журналистикада «infotainment» (ағылшынның «information» және «entertainment» - «ақпарат» және «ойын-сауық» сөздерінен шыққан) түсінігі белсенді түрде қолданылады. Бірқатар арналарда осы бағытты қамтитын бағдарламалар бар, бірақ олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Алдымен инфотейнмент ұғымының негізіне тоқталып кетсек.

Бұл стильдің шығу тарихына сүйене отырып, ақпараттық бағдарлама мен ойын-сауықты біріктіруге негізделген бағдарламалар деп айта аламыз. Олай болса, инфотейнменттің бірінші міндеті – жаңалықтар мен саясатты қызықты етіп аудиторияға жеткізу.

Дүниедегі бұндай алғашқы шоу «Today», оның бірінші эпизоды 1952 жылы 14 қаңтарда АҚШ-тың NBC телеарнасында тікелей эфирде көрсетілген. Келесі 60 жыл бойы бұл формат бағдарламалар арасында рейтингте бірінші қатардан көрініп жүрді. Мұндай бағдарлама әдетте көпшілік үйде болған кезде ауа райы, бизнес, саяхат, қор нарықтары, жол қозғалысы және спорт туралы ақпараттарды ұсынады. Инфотейнмент форматы 1980 жылдары бүкіл әлемде кең тарала бастады және теледидарда бұндай бағдарламалар саны арта бастады. АҚШ федералды арналарының жаңалықтар рейтингі күрт төмендеп кетті, сондықтан шығарылымдағы ақпарат тарату принциптерін өзгертуге мәжбүр болды. Осылайша бірте-бірте жаңалықтар ақпараттық және ақпараттық ойын-сауық болып екіге бөлінді. NBC продюсері Нил Шапиро көрерменді тек тыңдау ғана емес, көру де қызықтыруы керек деп есептеген. Ақпараттық ойын-сауық теоретиктерінің бірі Рон Ховард аудиторияға не ұсынылғаны емес, қалай ұсынылғаны маңыздырақ деп есептейді [1]. Дәл осы қағида инфотейнмент форматының дамуына серпін берді.

Материалдар мен әдістер, тұжырымдар. Ойын-сауық ретіндегі жаңалық пен бағдарламалар Қазақстандық медиа нарықта ауқымды рөлге ие. Әсіресе еліміздің кез келген арнасында міндетті түрде таңғы бағдарламаны тамашалауға болады. Таңғы бағдарламаның өзіне тән ерекшелігі бар.

Таңертеңгілік жобалардың басты мақсаты: көрерменге күні бойы көңілді жүретіндей жағымды әсер қалдыру. Осыған байланысты, бағдарламаның шығармашылық тобы түрлі әдіс қолданады. Бағдарлама барысында әдемі локация, қызықты сюжеттер, көңілді жүргізушілерді көруге болады.

Таңғы шоу - бұл гибриді бағдарлама, онда «таныс жанрлардың формулалары аса қолданылмайды. Қойылымның, театрдың тәсілдерімен, стратегияларымен байланысты бағдарлама», - дейді В.В.Зверева [2]. Бұндай шоулар әрқашан полижанрлы, политақырыпты және көбінесе ұжымдық жұмыстың креативті ізденісіне негізделеді. Инфотейнмент аты айтып тұрғандай ойын-сауық, ирония, әзілдерден, түрлі ойындардан құралады.

Біз қарастырып отырған 31-арнадағы «Таңсәрі» телебағдарламасында инфотейнмент барынша айқын байқалады. Бірақ бұл бағдарламаның ерекшелігіне көшпес бұрын, оны басқалармен салыстырайық. Хабар арнасында күнделікті шығатын «Таңғы хабар» арнасының қандай ұқсастықтары мен айырмашылығы бар? [3].

Негізгі ұқсастық - ойын-сауықтық хабар таратуға бағытталған бағдарламалар. Бағдарламада жаңалықтар блоктары болса да, олар бірте-бірте қысқарып, жүргізушілерімен өзара әрекеттеседі. Келесі тенденция – бағдарламаларды рубрикациялау. Бағдарламалық құрылымды ретке келтіретін, күнделікті қайталанып отыратын рубрикалар пайда болады. Одан әрі айдарлар аудиторияны, жаңа қосылған көрермендерді қызықтырудың қосымша құралы ретінде қызмет етеді [4]. Көрермендердің әрқайсысы өзіне ұнайтын нәрсені таба алады: кино, сән, шоу-бизнес, интернет және т.б. Форматы бірдей болғандықтан, айырмашылығы аса білінбейді. Дегенмен, «Таңсәрі» бағдарламасының

аудиториямен байланысы өте тығыз. Әр шығарылым сайын белгілі бір сұрақтарға дұрыс жауап беріп, хабарласқан көрерменге концертке, қойылымға билет ойнатылады. Көрермен шығарылым барысында аталған қызықты ақпарат пен қонаққа келген маманның сөзін мұқият тыңдап, шығарылымның соңында студияға хабарласса болады. Жүргізушілер бағдарлама барысында қозғалған тақырыптардан үш сұрақ қояды, көрермен барлығына дұрыс жауап берсе, техникалық ұтысқа ие болады. Бұл тәсіл бағдарламаны басынан аяғына дейін мұқият тыңдайтын аудиторияны жинайды. Инфотейнменттің жарқын көрінісі ретінде келген қонақтармен ойын ойнауды атап өтуге болады.

Бағдарлама күнделікті дүйсенбі-жұма күндері 07:00-09:00 аралығында шығады. «Таңсәрі» бағдарламасының толық бір шығарылымын саралайық [5].

Кесте1. «Таңсәрі» бағдарламасының бір күндік шығарылымы.

№	Инфотейнмент	Уақыты
1	Сурет өнері жайлы сюжет	1:54 - 06:14
2	Концертке билет ойнату	07:00 - 07:22
3	Қоғамдық көлікте энклазивті адамдарға қандай жағдай жасалғаны жайлы сюжет	07:55 - 11:30
4	Қонақ. Кішкентай балалардың тілі қалай дұрыс шығады? Тілі дұрыс шығуға арналған ойыншықтар	12:50 - 29:50
5	Домбыра мектебінің оқушылары қонақта. Көрермендерге арналған күй	30:36 - 41:00
6	Кәсіп жайлы сюжет	42:18 – 46:50
7	Қонақта кәсіп мектебінің маманы	46:50 – 58:37
8	Көрермендер арасында техникалық сыйлықты ойнату	58:54 - 01:04:57
9	WhatsApp желісіне құттықтау жолдаған көрермендердің хабарламаларын оқу	01:05:25 - 01:05:57
10	Студияда музыкалық үзіліс	01:06:20 - 01:10:27
11	Жаңалықтар стиліндегі авиация колледжінде сюжет	01:11:10 01:15:16
12	Қонақпен ойын	01:16:22 - 01:18:06
13	Қонақпен сұхбат және қонақтан музыкалық сый	01:18:50 - 01:29:46

Қорытынды

Көріп отырғанымыздай бағдарламаның құрылымы инфотейнментке толы. Әсіресе көрерменмен тығыз байланыс сапалы аудиторияның кепілі. Кері байланыс арқылы тікелей эфирде өтіп жатқан хабардың рейтингін, яғни таралымы мен көрілімін еш қиындықсыз аңғаруға болады. Егер хабарға қатысып отырған қонақ қоғамдағы күрмеуі шешілмеген мәселені талқылап жатса, оған халық тарапынан да қойылар сауал аз болмайды. Ал, тек белгілі бір топқа ғана қызық болып көрінетін, көпшілік аудиторияның сұранысына ие болмайтын тақырып халықты да, тіпті журанлистерді де қызықтырмауы мүмкін. «Таңсәрі» бағдарламасында көрермендерге де, қонақтарға да байланысты инфотейнментті байқаймыз. Көрермендерге ұтыс ойнатып, сыйлық тарту етсе, қонақтарға ойын ойнатады. Бұның барлығы, әрине, ойын-сауық бағдарламаларына тән.

Инфотейнмент экономикалық, саяси ақпаратты жеңіл форматта көрерменге жеткізетінін ұмытпағанымыз жөн. Бұл бағдарламадан мысал келтіретін болсақ, жүргізушілер әлемдегі демографияны диалог ретінде талқылап, көрерменге енді әлемдегі халық саны 8 млрд болғанын жеткізіп отыр. Қорытындылай келе, «Таңсәрі» бағдарламасының ақпарат беру форматы инфотейнментке сәйкес екенін байқаймыз. Қазақстанда бұл формат таңғы хабарлар арасында өте танымал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Лесина А.С. Утреннее информационно-развлекательное вещание отечественного телевидения: специфика контента. <https://nauchkor.ru/uploads/documents/587d363e5f1be77c40d58a58.pdf>. Қаралған күні: 20.11.2022.

2. Breakfast tv infotainment: then & now. <https://www.impactonnet.com/media-mantras/breakfast-tv-infotainment-then-now-1812.html>. Қаралған күні: 21.11.2022.
3. Таңсәрі бағдарламасы. 31 арна. <https://youtu.be/wRp9x7C6Tc4>. Қаралған күні: 20.11.2022.
4. Басаргина Е.О. Инфотеймент как стратегия создания авторской программы на телевидении. <https://research-journal.org/archive/7-7-2022-may/infotejment-kak-strategiya-sozdaniya-avtorskoj-programmy-na-televidenii>. Қаралған күні: 20.11.2022.
5. Таңғы хабар. Хабар агенттігі. <https://www.youtube.com/shorts/3lfdxzWyaX8>. Қаралған күні: 21.11.2022.

ҚАЗАҚСТАН МЕДИАСЫНДАҒЫ ЖАРНАМАНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ ТҰРАҚТЫ СТЕРЕОТИПТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕРІ

Есенгельдиева Ш.,

«Медиа зерттеулер және журналистика» мамандығының магистранты

Сүлеймен Демирел атындағы университет

Shugylayes@gmail.com

Ғылыми жетекші: Әлжан А., сениор-лектор

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан медиасындағы жарнаманың қоғамдағы тұрақты стереотиптерді қалыптастырудағы әсері зерттеледі. Жарнама өндірісінде жиі қолданылатын стереотип түрлері анықталып, оны қолданудың артықшылықтары мен кемшін тұстары анықталады. Сонымен қоса стереотиптерді жүзеге асыру формаларына назар аударылып, аудиторияның оларды қабылдау реакциясы сараланады. Сондай-ақ, қоғамда айырықша сипат алып отырған гендерлік стереотиптің басқаларынан ерекшеленуінің себептері де анықталады.

Кілт сөздер: *стереотип, маркетинг, эмоция, реакция, коммуникация, бренд, атмосфера.*

Аннотация. В статье исследуется влияние рекламы в СМИ Казахстана на формирование устойчивых стереотипов в обществе. Определены виды стереотипов, которые часто используются в производстве рекламы, а также определены преимущества и недостатки их использования. При этом внимание уделяется формам реализации стереотипов и дифференцированной реакции аудитории на них. Также определяются причины, по которым гендерный стереотип, имеющий в обществе самобытный характер, отличается от других.

Ключевые слова: *стереотип, маркетинг, эмоция, реакция, коммуникация, бренд, атмосфера.*

Abstract. The article examines the influence of advertising in the media of Kazakhstan on the formation of stable stereotypes in society. The types of stereotypes that are often used in the production of advertising are identified, as well as the advantages and disadvantages of their use. At the same time, attention is paid to the forms of implementation of stereotypes and the differentiated reaction of the audience to them. It also determines the reasons why the gender stereotype, which has a distinctive character in society, differs from others.

Keywords: *stereotype, marketer, emotion, reaction, communication, brand, atmosphere.*

Кіріспе

Жарнама - әлеуметтік құбылыс Заманауи коммуникацияны онсыз елестету мүмкін емес. Жарнама арқылы өнімді сатып аламыз, қызмет түрін пайдаланамыз, ондағы ақпараттар арқылы қандай да бір стереотиптерді қалыптастырамыз.

Мамандардың пікірінше, жарнама - бұл бренд пен аудитория арасындағы байланыс құралы. Ол өте қарапайым және тұтынушыға түсінікті болуы қажет [1].

Философтар С.Сандаж бен В.Фрайбургердің пайымдауынша, жарнама «тауарлар мен қызметтердің сапасын, сондай-ақ идеяларды тұтынушылардың қажеттіліктері мен сұраныстарына қарай өтейтін коммуникация түрі» [2, б. 64]. Мұндағы басты мәселе – жарнаманың бұқаралық коммуникацияға қатыстылығы. Ал Американдық сарапшылар У.Уэллс, Дж.Бёрнеттің анықтамасы жоғарыдағы пікірлерді тоғыстырады. «Жарнама - белгілі бір демеуші арқылы жүзеге асырылатын және бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып аудиторияны сендіру (бірдеңе жасауға) немесе әсер ету үшін (қандай да бір жолмен) жасалатын ақылы байланыс» [3, б. 31].

Мұндай ақпаратты жеткізумен маркетингологтар айналысады. Жарнама мақсатты аудиториясына нақты жету үшін олар түрлі стереотип қолданады.

Стереотип дегеніміз не? Жарнама мамандарының пікіріне сүйенсек, ол жеке адамның немесе топтың басқа адамдар немесе топтар туралы (ұлттар, мәдениеттер, одақтар және т.б.) және әртүрлі жарнамаларда көрсетілетін нанымдары, әсерлері немесе тұжырымдамалары [4].

Жарнамалардан көріп жүргеніміздей, жарнама өндірісі адамдардың көпшілігіне таныс және түсінікті стереотиптерді белсенді пайдаланады. Маркетингологтар күлімсіреген көрікті үй шаруасындағы әйелді, қымбат костюм киген кәсіпкер ер адамды немесе ашық киім киген жасөспірім образын көп қолданады. Алайда шынайы өмірде адамдар мұндай болуы мүмкін емес.

Мамандар жарнамада стереотиптерді қолданудың бірнеше артықшылығы бар екендігін айтады. Олар:

- Қарапайымдылық пен айқындық. Стереотиптер қосымша түсініктемелерді қажет етпейді, жарнамалық ақпаратты оңай жеткізеді.

- Қайта шығару мүмкіндігі. Жарнамаға ең қарапайым декорациялар мен костюмдер, стандартты көрініс үлгілері және қарапайым сценарий қолдану.

- Аудиторияны сендіру. Стереотиптер мінсіз бейнені көрсетеді. Тұтынушы өнімді немесе қызметті сатып алу арқылы өз өмірін жарнамадағыдай ете алатындай әсер қалдыру.

- Пародияны қолдану. Мұны көп жағдайда әзіл контекстінде қолдану орынды және аудитория оны әзіл ретінде қабылдауы мүмкін [1, 78 б].

Материалдар мен әдістер, нәтижелер

Жоғарыда айтылған бірнеше тұжырымға сүйене отырып, Қазақстан медиасындағы, соның ішінде телеаналардағы жарнамаларға сараптама жасадық. Тәжірибе көрсетіп отырғандай Отандық жарнама жасаушылар өнімдерінде үнемі әйел бейнесіне басымдық береді. Сонымен қоса, Қазақстандық жарнамалардан қазақ мәдениетінің құндылықтарына негізделген ерекшеліктердің бар екендігін атап өткен жөн.

Зерттеушілер М.Бейсенова мен Г.Иманбаеваның пікіріне жүгінсек, қазақтардың басты мәдени құндылықтары – үлкенге құрмет, татулық пен төзімділік, қарым-қатынасқа ашықтық, қонақжайлылық және сыртқы әлеммен үйлесімді өмір сүруге ұмтылу. Қазір отандық жарнамалардың басым бөлігі осы салт-дәстүрлерді сақтау бейнесіне басымдық берген [5, 35 б].

Жарнамадағы стереотиптер әртүрлі пішінде жүзеге асып жатады. Ол диалог арқылы берілуі мүмкін, кейіпкердің мінез-құлқы мен түр-келбеті арқылы, реквизиттер мен жарнаманың жалпы атмосферасынан да байқалып жатады. Сол себепті бұл авторлардың ізденісімен тікелей ұштасып жатады.

Осы ретте шайға қатысты тележарнамаларға назар аударсақ. Мысалы, Piala шайының жарнамасында туысқандарымен дастархан басында шай ішіп отырған отағасы жұбайымен қалай танысқанын айтып, оған себепші осы «Piala» екендігін көрсетеді. Бұл жерде стереотип эмоция арқылы берілген. Жарнама мәтінін тыңдаған көрермен эмоция арқылы «қуаттанады».

Осы Piala Gold шайының тағы бір жарнамасында әже: «Пиала Голд шайын ішсем, жастық шақтың дәмі келеді» деген ойды айтады. Жарнама аудиторияны игі әрекеттерге ынталандыру үшін осындай сөз тіркестерін, ерекше құрылған сөйлемдерді қолданып жатады. Бұл эмоция мен мәтіннің үйлесімі арқылы көрермен назарын аулу.

Отандық жарнамаларда тағы да ата-әже бейнесі көп кездеседі. Осы арқылы көрермен арасында үлкенге ізет, ата-ананы сыйлау, отбасындағы татулық, үлкендердің көрегілі деген стереотипті қалыптастыруға бағытталғанын аңғаруға болады.

«Альянс банк» депозитінің жарнамасының басты кейіпкері ақсақал. Ол дастархан басында отырып: «Бауырсақ – дастарханда, бешбармақ – қазанда, ақша – «Альянс банкте». Барлығы отбасы үшін» -дейді.

Ал «Ніл маржаны» шайының жарнамасында атасы немере арасындағы әдемі қарым-қатынас пен бауырмалдықты байқаймыз. Мұнда «Күтуді біл, әбігерге түспе. Бастаған істі тастама. Осы шай сияқты күшті бол!» деген жарнамалық мәтін берілген. Жоғарыда атап өткеніміздей бұл жерде мәтіннің күші ғана емес, жалпы жарнама түсірілген жердің атмосферасының өзі көрерменді баурап алады. Маркетингологтардың пікірінше, үлкен кісілердің бейнелері көрсетілген жарнамада сенім әсері күшті болады. Сондықтан мамандар бұл бейнелерді жиі қолданады [6].

Телеаналардағы жарнамалардың екінші бір тобы – әйел-ана бейнесі арқылы отбасындағы береке-бірлік, ұрпағы алдындағы жауапкершілік пен ізеттілік секілді стереотиптерді қалыптастыруға бағытталған. Мұндай үдерісті «Айналайын» компаниясының жарнамаларынан байқаймыз. Мысалы, «Айналайын» сүтінің жарнамасында отбасы мен туысқандар ортасында баласының тұсауын кесіп

жатқан тұста анасы сүтті жарнамалайды. Жарнама локациясы мен басты кейіпкер эмоциясы арқылы сүттің ерекшелігін көрсетіп берді. Сол секілді «Фуд Мастер» айранының «болашақ ұрпақ денсаулығы үшін» жарнамалық ұранын кейіпкер эмоциясымен ерекше жеткізеді.

Зерттеулерге сүйенсек, жарнамалық стереотиптің бұдан басқа әлеуметтік және гендерлік түрі бар [7, 810 б]. Әсіресе гендерлік стереотип туралы қоғамда даулы пікір көп. Соған қарамастан гендерлік сипаттағы жарнамалар жетерлік.

«Шығармашылық өнім арқылы берілетін бейнелер мен стереотиптер аудиторияның санасына берік орнатылатыны соншалық, олар қоғамдағы әлеуметтік рөлдер мен мінез-құлықтарды қалыптастырады» [8, 182 б].

Зерттеушілер пікіріне сүйенсек, осыдан 5-6 жыл бұрын жарнамадағы қыз-келіншектерді «отбасының ұйытқысы, үй шаруасына әйел адам ғана жауап береді» деген мақсатты көздеген жарнама көп болса, қазір керісінше мансапқа жеткен әйелдер образын беру басым.

Журналист А.Керімнің пікірінше, кез келген тұрмыстық техника жарнамасында «әйелдердің тұрмысын жақсартады» деген сынды мәтін бар. Үй шаруашылығына әйел адам ғана жауапты деген түсінік Қазақстанда ғана емес, өзге де елдерде бар. Бірақ үй шаруашылығы тек әйелдің міндеті ме деген сауал қазақ қоғамы үшін ежелден өзекті. Оны енді жарнама арқылы насихаттау – артық. Мұндай түсініктерге байыппен қараған жөн» [9].

Десек те соңғы шыққан жарнамалардан «заманауи әйелдер» образын көре аламыз. Мұндай өнімдердің басты кейіпкерлері әнші, актриса, тележүргізуші, продюсерлер. Мысалы, танымал продюсер Б.Мақсатқызы Pantene-ProV сусабынын жарнамалайды. Роликте ол: «Pantene-ProV арқылы мен өзімді түсірілім алаңында жүргендей сезінемін» деген мәтінді айтады. Сондай-ақ, актриса Ә.Сағатова түрлі косметикалық брендтер, «Мое» сүті мен «Dove» сабынының жарнамаларында түсіп, онда ол сәтті, белгілі бір жетістікке жеткен табысты қыз бейнесін береді.

«Kantar» агенттігі жүргізген зерттеулерге назар салсақ, маркетингтердің басым бөлігі жарнамада гендерлік стереотиптерді қолданудан қашады (76% әйел маркетингтер, 88% ер маркетингтер). Дегенмен де тұтынушылардың дені жарнама берушілер бұл тапсырманы толықтай орындап отырған жоқ деп санайды. Бүгінде ЮНЕСКО ұйымы да жарнамадағы гендерлік стереотип және олардың әлем жұртшылығына қалай әсер ететініне көңіл бөле бастады [10].

Қорытынды

Аудиторияның жарнамаға деген көзқарасы өзгеруде. Сондықтан болар мұндай өнімге халықаралық ұйымдар да мән бере бастады. Оған мысал ретінде Ұлыбританиядағы жағдайды алуға болады. 2019 жылдан бастап бұл елде гендерлік стереотиптерді пайдалануға тыйым салынады. Ал мұны Жарнама стандарттары агенттігі қадағалауда.

Агенттік мәліметтеріне сүйенсек, жарнамадағы зиянды гендерлік стереотиптер адамдардың өзін және қоғамдағы рөлін қалай көретініне әсер етіп, олардың өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруына кедергі келтіруі мүмкін. Бұл енді британдық жарнамада адамдардың гендерлік ерекшеліктерін көрсету мүмкін емес дегенді білдірмейді [11].

Біздің елде жарнамаға мұндай бақылау болмағанымен, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түрлі сыни пікір білдіріліп жатады. Отандық жарнама туралы зерттеулер жеткілікті болғанымен, оның қоғамдағы тұрақты стереотиптердің қалыптасуына әсері туралы еңбектер аз.

Маркетингтердің пайымынша, кей кезде стереотиптер жарнамаға кері әсер беруі де мүмкін. Ол көрерменнің сенімсіздігін туғызады. Оған мысал ретінде мамандар мына жарнаманы назарға алады. «Нағыз үй шаруасындағы әйел жарнамадан үйі таза, дастарханы толы, бала-шағасы разы болған жанды көргенде, оның өмірі мұндай жағдайдан алыс деп алаңдауы мүмкін» [10].

Сонымен қоса зерттеушілер стереотиптерді пайдаланудың кері әсерінің бірнеше себебін көрсетеді:

1. Стереотиптердің қарабайырлығы. Соның кесірінен аудитория мен өнім арасындағы байланыс дұрыс болмайды, сенімсіздік реакциясын туғызады.
2. Жарнамалардағы сурет, визуалды қатарлардың шындыққа жанаспауы. Тұтынушы олардан өзін көре алмайды, соның салдарынан өзін кемсіту, қорлау секілді реакциялар туындайды.
3. Стереотиптермен жарнама нашар есте қалады. Көрген бетте ұмытылуы мүмкін.
4. Стереотиптер қоғамдағы бүгінгі өзгерістермен санаспауы мүмкін. Ескірген идеялар қолданылуы ықтимал [12, 113 б].

Жарнама - шындықты дәл көрсетуді мақсат етпейтінін ескерсек, стереотиптерден толығымен бас тарту мүмкін емес [13, 148 б]. Көріп жүргеніміздей қазір осы уақытқа дейін болып келген стереотиптер жойылып, заманауи жарнамалық әрекеттерге баруда. Оған мысал ретінде қыздарға

арналған косметикаларды жарнамалауда ер адамдар образын қолдану немесе спорт брендин көрсеткенде «дене бітімі толық» жандарды басты кейіпкер етіп жатқанын алуымызға болады.

Сонымен қоса әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерге байланысты стереотиптер қазақ жарнамаларында жиі қолданылғаны дұрыс. Оларды ескірген деп қабылдауға болмайды. Бұл керісінше, ұлттық дәстүрден ұстанып, одан асып кетпеуімізге себеп болады.

Тағы бір назар аударатын жайт - ескі стереотиптерді жаңасымен ауыстыру деген де үлкен мәселе. Мәселен, үй шаруасындағы әйелді табысты кәсіпкер жанға ауыстыра салу -шындықтан әлдеқайда алыс. Сол себепті жаңа стереотиптерді іздеудің орнына, қазіргі заманғы әлеуметтік топ өкілдерінің (ерлер мен әйелдер, бозбала мен бойжеткен, т.б) әртүрлілігіне назар аударған дұрыс. Қыз-келіншектер мен ер азаматтарды жаңа концепцияға итермелегеннен гөрі жаңа қырларын ашқан қоғамға тиімдірек болар.

Әдебиеттер тізімі

1. Морозова Т.А. Гендерные стереотипы в рекламе. URL: http://www.grani.vspu.ru/files/publics/180_st.pdf. 2010. Қаралған күні: 07.03.2023.
2. Сэндидж Ч., Фрайбургер В. Реклама. Теория и практика / Пер. с англ.- М.: Прогресс, 1989. – 64 с.
3. Уэллс У. Реклама: принципы и практика. – СПб.: Питер, 1999. – 31 с.
4. Портер М. Жарнамадағы стереотиптер: 30 теледидарлық жарнаманың мысалдары. 2021. <https://kk.warbletoncouncil.org/estereotipos-publicitarios-4448>. Қаралған күні: 09.03.2023.
5. Имамбаева М., Бейсенова Г. Жарнамадағы ер мен әйел бейнесі. Инновациялық Еуразия Университетінің Хабаршысы. № 1 (61) 2016. – 87 б.
6. Малик А. В. Этический аспект в рекламе: нормы и отклонения // Стратегии развития социальных общностей, институтов и территорий: материалы II Международной научно-практической конференции (г. Екатеринбург, 18—20 апр. 2016 г.): в 2 т. Издательство Уральского университета, 2016. Т. 2. С. 112.
7. Толмачева С.В. Реклама как социокультурный фактор формирования ценностных ориентаций аудитории // Фундаментальные исследования. – 2013. – № 11 (часть 4) – С. 810.
8. Харрис Р. Психология массовых коммуникаций. – М.: «ОЛМА-ПРЕСС», 2002. – С. 244.
9. Керім А. Жарнама және жалаңаш әйел бейнесі: Бұл қоғамға несімен қауіпті? URL: <https://malim.kz/article/society/zarnama-zane-zalanas-aiel-beinesi-bul-qogamga-nesimen-qauipti-18315>. 30.06.2020. Қаралған күні: 11.03.2023.
10. Гендерная реклама: коммуникации с потребителем меняются. URL: <https://sbermarketing.ru/news/gender-advertising/>. 01.03.2021. Қаралған күні: 10.03.2023.
11. В Британии решили изучить стереотипы о женщинах в рекламе. URL: <https://lenta.ru/news/2016/04/28/ads/>. 28. 04.2019. Қаралған күні: 10.03.2023.
12. Мирошниченко Г. А. Образ современной женщины в рекламе. Филологические Науки. Вопросы теории и практики. Тамбов: 2013. № 8 (26). С. 113.
13. Музыкант В.Л. Реклама в действии. История, аудитория, приемы: учебное пособие. - М: ЭКСМО. 2007. – С.148. URL: <https://books.google.kz/>. Қаралған күні: 14.03.2023.

WOMEN'S RIGHTS PROBLEMS IN CENTRAL ASIA

Yestemes A.

*The Al-Farabi Kazakh National University International Journalism, Bachelor,
Scientific supervisor: Skripnikova A.I.*

Women's rights refer to the social, political, economic, and legal rights that women should enjoy on an equal basis with men. These rights aim to ensure that women have equal opportunities, choices, and freedoms in various spheres of life, including education, employment, healthcare, family, and politics.

Some of the specific rights that women may advocate for include the right to vote, the right to equal pay, the right to education, the right to own property, the right to reproductive health and autonomy, the right to a safe and healthy environment, and the right to be free from violence and discrimination. Achieving women's rights requires challenging and changing discriminatory social norms and attitudes, implementing

laws and policies that promote gender equality, and empowering women to participate fully and equally in all aspects of society.

Despite progress in some areas, women's rights are still far from being fully realized in many parts of the world. Here are some of the major problems and challenges related to women's rights:

1. Gender-based violence: Women and girls around the world continue to face high levels of gender-based violence, including domestic violence, sexual harassment, and human trafficking. This violence not only harms individuals but also limits their ability to participate fully in society.

2. Discrimination: Women still face discrimination and unequal treatment in many areas, including employment, education, and politics. The gender pay gap, for example, persists in many countries, with women earning less than men for similar work.

3. Limited access to healthcare: Women in many parts of the world have limited access to healthcare, including reproductive health services. This can have negative consequences for their health and well-being, as well as limit their ability to plan their families and make choices about their own bodies.

4. Lack of political representation: Women are often underrepresented in political leadership positions, which can limit their ability to shape policies that affect their lives and advocate for their rights.

5. Cultural and social norms: Cultural and social norms that prioritize men over women can limit women's ability to make choices and participate fully in society. These norms can be difficult to change and often require sustained efforts at the community and societal level. Addressing these problems and challenges requires a range of approaches, including changing cultural attitudes and behaviors, implementing laws and policies that promote gender equality, and empowering women to participate fully in all aspects of society.

Feminism is still a relatively new concept in Central Asia, and there are a number of challenges and barriers to promoting feminist ideas and advocating for gender equality in the region. Here are some of the major issues: Traditional gender roles and cultural norms:

Central Asia has a long history of traditional gender roles and patriarchal cultural norms that prioritize men over women. These norms can be deeply ingrained and difficult to change, and may limit women's opportunities and choices in various spheres of life. Political and legal barriers: Some Central Asian countries have laws and policies that limit women's rights and freedoms. For example, some countries have restrictions on women's ability to travel or work outside the home without the permission of a male relative. Limited access to education and information: Women in some parts of Central Asia may have limited access to education and information, which can limit their ability to make informed choices and advocate for their rights. In some cases, girls may be encouraged to prioritize domestic duties over education, limiting their opportunities for personal and professional development. Lack of visibility and representation: Feminist ideas and movements in Central Asia may be relatively invisible, and there may be limited representation of women in political leadership positions or other positions of power and influence. Resistance to change: Traditionalists and other groups may oppose feminist ideas and movements, viewing them as a threat to traditional values and gender roles. Addressing these challenges requires sustained efforts at the community, societal, and political levels. This may include promoting education and awareness about gender equality and feminism, advocating for policy and legal changes that support women's rights, and empowering women to participate fully in all aspects of society.

Discrimination against women in Central Asia can take many forms, and may be influenced by cultural, social, economic, and political factors. Here are some examples of discrimination that women in Central Asia may face: Limited access to education: Girls in some parts of Central Asia may be discouraged or prevented from attending school, limiting their opportunities for personal and professional development. Employment discrimination:

Women in Central Asia may face discrimination in employment, including lower pay for similar work, limited job opportunities, and barriers to career advancement.

Violence against women: Women in Central Asia may face high levels of gender-based violence, including domestic violence, sexual harassment, and human trafficking.

Restrictions on mobility: Some Central Asian countries have restrictions on women's ability to travel or work outside the home without the permission of a male relative.

Lack of political representation: Women may be underrepresented in political leadership positions in some Central Asian countries, limiting their ability to shape policies that affect their lives and advocate for their rights. Forced marriage: Forced marriage may occur in some parts of Central Asia, with young girls forced to marry against their will, often to much older men. Limited access to healthcare: Women in Central Asia may have limited access to healthcare, including reproductive health services.

Cultural and social norms: Traditional gender roles and patriarchal cultural norms may limit women's opportunities and choices in various spheres of life. Addressing these forms of discrimination requires

sustained efforts at the societal, community, and political levels. This may include promoting education and awareness about women's rights, advocating for policy and legal changes that support women's rights, and empowering women to participate fully in all aspects of society.

The Republic of Kazakhstan is the ninth largest country in the world, roughly the size of Western Europe. Kazakhstan is landlocked and has one of the lowest population densities with just over 19 million people. Kazakhstan is an upper-middle-income country with a per capita GDP of USD 10,693.5 (2021).

Among the countries of Central Asia, Kazakhstan is a leader in progress on gender equality. Kazakhstan improved its overall ranking and jumped 15 positions to 65th place in the Global Gender Gap Index 2022, a report designed to measure gender equality among 146 countries. The country has eliminated gender gaps in education levels, shown improvements in economic opportunities and in wage equality, and an increase in the proportion of women in leadership positions. However, the report shows that while the number of women in government and in parliament continues to grow, progress is still insignificant.

Addressing sexism in Asia requires a multifaceted approach that involves individuals, communities, and governments. Here are some strategies that can be used to combat sexism in the region: Education and awareness-raising: Education is key to addressing sexism in Asia. This may involve promoting gender equality and respectful relationships in schools, universities, and workplaces, and providing opportunities for people to learn about the negative impacts of sexism and gender-based violence.

Legal and policy changes: Governments can play an important role in addressing sexism by implementing laws and policies that promote gender equality and prevent discrimination against women. This may include laws that criminalize domestic violence, sexual harassment, and other forms of gender-based violence, as well as policies that support women's access to education, healthcare, and employment.

Empowering women: Empowering women to participate fully in all aspects of society is critical to combatting sexism in Asia. This may involve providing women with access to education, healthcare, and economic opportunities, and promoting their participation in political and decision-making processes.

Changing cultural and social norms: Cultural and social norms that reinforce gender stereotypes and perpetuate sexism can be difficult to change, but it is important to promote respectful and equitable relationships between men and women. This may involve working with religious and community leaders, as well as media and entertainment industries, to promote positive and inclusive portrayals of women.

Engaging men and boys: Engaging men and boys in efforts to combat sexism is critical to achieving lasting change. This may involve promoting positive and respectful relationships between men and women, challenging harmful attitudes and behaviors, and promoting gender equality as a shared responsibility. These strategies require sustained efforts from individuals, communities, and governments to create a culture that values and promotes gender equality and respects the rights and dignity of all people.

Women's rights and feminism are important because they seek to achieve gender equality and ensure that women have the same opportunities, freedoms, and protections as men in various spheres of life. Here are some reasons why this is crucial:

Human rights: Women's rights are human rights, and every individual deserves to be treated with dignity, respect, and fairness regardless of their gender. Gender-based discrimination and violence are violations of basic human rights.

Empowerment: Women's rights and feminism seek to empower women to participate fully and equally in all aspects of society, including politics, economics, and social life. When women are empowered, they can contribute to their communities and countries, and drive positive social and economic change.

Social progress: Gender equality is linked to broader social progress, such as reducing poverty, improving health outcomes, and promoting sustainable development. When women have access to education, employment, and healthcare, they can improve their own lives and the lives of their families and communities.

Justice: Feminism and women's rights seek to address historical and ongoing injustices and inequalities that have disadvantaged women in various ways. By promoting gender equality and equity, we can create a more just and equitable society for all.

Diversity and inclusion: Feminism and women's rights also recognize the diversity of women's experiences and identities, and seek to promote inclusion and equity for all women, regardless of race, ethnicity, religion, sexuality, ability, or other factors.

Overall, women's rights and feminism are important because they seek to create a more just, equitable, and inclusive society, where all individuals have the opportunity to thrive and reach their full potential.

References:

1. <https://www.amnesty.org/en/what-we-do/discrimination/womens-rights/>

2. <https://medicamondiale.org/en/violence-against-women/womens-rights-are-human-rights>
3. <https://www.ohchr.org/en/topic/gender-equality-and-womens-rights>
4. <https://eca.unwomen.org/en/where-we-are/kazakhstan>
5. <https://www.jstor.org/stable/40209848>

ЦИФРЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМЫТУ ҮШІН МЕДИА МЕКТЕПТІҢ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Дуйсенбаева Н.М.,

Ғылыми жетекші: PhD, ф.ғ. к., Сугирбекова С.Р.

Алматы менеджмент университеті

e-mail: dusenbaeva_2000@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада SABAR.asia медиа мектебінің білім беру платформасының ресурстары қарастырылған. Білім беру ресурстарына шолу журналистердің, PR мамандарының және осы салада білім алып жүрген студенттердің кәсіби деңгейін арттыруға пайдасы тиеді.

Кілт сөздер: медиамектеп, журналистика, пиар, ресурстар, медиа, білім беру платформасы;

Аннотация: В статье рассматриваются ресурсы образовательной платформы медиашколы SABAR.asia. Обзор образовательных ресурсов помогает повысить профессиональный уровень журналистам, пиар-специалистам, студентам этих специальностей.

Ключевые слова: медиашкола, журналистика, пиар, ресурсы, медиа, образовательная платформа.

Кіріспе. Алматы менеджмент университетінің «Кино және медиа» мектебінің күнделікті сабақ барысында әр түрлі медиа ресурстарын қолданамыз. Осы орайда жаңа білім беру ресурсын көрсеткім келеді. Сабақ барысында әрі өзіндік жұмысқа дайындалу кезінде БАҚ, коммуникациялар және сараптамалық талдау салаларын дамыту үшін SABAR.asia медиа мектебінің білім беру платформасын пайдаланамын. Жиырма жылдан бері жергілікті БАҚ, тәуелсіз журналистер мен азаматтық қоғам институттары мектептің түрлі білім беру бағдарламаларымен өздерінің кәсіби деңгейін көтеріп келеді. Осы ресурсқа қол жеткізу арқылы барлығы баға жетпес тәжірибе мен материал алады. Медиа-мектеп сайтында оқырмандар коммуникация, журналистика, жаңа медиа салаларында пайдалана алатын бейне оқулықтарды көріп, әдістемелік мақалаларды оқи алады. Материал орыс, қырғыз, қазақ, өзбек, тәжік тілінде жазылған. Сабақтардың соңында қосымша тапсырмалар беріледі, ал кейбіреуіне тексеру тестін тапсыру ұсынылады. Материалдардың авторлары – Орталық Азия мен Шығыс Еуропа елдерінің өз саласының маманы мен сарапшылары екенін айта өткен жөн. Бөлімнің аттас атауы бар бейне сабақтардың тақырыбы әр түрлі: Canva-да жұмыс істеуді, медиа психологиясын таныстырып, фильмді қалай түсіру керекін және тағы басқаларын көрсетеді.

Білім беру платформасын пайдаланушылар фактчекинг, визуалды және аудиовизуалды коммуникациялар теориясы және БАҚ-та SMM бойынша әртүрлі онлайн курстан өте алады. Бұл курстарда мазмұнды ілгерілету үшін әлеуметтік желілерді пайдаланумен, жаңа медианы, субтитрлік бейнелер, подкасттар жасауды үйрену: теория, негіздер, мүмкіндік және т.б. Онлайн оқытуды ескере отырып құрастырылған, қызықты тапсырмалардан басқа, сіз тест тапсырып, сабақта үй тапсырмасын орындай аласыз. Осылайша өткен материалды бекіте аласыз. Онлайн курстарды аяқтағаннан кейін студент қашықтан оқу курсты аяқтағанын растайтын ресми жеке сертификат алады. Дәстүрлі тренингтерді медиа мектеп БАҚ қызметкерлері, оқытушылар, журналистика факультетінің студенттері үшін өткізеді. Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанның қалаларында студенттер бұл тренингтерге қызыға қатысады. Бір күндік шеберлік сабақтарында алыс-жақын шетелдің мамандары тәжірибелерін бөліседі. Медиамектептің Facebook, Instagram және Telegram әлеуметтік желісінде мектептің барлық қызметі, соның ішінде тренингтер мен шеберлік сабағы туралы ақпаратты қадағалай аласыз. «Оқулықтар» бөлімінде барлық оқу құралы мен практикалы нұсқаулықтардың электронды нұсқалары бар. Журналистика зерттеуімен айналысатындар журналистерге арналған журналистік зерттеу жүргізу бойынша нұсқаулыққа қызығушылық танытады. Орталық Азиядағы бұқаралық ақпарат құралдарының жағдайы мен әлеуметтік желілердің рөлі соңғы жылдардағы мәліметтерді беретін зерттеуді көрсетті. Сайтта Орталық Азия елдерінде өткен соңғы жылдардағы медиа зерттеулер, сарапшылық кездесулер, мақалалар, видеолар, подкасттар, тесттер, карталар және басқа да көптеген пайдалы материалдар жарияланады.

Қорытынды. Осылайша, медиа мектеп материалдарын өзіндік жұмысқа дайындалуда әрі сабақта пайдаланамын. Ресурстар журналистерді, кинотанушыларды, қоғаммен байланыс жөніндегі мамандарды, операторларды, SMM мамандарын, фототілшілерді тартады. Сіз журналистика, қоғаммен байланыс жанрларын меңгересіз, бейнесюжет жасау немесе медиа өнімді жылжыту бойынша жұмыс жасайсыз, өзіңізді эфирлік радио жүргізушісі, репортер, тележүргізуші, оператор, кино сыншысы және т.б. ретінде сынап көресіз.

Список использованных источников

1. <https://school.cabar.asia/ru/>
2. <https://osce-academy.net/ru/news/full/874.html>
3. <https://www.dialog.tj/pages/iwpr-zapuskaet-novy-i-analiticheskii-portal-cabarasia>

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰРАЛДАР. ТАРГЕТИНГ.

Жетписбаева А.

*«Медиажурналистика» мамандығының 3 курс студенті,
Т.Жүргенов атындағы өнер академиясы
Ғылыми жетекшісі: Сатыбалдиева Ф.А. аға оқытушы*

Аңдатпа. Бұл мақалада «Instagram» әлеуметтік желісінде қолданылатын құралдар туралы жан-жақты талдау жасалынған. Instagram - ХХІ ғасырдағы беделді әлеуметтік желілердің бірі. Фото немесе видео форматта контент жариялап, адамдардың қызығушылығын оятып, қай жерде болмасын өзіңіз жайында ақпарат беру үшін бұл әлеуметтік желі таптырмас құрал. Мақалада әлеуметтік желіні бизнес жасау мақсатында тиімді қолдану, аудитория психологиясы мен таргетингтің құпиялары баяндалған.

Аннотация. В данной статье представлен всесторонний анализ инструментов, используемых в социальной сети Instagram. Instagram — одна из самых влиятельных социальных сетей 21 века. Эта социальная сеть является незаменимым инструментом для размещения контента в формате фото или видео, вызывая интерес людей и предоставляя информацию о себе, где бы вы ни находились. В статье описаны секреты эффективного использования социальных сетей в бизнес-целях, психология аудитории и таргетинг.

This article presents a comprehensive analysis of the tools used in the Instagram social network. Instagram is one of the most influential social networks of the 21st century. This social network is an indispensable tool for posting content in photo or video format, attracting people's interest and providing information about yourself, wherever you are. The secret of effective use of social networks for business purposes, audience psychology and targeting is described in the article.

Әлеуметтік желіде қолданылатын құралдар. Таргетинг

ХХІ ғасыр - әлеуметтік желілердің қызып тұрған кезі. Қазір әлемде 5 миллиардтан астам интернет пайдаланушысы бар, ол әлем халқының 63 пайызын құрайды. Бұған We Are Social және Hootsuite компанияларының қатысуымен дайындалған сәуірдегі Global Statshot есебі дәлел бола алады.

Қолданушылар саны артқан сайын әлеуметтік желінің қызмет аясы кеңейіп, оны түрлі мақсатта пайдалану жолдары қалыптасуда. Бүгінде ақпарат тарату үдерісін толықтай меншіктеп алған желілердің жарнама таратуда да көрсеткіші жоғары. Әсіресе Facebook пен Instagram-да бір пост жазып, қыруар қаражат қармап қалатындардың саны күн санап артып келеді.

Instagram әлеуметтік желісі Facebook желісіне қарағанда тиімді болып келеді. Бұл туралы SocialBakers аналитикалық сервисінің мамандары мәлімдеген. Сарапшылар қолданушылардың қызығушылық танытып отырған желілерді анықтамақ болған. Нәтижеге сәйкес, Instagram желісі Facebook-ке қарағанда едәуір танымал әрі жиі қолданылатын болып шыққан. Сонымен қатар, әлеуметтік желілердің мазмұны мен құрылымында да айтарлықтай айырмашылықтар бар. Facebook-ке көбіне саяси, қоғамдық өмірдегі жаңалықтарға қызығатындар кірсе, Instagram-ды танымал адамдардың парақшаларына жазылып, олардың өмірінен хабардар болып отыру үшін халықтың басым көпшілігі пайдаланады. Инстаграм әлеуметтік желісінде қолданылатын негізгі құралдарға тоқталып өтсек:

1. Идея. Бұл әлеуметтік желіде миллиондаған адам отырады. Табысты бренд аккаунттарын немесе аудиториясы көп атақты адамдар блогерлердің аккаунттарын қарауға болады. Бірақ, жаңашыл және бірегей болғаныңыз абзал. Елде жоқ идея мен аудиторияға қызықты посттар салумен дараланыңыз.

2. Сипаттама. Хэштегтерден басқа, әр фотосуретке немесе видеоға сипаттама қосу тиімді (қысқаша түсініктеме, сұрақ). Әрине, жай ғана фотосуреттерді орналастыруға да болады, бірақ сол сурет немесе видеоның астына сипаттама немесе пост жазсаңыз, қызықты бола түспек. Ең бастысы, инстаграмды фейсбукпен шатастырмаңыз және ұзақ жазбалар жазбаңыз. Бір-екі ұсыныс жеткілікті. Бірақ есіңізде болсын: пайдаланушылар пікір білдіргеннен гөрі лүпіл басқанды ұнатады.

3. Орынды анықтау. Instagram функционалдығы фотосурет түсірілген орынды анықтауға мүмкіндік береді. Сіз ағымдағы орынды таңдай аласыз немесе ұсынылған мекен - жайларды пайдалана отырып, жаңасын жасай аласыз (сервис интерфейсында, фотосуретті жариялауға дайындау сатысында). Мұны маркетингте қалай қолдануға болады? Көптеген нұсқалар бар. Мысал келтірейік: сіз желіде жаңа дүкен аштыңыз ба? Әдемі суретке түсіріп, орналасқан жерін белгілеу өте ыңғайлы.

4. Хэштег - контентті санаттарға бөліп, оны аудиторияға біріктіріп ұсыну үшін қолданылады. Бұл – аудиторияны кеңейтудің жақсы тәсілі. Instagram мүмкіндіктерін әлеуметтік медиа мамандарының көзімен қарастыратын кез келді, өйткені бұл енді миллиардтаған қосымшалардың бірі емес, басқалар сияқты брендтер үшін қуатты маркетингтік арна бола алатын әлеуметтік желі. Бұл платформада арнама жасамас бұрын, мақсатты аудиторияны анықтап алған жөн. Сіздің оқырмандарыңыз, сізді бақылайтын адамдар - сіздің мақсатты аудиторияңыз. Мақсатты аудиториямен жақынырақ танысу сізге қызықты контент жасауға мүмкіндік береді. Ал қызықты контент оқырмандар санын көбейтіп, сіздің парақшаңыздың танымалдығын арттырады. Енді таркетинг жайлы толығырақ сөз қозғайық...

«Таргетинг (Targeting)» – ағылшынның **“target”** сөзінен алынған. Ол “нысана” деген мағынаны білдіреді. Қандай да бір мақсатты аудиторияға өз контентімізді көрсету жарнамалау технологиясы, барлық интернет пайдаланушыларға белгілі критерийлер бойынша (мысалы, жасына, тұрғылықты жеріне, жынысына қарай) мақсатты аудиторияны таңдауға және ең жақсы жарнама тиімділігіне қол жеткізу үшін өз өнімін жарнамалауға мүмкіндік беретін маркетингтік тетіктердің бірі.

Таргет жарнаманың артықшылықтары:

- Сіз қызықтыруы мүмкін адамдарға жарнамаларды ұсына аласыз
- Блогер жарнамасынан айырмашылығы - анық және ашық көрсеткіштер
- Маркетингтік мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік, бренд туралы хабардар болу немесе сату
- Көптеген параметрлер. Кез келген пайдаланушы өз инстаграмынан жарнаманы реттей алады. Ол үшін Бизнес-профильге кіріп, «Промоакция» батырмасын басу жеткілікті.

Instagram-да жарнаманы іске қосудың екі жолы бар: профильдегі жазбаларды инстаграмның ішінде жарнамалау немесе Facebook жарнама кабинеті арқылы жарнама жасау. Профильдегі жазбаларды жарнамаға жіберу оңай және оны кез келген инстаграм қолданушысы істей алады. «Жазбаны жарнамалау не жылжыту» батырмасын басып, қажетті параметрлерді таңдау керек. Бірақ бұл тәсілмен жарнама берудің өзіндік шектеулері бар, тек аккаунтта жарияланған жазбаларды жарнамалау мүмкін. Аталмыш әдіс аз уақыттың ішінде көп қаралым жинауды қалайтындар үшін ыңғайлы. Алайда сайттар, тауарлар және басқа да ішкі ресурстарды жарнамалау үшін тиімсіз.

Instagram-да желісінде таргет арқылы жарнама жасау үшін келесі функцияларды жүзеге асыру қажет:

1. Facebook профилін жасаңыз. Егер сіз бұрыннан тіркелгіңіз болса, бұл қадамды өткізіп жіберіңіз. Профильді нақты деректермен толтырыңыз: толық аты-жөні, қаласы, туған күні, фотосуреті. Бұл әлеуметтік желі сіздің жарнамалық есептік жазбаңызға тыйым салмауы үшін маңызды.

2. Біз business.facebook.com сайтына кіріп, Instagram және Facebook аккаунттарымызды байланыстырамыз. Біз профильден деректерді енгіземіз, валютаны таңдап, деректерді сақтаймыз.

3. facebook.com/ads/manager сайтына өтіңіз. Дәл осы жерде сіз мақсатты жарнаманы орнатасыз, орналастыруларды, аудиторияны таңдайсыз.

4. ADS менеджерінде «Жарнама жасау» түймесін басып, жарнама мақсаттарының тізімін қараңыз. Инстаграмдағы жарнама үшін көбінесе «Трафик» немесе «Қол жеткізу» ұсынылады.

5. Келесі науқан параметрлері. Біз аудиторияны таңдаймыз - жыныс, жас, география және қажет болса, қызығушылықтарды белгілейміз.

6. Бюджет және кесте. Мұнда сіз күнделікті бюджетті немесе бүкіл жарнамалық науқанға арналған бюджетті таңдай аласыз.

7. Содан кейін жарнама мәтінін жазамыз, сурет немесе видео дайындаймыз.

Facebook таргетинг жарнамасын жасаудың үш түрлі стратегиясын ұсынады.

- Негізгі аудитория: Facebook-тағы мәліметтер негізіндегі таргетинг
- Қолданушылар аудиториясы: сіздің сайтыңыздағы немесе басқа да ресурстағы мәліметтер көмегімен сіз танытын адамдарға таргетинг
- Ұқсас аудитория: Facebook-тағы таргетинг құралы мен қолданушылар аудиториясы көмегімен жаңа клиенттер іздеу. Негізгі аудиторияның жарнамалық элементтеріне демографиялық, геолокациялық, қызығушылық, байланыс туралы мәліметтер кіреді.

Демографиялық ақпаратқа адамдардың өзі жазған білімі, саяси көзқарасы, отбасылық жағдайы, өміріндегі айтулы оқиғалар, жұмысы сияқты мәліметтер болады.

Геотаргетингтің төрт түрі бар. Сіз жарнаманы былай көрсете аласыз:

1. бәріне (Everyone in this location) — белгілі бір жерде тұратын адамдарға;
2. жергілікті тұрғындарға (People who live in this location) — тек қана сол жерде өмір сүретін адамдарға;
3. жаңа тұрғындарға (People recently in this location) — жақында ғана тұрғылықты жерін өзгерткендерге;
4. қонақтарға (People traveling in this location) — басқа жерге қыдырып барып, өзі тұрмайтын жерді белгілегендерге.

Аймақ бойынша таргетинг географиялық белгісіне қарамай, арнайы статусына қарай жасалады. Мысалға, аймақ бойынша мынадай жарнама түрлері бар:

- Еркін сауда айналымындағы аймақтар. Мысалға, Еуропалық экономикалық аймақ.
- Дамыған нарық. Таргетинг үшін жылдам экономикалық өсу көрсеткіші тіркелген 20 елдің бірін таңдауға болады.
- Еврoзона. Негізгі валютасы евро саналатын елдерге таргетинг жасау.
- Қолданбалар дүкені бар аймақтар. iTunes қолданбалар дүкені бар немесе Android платформасына тегін/ақылы дүкендері орналасқан елдер. Бірден бірнеше дүкенді белгілеуге болады.

Жас бойынша таргетинг жасағанда, кейбір өнімдерді 18 жасқа жетпеген адамдарға жарнамалауға тыйым салатын Facebook заңы бар екенін ескеру қажет. Бұндай категорияға қаржылық қызметтер, құмар ойындары, лотереялар, денсаулық пен спортқа қатысты дүниелер жатады. Сондай - ақ, пайдаланатын құрылғылар – таргетинг ең маңызды параметрі. Жарнама жіберетін кезде, браузер, компьютер, смартфон арқылы кіретін адамдарды қосуыңыз не алып тастауыңызға болады.

Қорытынды. Нағыз кәсіпқой таргетолог болу үшін, негізгі атқарылатын функцияларды жақсы түсініп, параметрлерді дұрыс орната білу жеткіліксіз. Таргетолог білуі керек басқа да көптеген заттар бар. Әсіресе қазіргі бәсекелестіктің қайнаған кезеңінде. Біріншіден, маркетингтің негіздерін білу, ол нені және кімге сататынын, аудиторияда қандай сұраулар мен проблемалар бар, оларды қалай шешуге болатындығын түсіну қажет. Екіншіден, копирайтинг дағдыларын меңгеру және тезистерді жаза білу. Әрине, сіз үшін бәрін жасайтын копирайтерді жалдауға болады. Бірақ, ең болмағанда маманға нақты беру үшін мәтіндерді өзіңіз түсініп, түсіну маңызды. Үшіншіден, таргетолог – бұл композицияның негіздерін түсініп, графикалық редакторларды игеріп, аудитория айналып өтпейтін жарнамалық макеттерді жасай алатын кішкентай дизайнер. Өйткені, сол мәтінді, сол суретті әртүрлі жолдармен орналастыруға болады. Мұны қаншалықты сауатты жасайтыны жарнаманың тиімділігіне де әсер етеді. Тағы бір маңызды дағды – күйзелісті жеңе білу. Клиенттермен қарым – қатынастағы қиындық, жанжал жағдайларын шешу, жарнаманы үнемі блоктау және аудиторияға шығармау-сынды проблемалар туындауы мүмкін. Сондықтан стресске төзімді болу маңызды. Әрине, көп тынымсыз режимде жұмыс істеу алу керек. Жалпы, сіз түсіну үшін, таргетологтың жұмысы - бұл теңіз және пальма ағаштары бар кемпірқосақ бейнесі емес, инфобизнесмендер өз курстарына тарту үшін солай дейді емеспе?! Таргетологтың жұмысы - бұл, ең алдымен, басқа адамдардың ақшасы мен өзінің беделі үшін үлкен жауапкершілік, сонымен қатар үнемі оқу және біліктілікті арттыру. Әлеуметтік желідегі жарнамаға адамды қызықтырып, ары қарай профильге өтіп немесе өтпеуі үшін 1 ғана секунд жеткілікті. Сол 1 секундтің ішінде жарнаманың арқылы адамдарды тарта алсаңыз, демек сіз жарнаманың қыр-сырын түсінетін мықты таргетолог болып саналасыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. SocialBakers: «Instagram желісі Facebook-ке қарағанда тиімді» // <https://qazaqtimes.com/article/12429>

2. Instagram как инструмент для продвижения бренда. <https://www.marketing.spb.ru/lib-comm/internet/instagram.htm>
3. Таргетинг в Инстаграм: как сделать, секреты и примеры - 26.10.2021. Автор: Зарина Мусин // <https://mysina.ru/targeting-v-instagram/>
4. Инстаграм аккаунтыңызды қалай танымал етуге болады? <https://www.inform.kz/kz/instagram-akkauntynyzdy-kalay-tanymal-etuge-bolady>
5. Жанай Н., Досым А.: Сикырлы SMM. – Алматы: Қазақ университеті, 2018 ж. 106 –110 б.

ҚАЗІРГІ ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ШЕШЕНСӨЗДІҢ МАҢЫЗЫ

Кенжебек Д.

*Аль-Фараби ат. ҚазҰУ І к. магистранты «Дизайн»,
Ғылыми жетекшісі: Мухатаева Қ. М., ф.ғ.к., доцент*

Түйін: Шешенсөз – айту өнерінің жеткен жетістігі. Аталмыш жұмыстың нысаны шешенсөз өнерінің қайта жаңғыруы мен тарихи тамырын айқындап, қоғамдық санаға қозғау салатын, «әлеуметке дегенін істету үшін» ауызша айтылатын шешенсөз өнерінің танымы мен талғамын таразылау.

Кілт сөздер: Шешенсөз, журналистика, таным мен талғам.

Кіріспе: Ахмет Байтұрсынұлы «жазбаша публицистиканы – көсемсөз, ауызша публицистиканы – шешенсөз» деп айқындап берген [1]. Жазу мәдениеті қалыптаспай тұрып, адамдар бір-бірімен ым-ишарат, дыбыс, бейне арқылы, кейіннен даму сатыларынан өтіп ауызша ақпарат алмасып отырған. Айту адамдардың арасындағы ақпарат алмасудың айнымас құралы екендігі баршамызға белгілі. Әуелде қимылмен ишарат білдірсе, одан кейін дыбыспен түсінісіп, бейне арқылы ақпарат алмасудың негіздері пайда болды. Аталмыш аспектілердің нәтижесінде айту арқылы ақпарат алмасудың негізі қолданысқа еніп, үздіксіз дамығанның арқасында бұл өнерге айналды. Айту өнері ғасырлар қойнауындағы асыл мәдениеттің айнымас жиынтығы. Ұлтымыздың тарихы, әдебиеті мен мәдениеті сан ғасырлар бойы ұрпақтар арасында сабақтастықпен айту арқылы жалғанып отырды. Шешенсөзді зерттеу арқылы біз өшкенімізді қайта тұтатып, ауызша айту, айтуға илану сынды құндылықтарымызды жаңғырта аламыз. Нақтырақ айтқанда жұмысымыздың өзектілігі айту өнерінің айнымас бір бөлшегіне айналған, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «шешенсөз» деп қалыптастырып кеткен тұжырымның негізінде, шешенсөз тарихы мен генезисі және бүгінгі ұлттық журналистикадағы орнына баға береміз. «Сөз әлеуметке дегенін істету үшін айтылса – шешенсөз, жазбаша айтылса – көсемсөз» деген Ахмет Байтұрсынұлының ауызша ақпарат беру өнері жайлы аманатын негізге алдық. Қоғамдық санаға ауызша ақпарат беру арқылы қозғау салатын шешенсөздің танымы мен талғамына зерттеу жасап, ел арасында қасаң болып бара жатқан айту өнерінің қайта жаңғыруына жол ашуды мақсат тұтып, бірқатар міндеттерді жүктедік [1].

Әдіс: Зерттеудің айқындау, саралау, жүйелеу, салыстыру, тұжырымдау, қортындылау, түйіндеу, әдістері қолданылды. Қоғамдық санаға ақпарат тарату арқылы қозғау салу өнеріне ғылыми еңбектерде айтылған ақпараттар мен тұжырымдарды, әдеби шығармалар мен жинақтардағы би-шешендердің тағылымдамаларын негізге ала отырып зерттеу жасадық.

Әдебиетке шолу: Қазіргі қоғамдағы шешенсөз өнерінің қадір-құндылығын арттыру арқылы қоғамдық санаға қозғау салу. Ұлттың тілі сүттей ұйып тұрған замандарда әр адам айту өнерінің шебері деңгейіне дейін көтерілгені тарихтан белгілі. Ұлтымыздың басынан өткен ұлтсыздандыру саясаттарының зардабынан жазу тұрмақ, өз тілінде сөйлей алмайтын ұрпақ дүниеге келді. Пікірін жүйелі қылып жеткізу, ақылын оймен асырып, бір-бірінің сөзіне илана білетін, сене алатын мәдениет кешегі жиырмасыншы ғасырдың ортасына дейін келді де, одан кейін қағазға қарамаса ойын жеткізе алмайтын, айтқанға сенбейтін, ауызша аманатқа иланбайтын дәрежеге бірақ түсті. Қағазбастылық жайлаған заманда сөзге илану, айтуға сену сынды құндылықтарымыз қалыс қалды. Біздің міндет бүгінгі руханиятқа кешегі тарихты, бабалар салған жолды жаңаша қырынан көрсету деп білеміз. Шешенсөздің, фольклордан, ауызша әдебиеттен, көсемсөзден іргесі алыс емес, бірақ өз алдына жеке пән ретінде қарастыруды міндетімізге айналдырдық [2]. Шешенсөздің зерттелуіне толық шолу жасау арқылы, мән-мағынасына үңіліп, ғылыми-әдістемелік негізін айқындаудың жолын қарастырдық.

Тарихи тамырына ғылыми барлау жасау арқылы шешенсөздің түрлерін анықтап, бүгінгі ұлттық журналистикадағы түрленуіне баға беруді мақсат тұттық. Қазақ журналистикасындағы шешенсөздің орынын көрсетіп, заманауи көрініс табуына жол ашу. Шешен мен шешенсөз түсінігін таразылап, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен қоғам тәрбиесіндегі озық үлгі ретіндегі рөлін баяндау [2]. Бұл мақсаттарға жету төмендегідей міндеттерді жүктейді:

1. Ахмет Байтұрсынұлы – шешенсөз теориясының негізін қалаушы ретінде зерттеуіне талдау, ұсыну және саралау.
2. Шешенсөз генезисі және түрлерін анықтау, салыстыру, тұжырымдау.
3. Шешенсөзді зерттеудің журналистикамен сабақтастығын анықтау.
4. Радиодағы шешенсөз түрлеріне толқталу және талдау
5. Телевидениедегі шешенсөз жанрларын мысалдарға сүйене отырып зерттеу.
6. Әлеуметтік желілердегі шешенсөз көрініс табуын зерделеп, оның салдары мен алдын-алу және болдырмау жолдарын ұсыну.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» шешенсөзге қатысты біршама пікірлер айтылады. Шешенсөздің «қимылсөз, дыбыссөз, бейнесөз» сынды тарихи аспектілермен ұштас бөлімдері бар. Бұл ұғымдар ерте дәуірлердегі адамдардың ым-ишарат, дабыл мен дыбыс арқылы, бір-біріне айғайлау мен бейнелеудің айналасында ақпарат алмасқанын аңғаруға болады. Үздіксіз ақпарат алмасудың арқасында айту өнері, ауыз арқылы ақпарат беру қабілеті дамығаннан кейін ортаға шеберліктер араласып, «айту» өз алдына өнер болды. Жақсы айта білетін адам «шешен». Шешен өз алдына өнер болып қалыптасу арқылы шешендік өнердің де негізі қаланды. «Сөз» адамзаттың айнымас қаруы. Сөздің сүбелісі шешен адамның ауызынан шыққаннан кейін, ақпарат алмасу арқылы қоғам арасында қағидалар қалыптасты. Ахмет Байтұрсынұлы «жазбаша публицистиканы – көсемсөз, ауызша публицистиканы – шешенсөз» деп қалыптастырғаннан кейін қоғамдық санаға ауызша ақпарат тарату арқылы қозғау салатын өнер екендігі, өз алдына ғылыми пән бола білгендігі анықталды. Шешенсөздің бүгінгі таңдағы шешендік өнердегі орыны, халықаралық терминдердегі «риторика», «оратор» ұғымдарынан ара жігі ажыратылып, өз алдына пән болып қалыптасуына жол ашылды [3].

Сонымен қатар:

- Шешенсөздің тарихи тамырына тұңғыш рет шолу жасалды;
- Оның өз алдына ғылыми пән екендігі жан-жақты дәлелдер негізінде қарастырылды;
- Шешенсөз қоғамдық санаға ауызша айту арқылы қозғау салатын өнер екендігі дәлелденді;
- Шешендік өнердің басқаларға ұқсамайтын заман ағымына бағынбайтын дара тип екендігі анықталды;
- Шешенсөздің түрлері сараланып, қазіргі журналистикадағы телеарналар мен радио, әлеуметтік желілердегі ұшқындары негізге алынып, таным мен талғамы анықталды.

Талқылау: Ахмет Байтұрсынов – көрнекті, ағартушы ғалым. Сөз өнерінің сымбатын зерделеген ардақты ұстаз. Қазақ шешенсөзі туралы Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышында» айтылған ғылыми пікірлер мен зерттеулерден кейін жалпы шешендік өнер туралы болмаса, шешенсөз туралы нақты зерттелген дүниелер аз. Жоғарыда келтіргендей шешендік өнер, ауыз әдебиеті, фольклор, көсемсөз турасында көптеген еңбектер бар. Бірақ солардың ешбірінде «шешенсөз» қоғамдық санаға қозғау салатын айту өнерінің асылы деп берілмеді. Ахмет Байтұрсыновтың бұл аталмыш еңбегінде ақылдың ісі – аңдау, тілдің міндеті ақылды аңдағанша, қиялды меңзегенше, көңілді түйгенше айтуға жарау [1].

Шешенсөзге жанрлық көзқарас пен қарай отырып, оның дәстүрлі медиа мен жаңа медиадағы орынын жоғары бағаладық. Әлеуметтік желілердегі шешенсөздің ұшқындарын көптеген мысалдар арқылы байқай аламыз. Бүгінгі таңдағы әлеуметтік тақырыптармен, экономикамен, саясатпен, дінмен тіпті журналистикамен де тікелей байланысты ютуб, фейзбук, твитер, инстаграм сынды желілердің барлығы адамзаттың өмір сүру формуласымен тікелей байланысты екенін білеміз. Сонымен қатар, осы әлеуметтік желілердің шешенсөзбен де байланысы өте жоғары. Адамзат қалыптасқалы бері «қимылсөз, дыбысөз, бейнесөз» сынды шешенсөздің басты критериларының анық ұшқындарын әлеуметтік желілерден таба аламыз. Ютуб арнасындағы подкасттар, шешендердің ауызша айту арқылы қоғамдық санаға қозғау салып жатқандығын жоққа шығара алмаймыз. Біз жоғарыда қаузаған шешенсөз ұшқындарының негізгі формалары атап айтқан әлеуметтік желілердің ішінде екенін байқай аламыз [4].

Шешенсөздің ұлттық журналистикадағы орыны өте жоғары. Ақпарат беру арқылы да қоғамдық санаға қозғау сала білу керек. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» шешенсөзге қатысты біраз мәселелердің ара жігін ажыратып көрсетіп берген. Шешенсөз – ауызша ақпарат беру арқылы әлеуметке дегенін істетіп, қоғамдық санаға қозғау салатын өнердің түрі, ғылымның негізі

болатын болса осыған егіз ұғымдар ретінде «білімірсөз», «саясатсөз», «биліксөз», «қошеметсөз», «уағызсөз» деген ұғымдардың да мағынасына бойлап қазіргі журналистика төңірегінде сараптай аламыз. Әрине бұл ұғымдарды өз еңбегінде таразылай білген Ахмет Байтұрсынұлы әр ұғым мен әр терминнің сол шақтағы бүгіні мен болашағына барлау жасап кеткендей. Біз жоғарыда айтқан әр бір ұғым өз алдына шешенсөз іспеттес жеке пән деп қарасақ та болады.

Қорытынды: Шешенсөз өнерінің қадір-құндылығын арттырудың бірден бір жолы оның генезисіне үңіле отырып, өткені мен бүгініне талдау жасау. Сөз арқылы қоғамдық санаға қозғау салу тікелей төртінші билікке берілген артықшылықпен қатар қоғамдағы кез-келген айтуға құқылы әрбір адамның тікелей міндетіне айналғаны жасырын емес. Қазақ журналистикасындағы шешенсөздің орынын айқындау заманауи көрінісін анық етуге жол ашады. Шешен мен шешенсөз түсінігін таразылап, ұлттық құндылықтарды дәріптеп, қоғам тәрбиесіндегі озық үлгі ретіндегі рөлін баяндау арқылы өз зерттеу нысанымыздың жалпысынан жалқы мәселелері мен олардың шығу себептері мен салдарын, артынша шешу жолдарын ұсындық. Біздің зерттеу жұмысымыз жаһандық даму көшінде қалыс қалмау үшін жаңашылдыққа ұмытылған қазіргі Қазақстанның сонау адамзат қалыптасқалы бері бастау алған қасиетті өнерін бағалап, шешенсөзді әлемдік форматта танылуы үшін, ұлттық кодымызға айналған қадірлі сөз өнерін ұлтымыздың жадына қайтадан жаңғырту мақсатында үлкен маңызға ие. Бұл тұрғыда жоғарыда жасалған зерттеу жұмыстың әдістемелік құрал есебінде жарыққа шығу мүмкіндігін де қарастырып ары қарайғы зерттеуімізді талап етеді. Бұл сала әрбір БАҚ өкілі меңгеруі керек, әрі халық арасында таралуы керек. Шешенсөздің шешендік өнердің жоғарғы символы, айу мәдениетінің асқақ үлгісі ретінде қарастыра отырып, оның ұлттық журналистикадағы алатын орнына тоқталдық. Бәсекеге қабілеттілік артқан шақтағы дамыған тенденциялармен сабақтастыра отырып, ауызша айту арқылы ақпарат беру, қоғамдық санаға қозғау салушы күш екенін бірден байқауға болатынын түсіндік. Әлеуметке өз дегенін істететін алатын шешенсөздің адамзаттың күнделікті тұрмысында да, билік пен бұқараның арасында да орыны ерекше.

Пайдаланылған әдебиет тізімі

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208б.
2. Медеубекұлы С. Шешенсөз, оқу құралы / Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 152б.
3. Медеубекұлы С. Замансөз: генезис және типология, оқу құралы./Алматы: Қазақ университеті, 2018. –314б.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992, 448б.

PR - ДАҒЫ БИЗНЕС КОММУНИКАЦИЯ: ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР ЖӘНЕ ЖАҢА ТРЕНДТЕР

Кенжебеков И.Ж.,

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., доцент Ошанова О.Ж.

әл-Фараби ат.Қазақ Ұлттық университеті

e-mail: Ilyas.goldpack@mail.ru

Соңғы бірнеше жылда PR саласы тез өзгеріп, қайта құрылуда. Пресс-релиздер немесе жергілікті материалдар сияқты дәстүрлі әдістер әлі де тиімді және бұрынғыша өз позицияларынан бас тартпайды, дегенмен жаңа трендтер үнемі пайда болуда. Сапалы жұмыс үшін қоғаммен байланыс саласындағы мамандар классикалық, жақсы қалыптасқан әдістерді қолданып қана қоймай, сонымен қатар трендтерді қадағалап, тез өзгеретін PR әлеміне ілесуі керек.

PR техникасы дамуды жалғастыруда, Егер сіз өзгерістерді бақыламасаңыз, бәсекелестерден тез артта қалып қалуға болады. Көптеген компаниялар хабардарлықтың нашарлығы мен жаңа трендтерді нашар түсінгендіктен алға шыққандарды қуып жету қиынға соғады. Технологиялар дамуы арқылы адамдар ақпаратқа көбірек қол жеткізе алады, олардың таңдауы кеңейе түседі, олар алынған мәліметтер мен жаңалықтарды таңдау мүмкіндігі артады. Осы себепті PR индустриясы ақпаратты тиімді бақылау, пайдалану және қандай әдістер шынымен жұмыс істейтінін және қандай тәжірибелерді бұрын қалдыруға тұрарлық екенін көру үшін жаңа технологияларды енгізуі керек. Мамандардың

болжамдары, сонымен қатар қандай жұмыс әдістері әлі де нәтиже бере алатындығы және алдағы жылға сәйкес келетіндігі туралы кеңес бере алады.

Ақылды PR клиенттер мен клиенттер арасындағы қарым қатынасты реттейді

Аудитория мазмұнға өте сақ және сенімсіз әлемде PR мамандарының міндеті компаниялар мен олардың клиенттері арасында ашық қарым-қатынас орнату болып табылады. Бұл ғасырда мазмұн шыншыл және шынайы, жаңашыл және пайдалы болуы керек. Қазіргі аудитория кез – келген қажетті ақпаратты онлайн режимінде алуға дағдыланған және компаниялар мен брендтер үшін клиенттер қанағаттанарлық жауаптар табуы керек. Мағыналы байланыс құру және брендке деген сенімділікті арттыру үшін компанияның өмірі туралы айту, әлеуметтік маңызды жобаларға қатысу, компания таңдаған құндылықтарды жеткізу, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін атап өту және интеллектуалды көшбасшылыққа ұмтылу қажет.

PR - да жасанды интеллектке назар аудару өсуде

Автоматтандырылған электрондық пошталар мен чатботтар жасанды интеллектті қолданудың тамаша мысалдары болып табылады. Сіз олардан бастай аласыз. AI-ді өз жоспарларына әлі енгізбеген қоғаммен байланыс мамандары бұл құралдарды жақсы түсініп, ондағы болашақ жұмыстың бір бөлігін көруге үйренуі керек, өйткені көп ұзамай жасанды интеллект болмаса, қазіргі заманғы сұраныстарға сәйкес келетін стратегияны ұсыну қиынға соғады.

PR стратегиялары интерактивті мазмұнмен эксперименттерді көбірек қамтиды

Толықтырылған немесе Виртуалды шындық қашан PR-дағы негізгі технологиялардың біріне айналады? Енді бұл уақыт мәселесі. Енді интерактивті мазмұн бәсекелестерден ерекшеленуге және тұтынушыларды таң қалдыруға мүмкіндік береді. Жакында VR технологиялары (виртуалды ақиқат) біздің өмірімізге мықтап енеді және 2024 жылы көптеген PR мамандары осындай мазмұнмен белсенді тәжірибе жасап, VR көмегімен түпнұсқа, шығармашылық және прогрессивті науқандарды жүргізе алады.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Керимбаева А.Ж.,

«Халықаралық журналистика» мамандығы, 1-курс магистранты

Аңдатпа. Мақалада инклюзивті білім берудің негізгі принциптері мен Қазақстандағы және әлемдегі инклюзивті білім беру саласында қолданылатын инновациялық технологиялар талқыланады. Виртуалды шындық мүмкіндігі шектеулі оқушыларды, оның ішінде көру және есту қабілетін оқыту үшін тиімді жағдайлар жасауға мүмкіндік беретіні атап өтілді. 3D басып шығару технологиясы, өз кезегінде, көру қабілеті бұзылған оқушылардың материалды қабылдауын жеңілдететін тактильді модельдерді жасауға ықпал етеді. Блокчейн технологиясын қауіпсіз және ашық студенттерді бағалау және бақылау жүйелерін құру үшін пайдалануға болады. Жасанды интеллект жекелендірілген білім беру бағдарламаларын жасауға және оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

Мақалада инклюзивті білім беру саласындағы зерттеулерді жалғастыру және осы салада инновациялық технологияларды қолдану қажеттігіне, сондай-ақ мұндай технологияларды құру кезінде оқушылардың мәдени, тілдік және әлеуметтік ерекшеліктерін ескеру қажеттігіне назар аударылды.

Кілт сөздер: инклюзивті білім беру, технологиялар, инновация, виртуал шындық, 3D-басылым, блокчейн, жасанды интеллект.

Аннотация. В статье рассмотрено основные принципы инклюзивного образования, инновационные технологии, применяемые в сфере инклюзивного образования в мире и в Казахстане. Было отмечено, что виртуальная реальность позволяет создать эффективные условия для обучения учащихся с ограниченными возможностями, в том числе, визуального и слухового характера. Технология 3D-печати в свою очередь способствует созданию тактильных моделей, которые облегчают восприятие материала для учеников с нарушениями зрения. Технология блокчейн может использоваться для создания безопасных и прозрачных систем оценки и мониторинга успеваемости учеников. Искусственный интеллект позволяет создавать персонализированные образовательные программы и оценивать уровень достижения учеников.

В статье было обращено внимание на необходимость продолжения исследований в области инклюзивного образования и применения инновационных технологий в этой сфере, а также на необходимость учитывать культурные, языковые и социальные особенности учащихся при создании таких технологий.

Ключевые слова: инклюзивное образование, технологии, виртуальная реальность, 3D-печать, блокчейн, искусственный интеллект.

The article considers the basic principles of inclusive education innovative technologies used in the field of inclusive education in the world and in Kazakhstan. It was noted that virtual reality allows for the creation of effective learning conditions for students with visual and auditory impairments. The 3D printing technology, in turn, contributes to the creation of tactile models that facilitate material perception for students with visual impairments. Blockchain technology can be used to create secure and transparent systems for assessing and monitoring student progress. Artificial intelligence allows for the creation of personalized educational programs and the evaluation of student achievement.

The article emphasizes the need for further research in the field of inclusive education and the use of innovative technologies in this area, as well as the need to consider the cultural, linguistic, and social characteristics of students when creating such technologies.

Keywords: inclusive education, technologies, virtual reality, 3D printing, blockchain, artificial intelligence.

Кіріспе

Инклюзивті білім беру – бұл барлық оқушыларды жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне қарамастан білім беру ортасына қосу процесі. Бұл тұжырымдама әрбір оқушының білім алуға және білімге қол жеткізуге құқығы бар деген идеяға негізделген. Бұл мақалада біз инклюзивті білім беру туралы әдебиеттерді қарастырамыз және оның студенттер мен оқу орындарына әсерін талқылаймыз.

Инклюзивті білім берудің теориялық негіздері

Инклюзивті білім беру идеясы мүмкіндігі шектеулі балаларды кәдімгі мектеп бағдарламаларынан бөлген дәстүрлі білім беру жүйесін сынға алу нәтижесінде пайда болды. Инклюзивті білім беру, керісінше, барлық студенттер бірге білім алатын, қолдау алатын және қажеттіліктеріне сәйкес дами алатын кедергісіз орта құруды көздейді. (БҰҰ. 2006).

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптерінің бірі – білім беруді дараландыру. Бұл оқыту әр оқушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес болуы керек дегенді білдіреді. Бұл мақсатқа жету үшін саралап оқыту және көп интеллектуалды тәсіл сияқты әртүрлі тәсілдер қолданылады.

Негізгі бөлім

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері

ЮНЕСКО «Guidelines for Inclusion: Ensuring Access to Education for All» жобасы негізінде инклюзивті білім берудің негізгі принциптерін бекітті. Инклюзивті білім беруде келесідей қағидалар басты назарға алынуы керек.

Инклюзивті технологиялар даму процесінің барлық кезеңдерінің құрамдас бөлігі болуы керек.

Технологиялар барлық пайдаланушыларға, соның ішінде мүгедектігі бар адамдарға да қолжетімді болуы керек.

Технологиялар икемді және пайдаланушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне бейімделуі керек.

Технологиялар қарапайым және пайдалану үшін интуитивті болуы керек.

Пайдаланушылардың қажеттіліктеріне сай параметрлер мен мүмкіндіктерді таңдай алу мүмкіндігі болуы керек.

Технологиялар барлық пайдаланушылар үшін түсінікті болуы керек.

Технологиялар мен өзге де қолданылатын әдіснамалар қолданылатын мәдениет пен қоғамның басқа аспектілеріне сәйкес болуы керек.

Қосымша көмек немесе оқытуды қажет ететін пайдаланушыларға қолдау көрсету керек. (UNESCO. 2018).

Инклюзивті білім беруде инновациялық технологияларды енгізу

Зерттеулер көрсеткендей, инклюзивті білім беру студенттерге оң әсер етеді. Мысалы, бұл олардың оқу үлгерімін, әлеуметтік бейімделуін және өзін-өзі бағалауын жақсарта алады. Сонымен қатар, инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі оқушыларға қатысты теріс стереотипті және кемсітуді азайта алады.

Дегенмен, инклюзивті білім беру тиімді болуы үшін оқушылар мен мұғалімдерге жеткілікті қолдау көрсету қажет. Бұл арнайы әдістер мен технологияларды қолдануды, қызметкерлерді оқытуды және бейімделген білім беру ортасын құруды қамтуы мүмкін.

Қазақстандағы ахуал

Қазақстанда инклюзивті білім беру 1990 жылдары дами бастады, бірақ ол әлі де бірқатар проблемаларға тап болып отыр. Негізгі проблемалардың бірі – жеткіліксіз қаржыландыру. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәліметінше, 2020 жылы инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға білім беру саласына жалпы бюджеттің 1,1 пайызы ғана бөлінген (ЮНЕСКО & Қазақстан Республикасының Ұлттық білім беру институты. 2018).

Тағы бір мәселе – мүмкіндігі шектеулі балаларға бейімделетін инклюзивті технологиялар мен құрал-жабдықтардың жоқтығы. Барлық мектептер мен мекемелерде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытуға қажетті құрал-жабдықтар мен құралдар жоқ.

Соңғы жылдары Қазақстанда инклюзивті білім беру саласында бірнеше **инновациялық технология** пайда болды. (Муканова, А., Ахтанова, А., & Джакибекова, А. 2021).

Оның біріншісі – компьютерлік технологияны қолдану. Компьютерлер мен интерактивті тақталар әртүрлі типтегі дамуында кемістігі бар және физикалық кемістігі бар балаларға үйде немесе ауруханада білім алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ дамуында ауытқуы бар балаларға білім алуға және дамытуға көмектесетін әртүрлі бағдарламалар мен қосымшалар бар.

Екінші жаңалық – робототехниканы қолдану. Робототехника дамуында кемістігі бар балалар үшін өте пайдалы болуы мүмкін, өйткені ол олардың шығармашылық қабілетін, логикалық ойлауын және моторикасын дамытуға мүмкіндік береді. Кейбір мектептер мен мекемелер роботтарды дамуында ауытқуы бар балаларды оқыту құралы ретінде қолдана бастады.

Үшінші жаңалық – виртуалды шындықты пайдалану. Виртуалды шындық дамуында ауытқулары бар балаларға өз әрекеттерін басқара алатын және кері байланыс ала алатын ыңғайлы және қауіпсіз ортада оқуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, виртуалды шындықты нақты жағдайларды модельдеу және әлеуметтік дағдыларды дамыту үшін пайдалануға болады.

Төртінші жаңалық – мобильді технологияларды пайдалану. Мобильді технологиялар дамуында ауытқуы бар балалар үшін пайдалы болуы мүмкін, өйткені олар кез келген жерде және кез келген уақытта білім алуға мүмкіндік береді. Дамуында ауытқулары бар балаларға мобильді құрылғыларды пайдаланып үйренуге және дамытуға көмектесетін әртүрлі қолданбалар мен бағдарламалар бар.

Жалпы алғанда, инклюзивті білім беру саласында инновациялық технологияларды пайдалану дамуында ауытқуы бар балалардың білім алуы мен дамуының сапасын айтарлықтай жақсартуға, сондай-ақ олар үшін білім беруді қолжетімді және ыңғайлы етуге мүмкіндік береді.

Әлемде инклюзивті білім беру саласындағы жаңа инновациялық технологиялар да пайда болып жатыр. Оның кейбіреулері мынадай:

1. Жасанды интеллектті (AI) пайдалану - жасанды интеллект оқу процестерін автоматтандыру және әрбір студент үшін жекелендірілген оқу бағдарламаларын жасау үшін пайдаланылуы мүмкін. Бұл мұғалімдерге әр оқушының қажеттіліктерін қанағаттандыратын оқу бағдарламаларын жасауға көмектеседі.

2. Адаптивті технологияларды қолдану - бейімделу технологиялары әр оқушының қажеттіліктеріне бейімделген білім беру бағдарламаларын құру үшін қолданылуы мүмкін. Бұл қабілет деңгейі әртүрлі студенттерге олардың қажеттіліктеріне сай білім алуға көмектеседі.

3. Виртуалды және толықтырылған шындықты пайдалану - виртуал және толықтырылған шындықты студенттерге қауіпсіз және басқарылатын ортада дамытуға көмектесетін интерактивті оқыту тәжірибесін жасау үшін пайдалануға болады.

4. 3D басып шығару технологияларын пайдалану - 3D басып шығару технологияларын әр студенттің қажеттіліктеріне бейімделген бейімделетін материалдарды жасау үшін пайдалануға болады. Бұл мүмкіндігі шектеулі студенттерге олардың қажеттіліктеріне сай білім алуға көмектеседі.

5. Блокчейн технологияларын пайдалану - блокчейн технологияларын студенттер, мұғалімдер және ата-аналар арасында деректерді сақтау және ақпарат алмасу үшін қауіпсіз және мөлдір жүйелер құру үшін пайдалануға болады (Latour.В. 2014).

Жалпы алғанда, инклюзивті білім беру саласында инновациялық технологияларды қолдану қабілеттері мен мүмкіндіктері әртүрлі балалар үшін неғұрлым қолжетімді, дербестендірілген және қауіпсіз оқу ортасын құруға көмектесе алады.

Инклюзивті білім берудің білім беру мекемелеріне әсері

Инклюзивті білім беру оқу орындарына да оң әсерін тигізуі мүмкін. Ол барлық студенттерді тәрбиелеу үшін ұжымдық жауапкершілікті дамытуға және демократиялық және тең құқылы білім беру ортасын құруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, инклюзивті білім беру мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен білімін арттыруға мүмкіндік береді. Олар мінез-құлқы мен оқуында айырмашылықтары бар оқушылармен жұмыс істеуді және оқыту мен бағалаудың әртүрлі әдістерін қолдануды үйренуі керек.

Инклюзивті білім берудің маңызды мақсаттарының бірі – жалпы білім беру ұйымдары шеңберінде мүмкіндігі шектеулі балалардың толыққанды білім алуына жағдай жасау. Дегенмен, инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге мұғалімдерді дайындаудың жеткіліксіздігі, мүгедектерге арналған құрал-жабдықтардың және бейімделу технологиясының болмауы, мемлекет тарапынан қаржыландырудың болмауы сияқты бірқатар проблемалар да бар. (Муканова, А., Ахтанова, А., & Джакибекова, А. 2021).

Қорытынды

Қорыта айтқанда, инклюзивті білім беру – білім беру үдерісіне барлық оқушыларды қамтудың тиімді жолы. Дегенмен, инклюзивті білім беру табысты болуы үшін әрбір оқушының жеке қажеттіліктерін ескеріп, жеткілікті қолдау көрсетіп, арнайы әдістер мен технологияларды қолдану қажет.

Кедергісіз білім беру ортасын құру – инклюзивті білім беруде табысқа жетудің негізгі факторы. Сондықтан бұл бағыттағы зерттеулерді жалғастырып, мүмкіндігі шектеулі оқушылардың барлығымен тең дәрежеде білім алуына мүмкіндік беретін жаңа әдістер мен технологияларды әзірлеу қажет.

Әдебиеттер тізімі:

Біріккен Ұлттар Ұйымының Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы. БҰҰ ресми сайты. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/disability.shtml

UNESCO. (2018). Guidelines for inclusion: Ensuring access to education for all. Retrieved from <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000262668>

UDL On Campus: Universal Design for Learning in Higher Education (2018). National Center on Universal Design for Learning. Раздел "Technology and UDL" https://udloncampus.cast.org/page/technology_and_udl

Virtual Reality for Special Education: A Promising Future for Research and Practice (2019). International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET). https://www.researchgate.net/publication/334128109_Virtual_Reality_for_Special_Education_A_Promising_Future_for_Research_and_Practice

3D Printing in Education: A Framework for Learning with Additive Manufacturing (2020). Springer International Publishing. <https://link.springer.com/book/10.1007/978-3-030-49468-3>

Blockchain in Education: A Comprehensive Survey (2020). IEEE Access. <https://ieeexplore.ieee.org/document/9090107>

The Potential of Artificial Intelligence in Special Education (2021). Journal of Special Education Technology. <https://journals.sagepub.com/doi/abs/10.1177/0162643421993422>

ЮНЕСКО, & Қазақстан Республикасының Ұлттық білім беру институты. (2018). Қазақстандағы инклюзивті білім беру: жағдайы, мәселелері және болашағы. Алматы: Қазақстан Республикасы Ұлттық білім институты.

Муканова, А., Ахтанова, А., & Джакибекова, А. (2021). The role of innovative technologies in inclusive education in Kazakhstan. In M. Jemni & M. J. Spector (Eds.), *Technology-enhanced and transdisciplinary education for all* (pp. 63-73). Springer.

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ МЕДИА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ, ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ: ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Керимова А.С.,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
2 курс магистранты*

Жаңа экономикалық дәуірдің ақпараттық технологияларының үздіксіз дамуымен қатар, мәдени индустрияның қарыштап даму барысы адамзаттың рухани өркендеуіне зор үлесін қосып келеді. Олардың ішінде креативті индустриялар әлеуметтік және мәдени салаларда жетекші рөл атқаратын негізгі салаға айналды. Әсіресе, цифрлық медианың шығармашылық салалардың дамуына айтарлықтай зор әсерін тигізгенін айта кеткен жөн. Цифрлық ақпараттық технологияларды дамытуда медиакоммуникацияның цифрлық нысаны коммуникациялардың, хабар таратудың және компьютерлік ақпараттық жүйелердің өзара үйлесуіне ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар цифрлық интерактивті медианың дамуына және саланың конвергенциясына әсер етеді.

Креативті индустрия (шығармашылық индустрия) – бұл жаңа уақыт пен білім экономикасы (knowledge economy). Мұнда басты ресурс – адамдардың ой жемісінен туған идеялар. Көптеген адамдар үшін бұл термин түсініксіз болуы мүмкін. Себебі, олар индустриалды дәуірде өсті. Олардың ұғымында экономика тек материалдық ресурстарға негізделуі керек. Мысалы, аграрлық, мұнай, құрылыс салалары және тағы басқалары.

Бүгінде әлемде креативті экономикаға қандай салалар кіретіні туралы нақты анықтама жоқ. Сәйкесінше, бұл салаға мәдениетке қатыстының барлығы жатады деп айтуға болады.

Мысалы, музыка, театр, әдебиет, кино, сән және тағы басқалары. Өткенге көз жүгіртсек, «креативті индустрия» ұғымы ХХ ғасырдың ортасында академиялық ортада қоғамдық пікірталастар аясында айтыла бастады [1,10-12б.]. Жалпы жұртшылыққа креативті индустриялар тұжырымдамасы тек жаңа мыңжылдықтың басында белгілі болды.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, шығармашылық салалары – бұл болашағы креативті және инновациялық жобалармен алдын-ала анықталған жетекші экономикалардың дамуының қозғаушы күші. Шығармашылық салалар бүгінде 29,5 млн адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз ете отырып, әлемдік ЖІӨ-нің шамамен 3% -ын құрайды. [2, 140-147б]

Мәселен, Ұлыбританияда, атап айтқанда, креативті индустрия есебінен жылдық ішкі өнімі 5 %-ды құраса, Францияда бұл көрсеткіш 4 %-ға ие. Германияда– 2,6 %, АҚШ – та-3,2 %, Австралияда-3,1 %-дық өлшемді қамтиды. [3, 22б]

Шығармашылық индустриялар экономикалық қарқынның тез өзгеруіне байланысты елеулі орынға ие болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі экономикалық өрлеу кезеңінде немістің әлеуметтанушылары, Франкфурт мектебінің өкілдері Теодор Адорно және Макс Хоркгеймер 1947 жылы жарық көрген өзінің әйгілі «Ағартушылық диалектикасы» атты еңбегінде жаһандық дәуірдегі мәдениеттің рөлін басты нысанға алып, «мәдениет индустриясы» деген терминді алғаш болып енгізді.

«Шығармашылық индустриялар» тұжырымдамасының бұл ізашары «мәдениетті коммерцияландыру» және «мәдени индустрияландыру» сияқты жаңа экономикалық бағыт түрін сыни тұрғыдан түсіндіріп, сараптап, экономикалық өндіріске енгізу керектігін айқындап берді.

Франкфурт мектебінің өкілдері Теодор Адорно және Макс Хоркгеймердің пікірінше, мәдениет индустриясы – бұл бірыңғай, стандартталған жаңа өнімдерді шығаратын бүкіл өнеркәсіптік аппарат, яғни, өнер, кескіндеме, әдебиет, кино және т.б.

Келесі жиырма жыл ішінде бұл термин кеңінен қолданысқа ие болды және оның көптеген ерекшеліктері қайта қаралды. Соңғы уақытта «креативті индустрия» деген сөз академиялық талқылаулар мен қолданбалы мәнге ие болып келеді. Шығармашылық индустрияларды дамытуға қатысты әдебиеттерге шолу кейінгі жылдары бұл мәселені зерттеуге көп көңіл бөлінгенін көрсетеді. Дж. Хокинс, Р. Флорида, Ч. Ландри және т. б. «мәдениет индустриясы» ұғымын кеңейтіп, «креативті индустриялар», «креативті экономика», «креативті қала» ұғымдарын енгізіп, креативтілік тақырыбын әлеуметтік жүйенің қалыптастырушы факторы ретінде қарастырып келеді.

Шығармашылық салаларға көбірек назар аударылғанына қарамастан, осы уақытқа дейін бірыңғай терминологиялық аппарат жоқ. Әр түрлі ғылыми әдебиеттерде «мәдениет индустриясы» мен «креативті индустриядан» «креативті экономикаға» дейінгі көптеген терминдер қолданылады. Көп жағдайда бұл терминдер бір-бірін алмастырады, сонымен қатар, бұл зерттеу терминнің нақты

шығармашылық тұжырымдамасына толық сәйкес келетін экономикалық секторларды, кәсіптер мен өнімдерді анықтауды қамтиды.

А. В. Бокованың пікірінше, «мәдени индустриялар», «шығармашылық индустриялар», «креативті индустриялар» терминдері креативті, мәдени және символдық өндірістің кең саласын білдіреді. Терминологиялық алуандылық бірқатар себептерге байланысты. Сонымен, «шығармашылық индустриялар» - «Creative Industries» ағылшын тіліндегі нұсқасының қазақ тіліндегі аналогы. Ағылшын тілінен аударғанда «Creative Industries» «Шығармашылық индустриялар» деп аударылады. Сонымен қатар, «Creative Industries» құрамына кіретін барлық қызмет салаларын шығармашылық деп атауға болады. Егер ағылшын тілінде «Creative Industries» және «Cultural Industries» деген екі ұғым қолданылса, қазақ тілінде біз «креативті индустриялар», «шығармашылық индустриялар» және «мәдени индустриялар» деген үш ұғымды кездестіреміз.

Яғни, шығармашылық индустрия дегеніміз не? Бұл мұражайлар, галереялар, кітапханалар. Маркетинг және жарнама. Графикалық дизайн, сән. Сәулет. Кино және теледидар. Радио. Баспа. IT саласы. Қорыта айтқанда, «мәдениет» ұғымына жатқызуға болатын салалардың барлығы. Шығармашылық индустриялардың дамуымен экономикалық өсудің жаңа моделін ойлап табу мәселесі қазіргі таңда аса өзекті. Сондықтан әр түрлі саладағы сарапшылар, академия өкілдері мен реформаторлар бұл саланы ешқашан айналып өтпеген.

Соған сәйкес, креативті салалар секторын дәл стандарттау мүмкін емес.

Американдық экономист, креативті класс теориясының авторы Ричард Флорид: «Шығармашылық — экономика мен инновацияның қозғаушы күшіне айналуға» деп мәлімдеді. Сонымен қатар, Еуропа елдерінде креативті экономиканы дамытуда олар ресурстарға тәуелділіктен арылудың оңтайлы жолын қарастырды. Алайда, оны қолданбалы ұғымға айналдыру және мемлекеттік саясат пен нарықтық экономика тіліне аудару үшін тұжырымдамалардың нақтылығы қажет болды. Осыған байланысты біршама қиындықтар туындады, өйткені шығармашылық сала қаншалықты терең мағыналы болса, соншалықты жұмбақ. Экономикалық ойлау үшін ол ажыратылмайтын болып шықты, демек, жоғары тәуекел дәрежесіне ие болды.

«Сонымен, «шығармашылық индустрия» ұғымын экономика саласына қалай батыл түрде енгізуге болады? Әрине, ең бастысы, шығармашылыққа өнім түрінде қарау керек. Содан кейін пішіні мен нақты анықтамасы пайда болады, яғни «ғылым» және «шығармашылық индустриялар» ұғымдары соншалықты қарама-қайшы ұғым емес екенін байқауымыз керек.

Сонымен қатар, тұжырымдаманың өзін ғана емес, мәдени саланың шекаралары туралы идеяны да қайта қарау керек», – дейді мәдени аспектілерді коммерцияландыруды жақтаушылар. [4, 1376]

Егер ретроспективаға көз жүгіртсек, екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін, Еуропа елдерінің үкіметтері классикалық өнер түрлерін белсенді түрде субсидиялай бастады. Басты мақсат «жоғары» деңгейде демократияландыру, халықтың кең топтарын мәдениетке, руханиятқа тарту болды. Профессор Николас Гарнам креативті индустриялардың өнеркәсіптік индустриядан басты айырмашылықтары туралы пікірлерін бірінші болып айта бастады. Яғни, профессордың пікірінше: «Креативті индустрия жоғары инвестициялық нарықтармен және капиталды жинақтаудың ерекше нюанстарымен сипатталады. Картиналардың, фильмдердің, тележобалардың өтелуін болжау өте қиын, тіпті жарнама мен маркетингке көп ақша жұмсаған кезде де көпшіліктің табысына кепілдік берілмейді. Бұл жоғары тәуекел секторы екені анық». [5]

Ұлыбританияда шығармашылық индустриялар ұғымы ең алғаш 1990 жылдары пайда болып, артынша белгілі дәрежеде дами бастады. Шығармашылық салалар мен экономика ұғымдары бірлесіп, астасып, жаңаша сипатқа ие болды. Николас Гарнхэмнің (2001) айтуынша, креативті индустрияның дамуы саяси өзгерістерге байланысты болды. Мәселен, 1980-1990 жылдардағы Ұлыбританияда неолибералды көзқарастардың пайда болуына орай, жаңаша көзқарастар қалыптаса бастады. Яғни, 1980 жылдардың басынан бастап 1997 жылдар аралығында жаңа лейбористердің билікке келуіне дейінгі кезеңдегі Лейбористік партияның осы мәселелер бойынша ресми ұстанымының эволюциясы шығармашылық индустрияны медиа технологиялар көмегімен дамыту жоспарын құруға алып келді. Бұл жаңа әлеуметтік-экономикалық парадигманы құруға, яки цифрлық коммуникациялық технологияларды дамытуға жіті назар бөлуге септігін тигізді [6].

1983 жылы Маргарет Тэтчер Үкіметі ақпараттық бизнеске бағытталған ресми есепке ерекше көңіл бөлді. Берілген ресми есеп бойынша, шығармашылықпен байланысты (креативті индустрия) салалар ең қарқынды дамып келе жатқан салалар ретінде ұсынылды. Сондай-ақ, баяндамада мемлекеттік саясаттың екі мәселеге басымдық танытуы көзделді: бір жағынан, шығармашылық қызметкерлерді оқытуға және олардың тиімділігін арттыруға ықпал ету, екінші жағынан, зияткерлік меншік туралы заңдардың орындалуын қамтамасыз ету.

2008 жылдың сәуірінде БҰҰ-ның әлемдегі экономиканы дамыту шаралары туралы ресми құжатына сәйкес, 2008 жылғы креативті индустрия туралы маңызды есеп жарияланды. Бұл өз кезегінде, креативті индустрияны дамыту мемлекеттердің басты мақсаттарының біріне айналуы керектігін дәлелдей түсті. Осыған орай, шығармашылық капитал және оның аумақтардың дамуына әсер ету мәселелері қазіргі ғылыми зерттеулердің маңызды элементіне айналды. Өңірдегі шығармашылық халықтың шоғырлануына, білімнің агломерациясына, инновациялардың пайда болуы мен таралуына, жалпы өңірде бар ресурстарды пайдаланудың нәтижелілігін арттыруға ықпал етеді. Бүгінгі таңда экономикалық дамудың сапалы факторы ретінде адам әлеуетін ескерусіз, тиімді аймақтық саясатты жүргізу мүмкін емес. Шығармашылық капиталды пайдаланудың еуропалық тәжірибесі ең құнды болып табылады. Францияның бес аймағында көрсеткіштердің бес негізгі блогы бойынша креативті әлеуетті бағалаудың әдістемелік тәсілі ұсынылды және талданды:

- халық;
- аймақтық даму;
- іскерлік орта;
- билік;
- брендтер.

1998 жылы Жапония «мәдени мемлекеттіліктің» стратегиялық саясатын алға тартты және мәдени индустрияны қатты қолдады. 1998 жылы Оңтүстік Корея «Кореяны жобалау» стратегиясын ұсынды және мәдени мемлекеттілікті ілгерілету үшін «мәдени индустрияны жандандыру туралы Заң» жариялады. 2001 жылы Сингапур «Ренессанс Сингапур» Даму стратегиясы мен мақсаттар жүйесін ұсынды және тұжырымдады.

Жапонияның мәдени және креативті салалары шартты түрде үш санатқа бөлінеді: контент жасау индустриясы, демалыс индустриясы және сән индустриясы. Сингапур кәсіпкерлікті, талантты және технологияны Сингапурдың шығармашылық индустриясының үш таптырмас элементі ретінде біріктіреді. Дания табиғи байлықтары аз шағын мемлекет және оның экономикасының 90% - ы мәдениетке байланысты салалар құрайды [7].

Қазіргі таңда әлем бойынша креативті «өндірістен» түсетін табыстың көлемі 2 триллион 300 миллиард АҚШ долларын құрады. Орташа есеппен алғанда 30 миллионға жуық адам креативті индустрия секторында қызмет етіп келеді. Индустрияның бұл түрін негізгі табыс көзіне айналдырған Оңтүстік Кореяның тәжірибесін көп елде пайдаланады десек, артық айтқандық емес. Оңтүстік Кореяда 2009 жылы тиімді табыс көзіне айналған креативті контент агенттігі құрылды. Соған сәйкес, 2012-2016 жылдар аралығында корей мәдениетінің экспорты 4,6 миллиард АҚШ долларынан 6,3 миллиард АҚШ долларына дейін өсімге ие болды. Кореядағы креативті индустрия туралы сөз қозғағанда, «PSY» тобының «Гангхам стайл» атты трегі, «BTS» тобы және күллі адамзаттың көзайымына айналған корей телехикаяларын мысалға келтіруге болады.

Креативті индустрия Қазақстан Республикасында қазіргі таңда жаңаша бағыттарға ие болып келеді. Мәселен, Ұлттық экономика министрлігінің экономикалық зерттеулер институтының мәліметінше, 2020 жылы Қазақстандағы жалпы ішкі өнімнің 2,8 пайызы креативті индустрия есебінен болды. Әлем елдерінің креативті индустрияның даму деңгейін бағалайтын Ғаламдық инновация индексінің (Global Innovation Index) өткен жылғы рейтингісіне сәйкес, Қазақстан 77-орынды иеленіпті. Дегенмен, бұл көрсеткіштен еліміздің креативті индустрияны дамытуға барынша күш салып жатқанын байқауымызға болады [8].

Халықаралық бәсекеде алдыңғы орынды иелену үшін, экономиканы дамытудағы креативті индустрияның зор мүмкіндігін пайдалануға Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жіті көңіл бөліп келеді. 2019 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында Қасым-Жомарт Кемелұлы министрліктерге креативті экономиканы дамытудың алғышарттарын ұсынуды тапсырды. Мемлекет басшысы 2020 жылғы Жолдауында да креативті индустрия туралы сөз қозғап, сарапшылардың зерттеуіне сүйеніп, жыл соңына дейін саланы дамытудың нақты іс-шарасын ұсынуды талап етті. Аталмыш шаралар барысында елімізде креативті индустрияны қолдауға арналған арнайы қор ашуды ұсынды.

Креативті индустрияны дамытудағы медиа технологиялардың орасан зор рөлін басты нысанға алған Мемлекет басшысы медиаға да басты назарын аударуды министрліктерге тапсырды.

Қазақстанда креативті индустрияға байланысты әртүрлі бағыттағы конференциялар өтіп, креативті медиа жобалардың даму бағыттары қарастырылып, сараптамалық талдаулар жүргізіліп келеді. 2020 жылы қарашада Алматы қаласында креативті индустрияға байланысты үлкен конференция өтті. Конференция барысында ірі-ірі зерттеулер жүргізіліп, креативті индустрияны дамытуға байланысты көптеген маңызы зор мәселелер қозғалып, пікірлер қаперге алынды.

Мәселен, креативті индустрия саласында белсенді қызмет етіп келетін тұлғалардың 70% креативті индустрияға құйылатын инвестицияның аз мөлшерде екендігін алға тартса, 20% креативті кеңістіктің әлі де қалыптаспағанын айтып, өзекті проблемасын тілге тиек етті. Ал, қалған 10% креативті кәсіби білімнің төмендігін негізгі проблеманың қатарына қосты.

Қазақстанда түрлі подкасттар, жарнамалық роликтер, шағын деректі фильмдер жыл сайын артып келеді. Соңғы есептеулерге сәйкес, қазақстандықтардың 58% - ы Интернетті негізгі ақпарат көзі ретінде пайдаланады. Қазақстандықтар арасында танымал медиа рейтингінің екінші орнын теледидар алады. Статистика бірнеше жыл бұрын адамзаттың болашағы болған цифрлық трансформацияның шындыққа айналғанын көрсетеді [9, 54-70].

Бұл қоғам өмірінің әртүрлі салаларын, соның ішінде медиа саласына үлкен өзгерістер әкелді. Аталмыш процестің нәтижесі журналистикада жаңа форматтардың пайда болуына негіз болды. Олардың қатарында медиа жобаның атқаратын рөлі орасан зор.

Белгілі зерттеуші Ж. Нұрымбетова медиа жоба ұғымына келесідей анықтама береді: «Креативті медиа жоба шығармашылық дамуды ілгерітетін, әртүрлі технологиялық платформаларды қолдана отырып, қоғамның дамуына бағытталған әлеуметтік дизайнның бір түрі». Сондай-ақ, аудиовизуалды формат бола отырып, медиа жоба фотосуреттер, бейнелер, сондай-ақ мультимедиялық форматтар түрінде ұсынылуы мүмкін. Сәйкесінше, бірнеше сандық платформаларды біріктіретін лонгрид, уақыт сызығын мысалға келтірсек болады.

Шетелдік БАҚ-та тарихи-саяси тақырыпта мультимедиялық жобаларды құру тәжірибесі аса зор. Қазақстандық «Black & White» компаниясы Астана ішкі саясат басқармасымен бірлесіп «Астана-Тәуелсіздік астанасы» атты мультимедиялық веб-деректі жобасын жариялады. Лонгрид форматында құрылған жоба 1991 жылдан 2019 жылға дейінгі негізгі оқиғалар призмасы арқылы Қазақстанның қалыптасуы мен даму тарихын баяндайды. Лонгрид дегеніміз – публицистикалық материалдарды ұсыну форматы, оның ерекшелігі әртүрлі мультимедиялық элементтерді, яғни, фотосуреттерді, бейнелерді, инфографикаларды беру тәсілі болып табылады [10, 67].

Шығармашылық индустриялар – мәдениетті инновациялық дамытудың жаңа тәсілдерінің бірі. Оның қазіргі жағдайда мәдени кластерді дамыту үшін үлкен мүмкіндіктері мен зор әлеуеті бар. Шығармашылық (креативті) салалар-бұл шығармашылық және мәдени компоненттері басым және бірнеше идеяларды бір арнаға тоғыстыратын әлеуметтік-мәдени тәжірибенің бір түрі болып табылады. Бүгінгі таңда қалыптасқан тұжырымдамалар мен тәсілдерге сүйене отырып, шығармашылық индустрияларға орындаушылық және бейнелеу өнері; дизайн және қолөнер; кино, теледидар және медиа саласындағы қызмет жататынын байқауымызға болады.

Креативті индустрия өнімдерінің шығармашылық зияткерлік меншігін құру, өндіру және пайдалану әлеуетін көтеретін кәсіпкерлер мен кәсіпорындарды біріктіретін экономика саласы ретінде де анықтауға болады. Креативті индустрияның дамуы постиндустриалды экономиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторларының бірі ретінде әрекет етеді. Бүгінгі таңда шығармашылық адамдары деп тек суретшілерді, жазушыларды немесе шығармашылық мамандықтардың өкілдерін атауға болмайды. Шығармашылық қазір өмірдің әртүрлі салаларында – өнеркәсіптен бастап басқаруға дейін сұранысқа ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Соловьев М. С., Латкин В. В. Креативные индустрии как сектор культуры //Международный журнал гуманитарных и естественных наук. – 2017. – №. 5. – С. 10-12.
2. Шилимбетова Г. Т. Развитие креативных индустрий как приоритет модернизации Казахстана //Economics: the strategy and practice. – 2018. – №. 1. – С. 140-147.
3. Мъеж Б., Кирия И. В. Креативные индустрии: в поисках стабильности концепта //Коммуникации. Медиа. Дизайн. – 2018. – Т. 3. – №. 4. – С. 22.
4. Джуманиязова Р. К., Оспанова А. М. Анализ современного состояния рынка креативных индустрий в Казахстане //ХАБАРШЫСЫ. – 2019. – С. 137.
5. Flew T. Beyond ad hocery: defining creative industries //Cultural Sites, Cultural Theory, Cultural Policy, The Second International Conference on Cultural Policy Research. – 2002.
6. Potts J. Introduction: creative industries & innovation policy //Innovation. – 2009. – Т. 11. – №. 2. – 138 б.
7. Флорида Р. Кто твой город? Креативная экономика и выбор места жительства. – Litres, 2022.

8. Rabanel J. M. et al. Transport of PEGylated-PLA nanoparticles across a blood brain barrier model, entry into neuronal cells and in vivo brain bioavailability //Journal of Controlled Release. – 2020. – Т. 328. – 679-69566.
9. Гончарова А. А., Шаяхмет Д. О. Диагностика основных компетенций, знаний и навыков креативных предпринимателей в Казахстане //Central Asian Economic Review. – 2020. – №. 5. – С. 54-70.
10. Жупарова А. С., Мукушева А. Г. РАЗВИТИЕ КРЕАТИВНОГО СЕКТОРА В КАЗАХСТАНЕ //ХАБАРШЫ. – 2021. – С. 67.

АУДИТОРИЯ НАЗАРЫН ТАРТУ ЖӘНЕ ҰСТАУДАҒЫ ДИЗАЙННЫҢ РӨЛІ

Маликов Т.,

*Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, «Дизайн» маманд. 1 к. магистранты
Ғылыми жетекшісі: Берісменов Ж. Т., филос.ғ.к., профессор*

Түйін: Дизайн аудиторияның назарын тартуға және ақпаратты қызықты етуге өте маңызды рөл атқарады. Себебі дизайн ақпаратты тартымды етіп, жақсартады және оқырманға ыңғайлы етеді. Тартымды дизайн оқырман бастапқы тақырыпқа қызығушылық танытпаса да, оларды қызықтыра алады. Сондықтан да оқырманға ақпаратты қызықты әрі сапалы етіп беру өте маңызды. Қазіргі таңда бұл қазақстандық медиа арасында өте актуалды мәселелердің бір.

Кілт сөздер: Дизайн, бренд, сенім, коммуникация, аудитория, БАҚ.

Кіріспе: Дизайн визуалды элементтердің эстетикалық құрамдас бөлігі ғана емес, сонымен қатар, аудиторияның назарын тартатын және ұстап қалдыруға көмектесетін қуатты құрал [1]. Жақсы ойластырылған дизайн байланыс тиімділігін жақсартады, және брендті нығайтуға көмектеседі. Ақпараттың шамадан тыс жүктелу дәуірінде көпшіліктен ерекшеленетін және назар аударатын дизайнның болуы маңызды. Бұл тұрғыда дизайн әдемі қаптама ғана емес, ақпаратты тиімді жеткізуге және аудиторияға жағымды әсер қалдыруға көмектесетін функционалды элемент екенін ұмытпауымыз керек.

Бұдан бөлек, дизайн маркетинг пен жарнамада маңызды екенін атап өткен жөн. Себебі жақсы жобаланған жарнама баннері мақсатты аудиторияның назарын аударып, конверсияны арттыра алады [2]. Дизайн сонымен бірге, клиенттермен эмоционалды байланыс орнатуға және брендті бәсекелестермен салыстырғанда ерекшелеуге көмектеседі. Бұл дегеніміз жақсы ойластырылған дизайн бренд туралы хабарды арттырып, өнімге деген сенімділікті өсіреді [3].

Ендеше, БАҚ саласында дизайнның аудитория назарын аударуға және сақтауға қалай көмектесетінін және қандай негізгі факторларға мән беру керек екенін қарастырып көрейік.

Әдіс: Бұл зерттеуде бұған дейінгі дизайнға қатысты ақпарат жарияланған зерттеу материалдары талданып, дизайн, инфографика арқылы ақпарат таратудың оң және теріс жақтары қарастырылды. Сонымен қатар, аудиторияның назарын тарту үшін дизайнның қандай аспектілері маңызды, аудитория назарын қалай ұзақ ұстауға болады және т.б. сұрақтарға жауап ізделіп, негізгі факторларға тоқталады.

Әдебиетке шолу: Дизайнның аудитория назарын аударудағы рөлі маркетинг пен дизайн саласындағы маңызды тақырыптардың бірі. Бұл тақырып ұзақ уақыт бойы интерфейс дизайны, веб-дизайн, БАҚ дизайны, жарнама және т.б. саладағы зерттеушілер мен мамандардың арасында зерттеліп келеді. Мәселен, 2011 жылы Google компаниясы AnswerLab агенттігімен бірлесіп, дизайнның сайт қолданушыларының мінез-құлқына әсері туралы зерттеу жүргізді [4]. Зерттеу көрсеткендей, пайдаланушылар ең бірінші сайттың визуалды аспектісіне назар аударады және бірнеше секунд ішінде сайт туралы алғашқы әсерін қалыптастырады. Сонымен қатар, пайдаланушылар сайтты жоғарыдан төменге, солдан оңға қарай қарауға және ерекше көзге түскен элементтерге тоқтауға бейім екені анықталды. Зерттеу нәтижесіне сәйкес, қолданушылар сайттың дизайны мен ішіндегі интерфейске байланысты тез шешім қабылдайды. Яғни, сайт тартымды және қолдануға ыңғайлы болса сайтта қалу уақыты ұзаруы мүмкін.

Сонымен қатар, 2012 жылы Бригам Янг университетінің зерттеушілері тағы бір зерттеу жүргізді. Зерттеу сайттың қарапайым және минималистік дизайны пайдаланушылардың белсенділік деңгейін арттырып, конверсияны арттыра алатынын көрсетті [5]. Себебі қарапайым дизайн алаңдататын элементтерді азайтады және ақпаратты оқу мен қабылдауды жақсартады.

Аудиторияның назарына әсер ететін дизайнның негізгі элементтерінің бірі – түс. Қызыл және сары сияқты кейбір түстер назар аудару үшін пайдаланылуы мүмкін, ал жасыл және көк сияқты басқа түстер тыныш және босаңсыған атмосфераны құру үшін пайдаланылуы мүмкін [6].

Яғни, аудиторияның назарын аударуға және сақтауға көмектесетін белгілі бір дизайн принциптері бар. Соңында, дизайн тек тартымды ғана емес, сонымен қатар функционалды болуы керек екенін ескеру маңызды. Бұл дегеніміз, дизайн жобаңызға сәйкес болып, нақтыланған аудиторияға бейімделу керек.

Талқылау: БАҚ сайтының дизайны туралы шешім бірнеше факторлардың негізінде қабылданады, мысалы:

Бренд және стиль: БАҚ сайтының дизайны компанияның жалпы стилі мен брендіне сәйкес келуі керек. Ең маңыздысы түс, логотип және шрифт дұрыс таңдалуы керек [7].

Мақсатты аудитория: веб-сайттың дизайны мақсатты аудиторияға бейімделуі керек. Мысалы, жастарға арналған жаңалықтар сайты жарқын және динамикалық дизайнға ие болуы мүмкін, ал іскер адамдарға арналған сайт ресми және дәстүрлі болуы мүмкін. Бұдан бөлек, әлемде жиі орын алған фейктерді анықтайтын ақпарат ресурстары ақ пен қара түсті жиі қолданады.

Техникалық талаптар: сайт дизайны оқырмандарға ыңғайлы әзірленіп, минимализм талаптары бойынша техникалық талаптарға сай болуы керек.

Тренд пен инновация: сайт дизайны соңғы трендтер мен инновацияларға сәйкес келуі керек. Бұған интерактивті элементтер, анимациялар және визуалды эффектілерді жатқызуға болады.

Жалпы, БАҚ дизайнын таңдау көптеген факторларға байланысты. Ең бастысы – эстетикалық, функционалдық және техникалық талаптар арасындағы балансты қажет етеді [8].

Қорытынды: Аудиторияның назары – бизнес, маркетинг, саясат және медиа саласында сіздің табысты болуыңызды немесе сәтсіздікті ұшырататын негізгі фактор. Яғни, табысты бизнес құрғыңыз келсе және белгілі бір аудиторияны көздегенде сіз таңдайтын дизайн маңызды рөл атқарады. Сапалы дизайн тек назар аударып қана қоймайды, сонымен қатар, ақпаратты жақсырақ қабылдауға, брендке деген сенімділікті арттыруға және сатылымды өсіруге көмектеседі. Сондықтан, кез-келген қызметті жоспарлау кезінде дизайнға және аудиторияға қалай бейімделу керек екенін есте сақтаған жөн.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

5. Website design: Viewing the web as a cognitive landscape, Deborah E. Rosen, Elizabeth Purinton, 2004.
6. Effective Websites for small and medium sized enterprises, Mike Thelwall.
7. Why Graphic Design is the Most Important Thing in Marketing, Adí Aviram
8. Insights. Ideas. Inspiration. Take your marketing further with Google.
9. The Role of Visual Complexity and Prototypicality regarding First Impression of Websites: Working Towards Understanding Aesthetic Judgments
10. Red is positive, blue is negative: A study of image and color associations
11. The Role of Visual Complexity and Prototypicality regarding First Impression of Websites: Working Towards Understanding Aesthetic Judgments
12. The Impact of Web Page Text-Background Color Combinations on Readability, Retention, Aesthetics, and Behavioral Intention

КОПИ-ПАСТ: ЦИФРЛЫҚ МЕДИАДАҒЫ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мәуленбай А.,

Т.Қ.Жүргенов атындағы Өнер академиясы, «Медиажурналистика» мамандығының 3-курс студенті, Ғылыми жетекшіі: Сатыбалдиева Ф.А.

Термин copy және paste командаларынан шыққан екі сөзден тұрады, «көшіру-қою». Көшірме – бұл бірнеше көздерден үзінділерді көшіру немесе өзгертілмеген мәтінді беру арқылы мәтін құру тәсілі. Сөздің ауызша формасы бар: көшіру – «көшіру» немесе «ұрлау». Термин тек плагиатты ғана емес, тіпті дәйексөзді де білдіреді. Мазмұн түрлері. Сайттың көшірмесі үш түрге бөлінеді:

- Қара. Ақпарат көзі туралы және оған сілтемелер жоқ.

- Сұр. Сілтеме бар, бірақ белсенді емес немесе мәтін массивінде табу қиын ресурс туралы.

- Ақ. Көшірілген фрагментке бастапқы көзге ашық сілтеме қоса беріледі.

Бірегейлікті тексеру. Жасалған немесе тапсырыс берілген мәтіннің ерекше екендігіне толық сенімді болу үшін арнайы қызметтер немесе бағдарламалар тексеру үшін қолданылады. Бұл Мәтін.RU, Advego Plagiatus, eTXT, Content-watch.ru және басқалар. Олар бірегейлік дәрежесін анықтауға көмектеседі (және оны пайызбен көрсетеді), бірегей емес фрагменттер кездесетін ресурстарға сілтемелер береді. Плагиатты табудың тағы бір жақсы тәсілі – Google іздеу жолына қызығушылық дәйексөзін енгізу. Шығару тізімінде ұры мәтіні бірінші орында болады, ал бірегей бөліктер қалың шрифтпен ерекшеленеді.

Бұл құбылыс қайдан пайда болады? Веб-сайттар пайда болған кезде, олардың көптеген иелері бірегей мазмұнды құруға алаңдамады. Олар көшіру туралы білді, өйткені олар оны өздері құрды, басқа сайттардан мәтіндерді көшіріп алды (және бүгінде бұл сирек болса да табуға болады), сайттарға орналастырылды және осы арқылы табыс тапты. Алайда, жақында іздеу жүйелері осындай клондарға қарсы соғыса бастады: бүгінде бірегейлік факторы рейтингте маңызды факторлардың бірі болып табылады. Сондықтан, егер іздеу жүйесі бірегей емес немесе авторлық құқықты бұзатын мазмұны бар сайтты анықтаса, оны сүзгілерге жіберіңіз: оны ұстап беретін батырмаларын басады немесе тіпті тыйым салады.

Плагиаттан қалай қорғануға болады. Мазмұнды ұрлаудан жүз пайыз қорғаныс жоқ. Алайда бір амалын табуға болады. Мәтіндер плагиаттарды пайдаланбауы үшін көшіруден қорғауды қою керек. Егер бейне немесе графикалық суреттер туралы айтатын болсақ, су белгілерін қою керек.

Өз ресурстарында көшірмені пайдалану. Компанияның бірнеше ресурстарында, мысалы, негізгі сайтта, баға агрегаторларында, әлеуметтік желілердегі парақта және басқаларында көшірмені пайдалану туралы айтатын болсақ, белгілі бір ереже бар. Алдымен мәтінді негізгі сайтқа орналастыру керек: іздеу жүйелері оны индекстейді және сайт шығарылымға түседі. Және қосымша арналарға қосқаннан кейін, олар шығарылымға кірмейді. Егер басқа адамдардың фрагменттері қолданылса, дереккөздерге сілтеме жасау керек.

В настоящее время наблюдается высокая активность в области документалистики, как в отдельных странах, так и на мировом уровне. Развитие документалистики становится более значимым в контексте диалога, который кинематограф ведет с обществом. Из этого следует, что для киноискусства является способностью к развитию является важной составляющей, которая достигается не только в рамках классического-шаблонного производства, но и через индивидуальную творческую деятельность. Развитие документального кинематографа происходит в результате задач, направленных не на широкую аудиторию, а на качественную. В процессе развития документального кино создается новый язык, который будет использоваться в будущих массовых документальных произведениях (Футерман, 2010). В рамках данного жанра используется формирование общественного мнения. Кроме того, документальное кино использует новые медиа для расширения возможностей сообщества, создания новых возможностей для образования и социальных изменений. С использованием современных технологий аудитория документальных фильмов широко и быстро распространяется,

позволяя людям со всего мира смотреть фильмы. Благодаря стриминговым онлайн-платформам, таким как Netflix, Amazon Prime Video и Hulu, упростился просмотр документальных фильмов, появилась доступность и спрос. Данные службы предлагают широкий выбор документальных фильмов на самые разные темы. Удобство платформ позволяет зрителям смотреть документальные фильмы в любое время, не дожидаясь запланированных показов на традиционном телевидении.

Социальные сети играют немаловажную роль в распространении и просмотре документальных фильмов, поскольку зрители делятся своими мыслями и впечатлениями после просмотра. Это приводит к увеличению аудитории, которая присоединяется к обсуждению фильма. Обсуждая темы, затронутые в фильме, зрители углубляются в предоставленные им факты и осознают социальные проблемы более ярко, что может стимулировать других людей к действию и решению проблем.

Еще одним фактором, способствующим доступности документальных фильмов, является широкое использование мобильных устройств. Смартфоны и планшеты широко распространены в современном обществе, поэтому зрители могут смотреть документальные фильмы на ходу, во время поездок на работу или в путешествии. Мобильные устройства позволяют зрителям получать доступ к документальным фильмам из любого места, если у них есть подключение к Интернету. Это упростило зрителям просмотр документального контента независимо от их местонахождения или расписания.

Увеличение доступности документальных фильмов также оказало значительное влияние на мир кинопроизводства. Это привело к появлению новой волны режиссеров-документалистов, которые используют средства массовой информации для повышения осведомленности о важных социальных и политических проблемах. Используя возможности потоковых сервисов и мобильных устройств, эти кинематографисты могут донести свои документальные фильмы до миллионов людей, создавая значимые изменения в мире.

По мере того, как технологии продолжают развиваться, вполне вероятно, что доступность документальных фильмов будет только улучшаться, делая это мощное средство еще более влиятельным в ближайшие годы.

В заключении следует отметить, что документальные расследования становятся все более важным средством повествования истории, образования общественности и передачи информации. Одной из ключевых сильных сторон документальных фильмов является способность пролить свет на сложные вопросы и повлиять на социальное мнение. Используя интервью, архивные кадры и другие визуальные элементы, документальные проекты представляют мощный инструмент позволяющий менять общество к лучшему. Подобный подход позволяет аудитории формировать собственное видение в важных вопросах, не поддаваясь общепринятым, отстраненным мнениям. Документальные фильмы способны бросить вызов убеждениям и предположениям, помогая расширить кругозор людей. Подчеркивая важные проблемы и факты несправедливости, документальные расследования вдохновляют зрителей на действия и изменения мира в лучшую сторону.

Список литературы:

1. Сычев С. Эволюция тенденций развития документального кино и телефильма. М. 2009.
2. Егоров В. Терминологический словарь телевидения основные понятия комментарии. Словарь. Изд. Институт повышения квалификации работников телевидения и радиовещания ФСТР. М. 1997. 322 с.
3. Копцева Н., Ильбейкина М. Визуальная антропология как актуальная область культурных исследований. Теория и история культуры. 2014. №2. 133 с.
4. Culloty E. Documentary Case Studies: Behind the Scenes of the Greatest (True) Stories Ever Told, edited by Jeff Swimmer. Alphaville Journal of Film and Screen Media. №17. 2019. 255–258 с.с.
5. Футерман Е. Современная телевизионная документалистика: особенности журналистского контента. Знак: проблемное поле медиаобразования. 2010. №1(5). 33–35 с.с.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ PR ИНДУСТРИЯ: ПАНДЕМИЯ КЕЗІНДЕГІ ТӘЖІРИБЕ

Омар М.Т., Әменова Т.М.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика факультеті Қоғаммен байланыс мамандығы 2-курс магистранттары

Аңдатпа. Пандемия зардабы халыққа ғана емес, халыққа қызмет көрсететін нарықтық жүйенің бірқатар салалары мен өндірістік кәсіпорындарға тиді. Уақытша өндірістік дағдарыс әлем дайын болмаған тікелей digital marketing құралдарына бірден ауыстырды. Қоғамдық талап пен наразылықты басқару, жаңа ақпаратпен лезде бөлісу, бизнес платформасын онлайн жүргізу, антикризистік стратегия құру, халыққа қызмет көрсетудің жаңа әрі тиімді жақтарын іздестіру, телекоммуникация мен маркетингті қатар жүргізу сынды жаңа функцияларды орындау үшін мамандар мен олардың тәжірибесі керек болды.

Аннотация. Последствия пандемии коснулись не только населения, но и ряда отраслей рыночной системы обслуживания населения и промышленных предприятий. Временный производственный кризис мгновенно сместил мир на неподготовленные инструменты прямого digital marketing. Для выполнения новых функций, таких как управление общественными требованиями и протестами, мгновенный обмен новой информацией, ведение бизнес-платформы в интернете, создание антикризисной стратегии, поиск новых и эффективных аспектов обслуживания населения, параллельное ведение телекоммуникаций и маркетинга, нужны были специалисты и их опыт.

The consequences of the pandemic affected not only the population, but also a number of branches of the market system of public services and industrial enterprises. The temporary production crisis instantly shifted the world to unprepared tools of direct digital marketing. To perform new functions, such as managing public demands and protests, instant exchange of new information, running a business platform on the Internet, creating an anti-crisis strategy, searching for new and effective aspects of public service, parallel telecommunications and marketing, specialists and their experience were needed.

Негізгі кілт сөздер: B2B, B2G, phydigital, антикризисті PR, телекоммуникация

Әлемдік пандемия жаһандық өзгерістер мен жаңа трансформациялардың басталуына жол салды. Дүниежүзілік экономика мен қоғамдық өмірдің барлық салаларына әсер еткен елеулі жүйелі өзгерістер коммуникация саласына әсер ете алмады. Шетелдік журналдар мен коммуникациялық қызмет көрсететін орталықтар пандемия кезінде қоғаммен байланыс саласы айтарлықтай жоғары сұранысқа ие болды дейді. Көршілес Ресей мемлекетінің ақпараттық каналдарына сүйенсек, 2020 жылы ірі халықаралық PR қауымдастықтардың қатысуымен өткен International PR Weeks 2020 жобасы барысында олар халықаралық PR-қауымдастықты толғандырған сұрақтарға жауап алу үшін әлемнің 11 елінен келген шетелдік әріптестерінің статистикалық деректеріне сүйенген. Imars компаниясының қоғаммен байланыс тобының серіктесі Елена Грознаяның айтуынша аспан асты елдерде ресми БАҚ ковид туралы ақпараттарды алу арнасы ғана емес, диджитал бизнес үшін қолжетімді қызмет түрін көрсететін арналардың бірі болған-ды. Осы уақытқа дейін кейбір шағын, ірі, орта бизнес өкілдері елемей келмей digital платформалары B2B, B2G және G2G алаңдарына ұтқырлық танытып дөп келген. Офлайн және онлайн форматта жұмыс істеу тәртібі қазір өз орнына келсе де, пандемия кезінде үлкен нәтиже көрсеткен интернет – маркетинг аймағы онлайн түрде әлі де қызмет атқарып келеді. Айта кетсек, Imars тобы байланыс индустриясының барлық қызметтерін ұсынады және Ресейдің байланыс нарығындағы ең танымал ивенттердің бірі болып табылады. Клиенттермен қарым-қатынаста iMARS, ең алдымен, серіктес және пікірлес стратегиясын қолданады. Клиентоцентризм топтың айрықша белгісі ретінде терең сараптаманы және клиенттердің бизнесінің қыр-сырына енуді білдіреді, бұл компанияға сыртқы және ішкі коммуникациялар жазықтығында жатқан кез келген мәселелерді шешу үшін ең жаңа құралдар мен жекелендірілген тәсілді ұсынуға мүмкіндік береді.

Covid – 19 мемлекет бизнесті қалай қолдайтынын және қандай көмек бере алатындығын көрсетуші баған болды. Мемлекеттік салыққа тәуелді, бірақ дербес жұмыс жасайтын компаниялар мен өндіріс орындары финанс жағынан біраз қиындықтарға ұшырады. Клиенттердің болмауы кірістің азаюына, кірістің болмауы шығынның көбеюіне, ал шығын кризистің туындауына әкелді. Британдық әріптестердің пікірінше, үкімет бизнесті қолдауда өте жақсы жұмыс жасады. Атап айтқанда, қызметкердің жалақысының 80%-ын құрайтын жалақы гранттары компанияларға да, фрилансерлерге де 2020 жылдың қазан айына дейін бөлінген. Бір қызығы, Франция 300 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз еткенмен, тиісінше салық бағасын көтерген. Жарнама мен брендингке қолдау көрсетілмеген. Ал, әлемде бірінші болып пандемияға тап болған Қытай билігі ресми шарамен ғана

шектелген. Олар жылжымайтын мүлікті жалға алушы компаниялардың үш айлық жалдау ақысын алып тастаған. Ал Үндістанда, сондай-ақ ТМД елдерінің көпшілігінде коммуникация саласы мемлекеттің қолдауына ие бола алмады және өз бетінше өмір сүрді. Мемлекет тарапынан 100 пайыздық қолдау алмаған кәсіпорындар үшін консалтингті компаниялардың қызметіне жүгіну және PR индустрияның нышандарын қолдану бірден-бір шешім болды. енді қоғаммен байланыс орнатудың жаңа типтері мен каналдар ашыла бастады.

Пандемия сондай –ақ жаңа технологиялық прогрестерге жол ашқанымен ерекшеленеді. Әлемдік елдер бұл үрдіске дайын болды деп деп басып айту қиын. Алайда, салыстырмалы түрде айтатын болсақ, Америка Құрама Штаты мен Ұлыбритания, Жапон халқы, Германия Федеративті Республикасы мен еуропаның бірқатар мемлекеттері пиар технологиялардың кейбір арналарын жақсырақ, тиімдірек қолданды. Бұл елдердің билік көзі таза халықтың жағдайы, кәсіпорындардың, шикізаттық өңірлердің жұмыс істеуі, өндірістің тоқтамауы сынды проблемаларды шешумен атсалысты. Мысалы, Ресейдің «Состав.ру» агенттігі Америка консалтингті компаниялардың қызметін алғашқы кезде дұрыс қолдана білген жоқ деп көрсетеді. АҚШ - та консалтингтік бизнес дағдарыстың алғашқы күндерінде 20% - ға төмендеген. Зерттеуге сәйкес PR апталығы өткен кезде кәсіпорындардағы қызметкерлер саны 77%- ға қысқартылған. Сандық пиар идеалды маманның прототипін тек әмбебап қызметкер ретінде көрсетуге дайындаған. Ол барлық функцияны қатар алып жүруші жаңа маман, жаңа технолог болу керек еді. АҚШ-тағы әріптестерінің пікірінше, болашақта корпоратившілік коммуникациялар мен персоналмен жұмыс істеуге, беделді басқару мен дағдарысқа, сондай-ақ виртуалды оқиғалар нарығына әлемдік талдау жасау керек. Осы мақсатта тіпті жаңа термин «phydgitал = physical + digital» пайда болған.

Қазақстандық структура өзінің әлсіз тұсын онлайн оқыту және жұмыс істеу кезінде көрсеткен болатын. Біздің мемлекетімізде біршама өндіріс орындары персоналдарды қашықтан тыс қызмет етуге босатқанымен, адам қолымен іске асатын функционалды әрекеттерді тоқтату мүмкін емес болды. Есесіне жаңа штаттық режимде жұмыс жасайтын топтар пайда болды. Біліммен қамту саласы әлеуметтік платформа мен онлайн конференция арналарына жүгінді. Алайда бұл өзгерістерге біздің қоғам да, билік те аса дайын болмады. Бұл сараптама нәтижесі Ресей Федерациясының жағдайымен ұқсас дейді шетелдік БАҚ. Қазақстандық қоғаммен байланыс немесе жұртшылықпен байланыс саласы әлі де даму үстінде екенін білеміз. Дей тұрғанмен, консалтингті және аутсорсингті қызмет көрсететін орталықтардың жұмыс істеу функционалдығына сенбеушілік те әлі бар. Бұл әлі күнге дейін бизнес алаңның тікелей халықпен байланыс орнату үшін дәстүрлі ескі методологияны қолдануды талап етеді. Заман талабына сай технологиялық прогрестерді дұрыс қолдану және қолданушыға түсіндіру біраз уақытты қамтуы мүмкін. Ал пандемия кезінде маркетинг саласы сұранысқа аса ие болмады. Тек осы уақытқа дейін маркетингпен инфобизнес саласында жүрген мықтылар ғана өз кәсіптерін жоғалтып алмас үшін маркетингті технологиялардың бірқатар арналарын қолданған. Имидж динамикасын бірқалыпта ұстау үшін маман қандай жұмыс атқаруы керек? Бірінші әрі өзекті мәселелердің қатарына қалыптасқан беделді жоғалтып алмау, кризистік ситуациядан аман – есен шығу жатады. Бұл іске PR мамандары, имиджмейкерлер, маркетинггерлер, IT мамандары жұмылдырылады. Олардың мақсаты қалыптасқан беделді ұстап қалу және рейтингі жоғары компаниялардың басшылығында тұру. Ал, қалыптасқан имиджді әрі қарай қалай дамытуға болатыны ұйымның қызмет көрсету сапасы мен спектріне тікелей байланысты. Барлық компания, ең алдымен, өз ұйымының маркетингтік ортасын құрады. Оны БАҚ-пен байланыстыруға тырысады. PR бұхаралық санамен жұмыс істейді. Бұхаралық сана тәуекелсіз стратегиялармен жұмыс істегенді жөн көреді. Олар қазіргі таңда іске асқан нұсқаларға сүйенеді. SWOT зерттеу анализін жасау арқылы компанияның мықты және әлсіз тұстары анықталып, мүмкіндіктері мен төніп тұрған қауіптері сараланады. Әсіресе 5 жылдық жоспар құру және соны басшылыққа ала отырып, әрекет ету өз септігін тигізеді. Дей тұрғанмен, заман ағымы мен талабына сай қызмет көрсету де өте маңызды. Мысалы, 2 жыл бұрын өзекті болған тауар жаңа жылдың трендіне сай болмауы мүмкін. Демек, тұтынушы арасында ол өз беделін бірден жоғалтады. Сұраныс болмаған жағдайда, компанияға келетін пайда да бірден құлдырап кетеді. Сол үшін де жаңашылдықты көзден таса қылмау керек. Имиджді сақтап қалу үшін бірнеше PR құралдары мен қадамдары қолданылады. Осы тұста «маркетингтік аудит» этимологиясына түсінік беріп кетуге болады. Бұл дегеніміз - сатып алушылар үшін маңызды болған сәттерді анықтау және компания бейнесінің мәнін қалыптастыру үшін ішкі және сыртқы ортаны талдау. Кейбір типтік орталықтар өз тұтынушыларымен тікелей байланыс жасамай – ақ, вербалды қарым – қатынас орната алады. Мысалы, жекеменшік сақтандыру компаниялары, халыққа қызмет көрсету орталығы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қожалықтары, білім беру және денсаулық сақтау сынды қызмет көрсететін акционерлік қоғамдар да аз емес. Олар тікелей ғаламтор желісі арқылы немесе әлеуметтік желі арқылы қоғаммен байланысады,

пікіртерім құрайды. Сапа мен қызмет көрсету аясы кең және қолжетімді ұйым ғана сенімділікке қол жеткізеді. Бедел менеджменті - ұйымның тұрақты оң беделін құру, нығайту және қолдау жөніндегі іс-шаралар жүйесі. Осы факторды алға тарта отырып, бедел мен имиджді қалыптастыру үшін жасауға болатын бірқатар шараларды атап өтуге болады. Имидж жасау қаншалықты маңызды болса, имиджмейкердің жұмысын көрсете білу соншалықты маңызды. Тауар айналымымен айналысатын ұйымдар ашық есік күндерін өткізу арқылы жаңа өнімді таныстыра алады. Презентация жасау арқылы компанияның өзгерістерін көпшілікке көрсетеді. Жеңілдіктер жәрмеңкесін жасау арқылы тауар айналымын реттеуге болады. Осы сынды жұмыстардың барлығы тікелей компания атын шығаруға және қоғамдық пікір қалыптастыруға мүмкіндік береді. Пандемия сынды дағдарысты кезеңдерде жоғарыда көрсетілген себеп-салдар оқиғаларын басқару да қиынға соғады. Алайда, дұрыс құрылған стратегия мен PR жоба оны тіпті алдын алуға мүмкіндік береді.

Имидж қалыптастырудың ең күрделі формасы - b2b, b2c, b2g, c2c сала түрлерін араластырып қызмет көрсету. Бұл терминдер компанияның кімдерге қызмет көрсететіндігін сипаттайды. Олардың өзара айырмашылықтарын анықтап, имидждік ерекшеліктерін саралайтын болсақ, төмендегідей ақпараттарға қол жеткіземіз:

1. B2B - «business to business» ағылшын сөзінің қысқаруынан шыққан. Яғни, бизнес үшін бизнес деген тура мағынада қолданылады. Ерекшелігі, бұл типті фирмалар шағын және орта коммерциялық қызмет көрсетумен айналысатын компанияларға қызмет түрін ұсынады. Демек, оның тұтынушылары жеке индивидтер емес, ірі объектінің өзі. Аутсорсингтік орталық пен консалтингтік қызмет көрсету компанияларын осы типке жатқызуға болады.

2. B2C - «business to consumer», яғни жеке тұтынушымен байланыс орнататын фирма. Азық-түлік гипермаркеті, интернет – дүкен немесе халыққа арналған шағын заңгерлік кеңес беру кеңсесі – бұл b2c. Бұл сала салыстырмалы түрде төмен немесе орташа баға бағамына зәру клиенттермен жұмыс атқарады.

3. B2G - "business to government" термині мемлекеттік органдар мен мекемелерге тауарлар мен қызметтерді сату деп сипатталады. Елімізде бұл саладағы компаниялардың қызметтері және жеке сектордың мемлекетпен коммерциялық қарым-қатынасы мемлекеттік сатып алу жүйесі арқылы құрылады.

4. C2C - "consumer to consumer". Бұл онлайн түрде тауар сатылымымен айналысу. Тек тауар ұсынушы да, оны алушы да – физтұлға. Яғни, көбінесе лицензиясы жоқ кіші кәсіпкерлік орталықтар ұсынатын тауар түрлері.

Компания құрылмас бұрын оның қай салада қызмет көрсететіні белгіленеді. Осы тұста компания мүмкіншіліктері айқындалады. Олар жеке индивидке қызмет ұсына ма жоқ әлде ірі фирмалар мен компанияларға және мемлекеттік органдарға пайдасын тигізе ме деген сұрақтар қолға алынады. Егер де жеке тұтынушыларға қызмет көрсететін орталық болса, онда олардың имиджі халық арасында танымал болуға негізделеді. Яғни, басты мақсатты аудитория - жұртшылықтың өзі. Ал, тікелей фирма мен компания, мемлекеттік ұйымдарға қызмет көрсету үшін олар лицензия арқылы танымал болады. Бұл құжат арқылы олардың нормативті актілері, нотариалды құжаттары тіркеледі. Келесі кезекте PR департаменттері мен маркетингтік арқылы өз қызметтерін ұсынады.

Қорыта айтқанда, компания мен фирма тек бірқалыпты деңгейде ғана емес, құбылмалы өзгерістер мен дағдарыс кезеңінде де өз жоспарын алдын ала құруы- шарт. Бұрыннан бар технологияны жаңа технология ретінде қолдану коммуникациялық стресске әеліп соқты. Пандемияға қатысты барлық жағдай PR және маркетингтік коммуникацияларға қатты әсер етті. Біршама компания коммуникацияларын, негізгі хабарларын және жобаларын бірнеше күн ішінде жаңа шындықты ескере отырып түзетуге мәжбүр болды. Жақын арада PR және маркетингтік бағыт үшін ең басым міндеттер қатарына аудитория үшін тиімді құралдар мен арналарды таңдау процесі кірді. Екінші орында онлайн түрде байланыс жасаудың түсінікті және тартымды мазмұнын құру. Сондай-ақ, «пиаршылар» дағдарыс кезіндегі коммуникацияларды басқаруға, яғни хабарламалардың кілтін таңдауға және оларды ағымдағы күн тәртібіне сәйкес жаңартуға назар аударуды жоспарлап отыр. PR саласында қызмет атқарып жүрген Ирина Гущинаның (Ресейдегі, ТМД-дағы, орталық және Шығыс Еуропадағы KFC PR директоры) айтуынша, коронавирустық пандемия сату талабының 27%- бөлігін өзгерткен. Әлбетте, бұл дағдарыс жағдайында компаниялардың көпшілігі жедел реакцияға назар аударғанын көрсетеді, бірақ түбегейлі өзгерістер пандемияның салдарынан толық іске аспаған. Алғаш рет ұзақ уақытқа бағытталған PR жобалардың жоспарлануы осы пандемия кезіндегі индустриялық өзгерістермен сәйкес келеді. Бірақ оларды жаңа шындыққа қалай бейімдеу әлі анық емес. Сондықтан респонденттердің тағы үштен бірі шешім іздеу процесінде. Бір белгілісі трансформациялық өзгерістер бұнымен тоқтап қалған

жок. Ол әрі қарай дамиды және кризистік кезеңге жаңа деммен дайындық бастайды. Бұл компания үшін «құпия стратегия» терминімен түсіндірілуі мүмкін.

Қолданылған сілтемелер:

1. <https://www.cossa.ru/news/269499/?ysclid=la9xdjbc1p333248733>
2. <https://www.sostav.ru/publication/imars-45086.html?ysclid=la9ucviawp239882269>
3. <https://vc.ru/marketing/133509-pr-vo-vremya-pandemii-trendy-digital-marketing-a-soobshchenie-brendy?ysclid=la9ubs48rf492207419>

PR-ДАҒЫ МЕТАДЕРЕКТЕРДІҢ НЕГІЗГІ МОДЕЛЬДЕРІ

Омар М.Т.

Қоғаммен байланыс, 2 курс магистранты

Аңдатпа. Бұл мақалада компьютерлік және интернет деректерінің үлкен көлемін қалай пайдалану керектігі қарастырылады. Салыстырмалы тұрғыда жаңа термин болып табылатын big data, open data, linked data туралы сөз қозғалады. Басты **мақсат** метадеректердің PR саласында алатын рөлін анықтау және авторлардың кәсіби қызметінің құрылымдық – функционалдық өзгерістеріне бұл технологияның қаншалықты әсер ететінін көрсету. Сондай-ақ, осы бағыттың технологиялық циклі қалай жүріп жатқанын қарастырамыз. Қоғаммен байланыс саласының технологиялық бағыты метадеректермен жұмыс жасауға, интеграциялық байланыс орнатуға дайын ба әлде жоқ па деген сауалға мән беріледі. Жұмыстың **теоретикалық негізінде** М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филология ғылымдарының докторы Ш.М. Григорьевнаның "Data Journalism - деректер журналистикасы, метадеректер журналистикасы - медиакоммуникация құрылымындағы теориялық зерттеу тәсілдерін қалыптастыру" атты мақаласы талданды.

Кілт сөздер: қоғаммен байланыс, метадеректер, интеграция, ашық деректер, трансмедиа, дата журналистика, блокчейн.

Аннотация. В этой статье рассказывается как использовать большие объемы компьютерных и интернет-данных. Речь идет о big data, open data, linked data, которые являются относительно новыми терминами. Основная цель состоит в том, чтобы определить роль, которую метаданные играют в области PR, и показать, насколько эта технология влияет на структурно – функциональные изменения в профессиональной деятельности авторов. Также рассмотрим, как развивается технологический цикл этого направления. Основным вопросом является то, готово ли технологическое направление в сфере связей с общественностью работать с метаданными, устанавливать интеграционные связи или нет. На теоретической основе работы проанализирована статья доктора филологических наук МГУ им. М.В.Ломоносова Ш. М. Григорьевны «Data Journalism - журналистика данных, журналистика метаданных - формирование теоретических подходов к исследованию в структуре медиакоммуникаций».

Ключевые слова: связи с общественностью, метаданные, интеграция, открытые данные, трансмедиа, датированная журналистика, блокчейн.

Abstract. This article explains how to use large amounts of computer and Internet data. We are talking about big data, open data, linked data, which are a relatively new term. The main goal is to determine the role that metadata plays in the field of PR, and to show how this technology affects structural and functional changes in the professional activities of authors. We will also consider how the technological cycle of this direction develops. The main question is whether the technological direction in the field of public relations is ready to work with metadata, establish integration links or not. On the theoretical basis of the work I analyzed the article of the Doctor of Philology of Lomonosov Moscow State University Sh.M. Grigorievna "Data Journalism - data journalism, metadata journalism - the formation of theoretical approaches to research in the structure of media communications".

Keywords: public relations, metadata, integration, open data, transmedia, dated journalism.

PR саласының функционалдық жүйесіне алғашқылардың бірі болып мән берген Дж.Грюниг 1984 жылы қоғаммен байланысты медиа коммуникацияның ажырамас бөлігі деп айтып, бұл саланы ақпарат алмасудың жаңа технологиясы ретінде қарастырған болатын. Жалпы журналистика медиа коммуникацияның ақпарат тарататын ауқымды аймағы болса, қоғаммен байланыс медиаконтинеттің

бизнес коммуникация мен әлеуметтік – экономикалық ақпараттық жүйесі болып саналады. В.Н.Степановтың айтуы бойынша, медиакommunikация алапат қоғамдық қатынас ұйымдастырушы орталыққа айналды. Біз ақпаратпен бөлісіп қана қоймай, қоғамдық сананы бағындырумен айналысып жатырмыз [1, 293]. Медиа алаңның ақпарат таратушы арналары мен каналдары неғұрлым көп болса, ақпаратты тасымалдаушы және оны сақтаушы технологиялық массив та соншалықты көлемді болмақ. ХХІ ғасырдың жаңа ақпараттық – технологиялық прогресі ақпараттық медиа үшін бұрын сонды болмаған медиа тенденцияның жаңаша парадигмасын көрсетті. Ақпаратты цифрландыру моделі журналистерге ақпаратты тез өңдеудің тиімділігінің жаңа модулін ұсынған болатын. Алайда, бұл процесс тек заманауи метаақпаратты өңдей алатын компьютерлік виртуальды форматтарға ғана тән еді. Оның шектеулі тұсы «маман – компьютерлік технология» деңгейі болды. Осыған орай келесі мәселе коммуникацияда ақпаратпен бөлісудің кедергілерін жою және мультимедиялық арнада технологиялық компьютерлі – коммуникациалды бағытта ақпарат берудің әлеуметтік маңызды тұстарын қарастыру еді. Алғаш рет ақпаратты шифрлау және медиадеректерді метадеректермен өңдеуді Ресейлік масс – медиа өкілдері айтып өткен болатын. В.Н.Степанов «Этика массовой коммуникации» еңбегінде ақпараттарға қысқа түйіндеме берудің әлеуметтік – мәдени қырын танытып, оны бизнестегі экономикалық маңызы бар жаңа ғасыр өзгерісі деп көрсетеді. Метамәліметтерді нормативке сәйкес топтарға жіктеу ақпараттық технологиялық прогрестің жаңа модулі деген тұжырымға келеді. Медиадеректердің кілттік мағынасы – коммуникациялық байланысты тез орнату, нысаналы топқа керек деректі дер кезде ұсыну, кері байланыс алудың форматын өзгерту, коммуникативті тұлғаның ақпарат алмасуының ерекшелігін бақылау және виртуалды әлемдегі ақпараттың таралу процесіне назар аудару.

ЮНЕСКО эксперттері БАҚ саласы алдағы бес жыл көлемінде ақпараттық арналардың жаңа түрі пайда болады деген тұжырымдама жасаған болатын (2012ж). Олардың айтуынша қоғамға ақпарат таратудың заманауи порталдарды ашылады. Ал, негізгі мақсат – қоғам өкілдерін ақпаратпен тікелей байланыс орната білуге шақыру, оларға ақпарат өңдеуді үйрету және ақпараттық қауіпсіздікті сақтауға жұмылдыра атсалысу. Әрбір трансмедиа өкілі ақпаратты алып қана қоймай, онымен әрекеттесуі қажет. Медиакommunikация қазір екі бағытта өзінің күшін көрсетуде – бірі журналистік ақпарат жинау, екіншісі – қоғаммен байланыс мамандарының жарнама жасауда қолданатын технологиялары. Америкалық зерттеуші Кен Доктор медиаиндустрия 12 жаңа тенденцияға жол ашады және оның экономиялық моделі өзгеріске ұшырайды деп айтқан болатын [2, 16]. Оның дәлелі ретінде «Чикаго Трибьюн» (Chicago Tribune) басылымының жүргізген экспериментін айтып өтуге болады. Дәстүрлі басылым орталығы электронды кітап шығарумен, архив материалдарын цифрландырумен айналысқан орталықтардың бірі. Дәл осы ұйым 2002 жылы жастарға арналған RedEye таблоидты қосымшаны ұсынған [3, 2]. Шетелдік мамандардың қоғаммен байланыс тенденциялары туралы мәліметтері ресейлік сарапшылардың тұжырымдарына ұқсас. Мысалы, Е.Фадеева (АҚОС) интернет - коммуникациялар маркетингтік және корпоративтік коммуникациялармен қатар озық қарқынмен дамиды, алғаш рет отандық бағыттармен салыстырғанда Интернетке басымдық береді деп болжаған болатын [4, 266].

Бірегей коммуникативтік сипаттамаларға сәйкес қоғаммен байланыстың кәсіби стратегияларын іске асыру үшін ғаламтор оңтайлы орта және құрал болып табылады. Сонымен қатар, оның функционалдық негізі коммуникациялық (техникалық-технологиялық модулі) және коммуникативті (әлеуметтік) сипаттамасы бар веб - гипермәтіндік субъект пен объектінің өзара тың әрекеттесуін бақылайды, интерактивтілік пен мультимедиялық ақпараттың дүниежүзілік кеңістіктегі мән – мағынасын, масштабын, оның жылдамдығын анықтаумен айналысады. Қазіргі таңда метадеректер автор мен оқырман арасындағы бірлескен жұмыстың нәтижесін көрсетудің конвергентті форматы болып табылады. Медиакommunikация туралы толық мәліметті big data, open data, linked data деген үш жаңа терминмен ұштастыра аламыз. Бұл масс - медиа саласының компьютерлік – интеграциялық аспектісін құраушылар. Журналистік ақпарат категориясы веб, гипермәтін, мультимедиялық алаң арқасында түбегейлі өзгерістерге ұшырады [5,22]. Коммуникативті тұрғыдан қарағанда конвергентті мәтін тек қоғам тұтынуына ғана емес, сонымен қатар, аудиторияның ойы мен санасын өзгерту үшін де қолданылады. Осы тұста метадеректердің функциясына тоқталып өткен жөн. Метадеректер кәсіби әлеуметтік коммуникацияның ғаламтордағы ақпараттық жүйесі мен мәліметтер базасынан құралады [6, 8]. Қазіргі кезде деректер базасы типологиялық жағынан өте кең. Оларды екі түрлі форматқа жіктейміз. Біріншісі: «жабық – қолжетімсіз», екіншісі – «ашық – қолжетімді». Сөздің мән – мағынасын тарқатып айтатын болсақ, метадеректер авторларға ғылыми зерттеулер жүргізуге және ғылыми еңбек жазуға қызмет еткен болатын. Технологиялық эволюцияның нәтижесінде Open Data термині қолданысқа енді. Ағылшын тілінен тікелей аудармасы ашық деректер деген мағынаны

білдіретін бұл ақпарат сақтау жүйесі ашық деректердің және дереккөздердің үлкен массивтерінен құралады. Linked data термині (ағылш. "байланысты деректер") семантикалық деп аталатын тұжырымдамамен байланысты интернеттегі деректерді жариялау технологиясының ерекшеліктерін көрсетеді. Оның негізінде автор туралы мәлімет, мәтіннің қысқаша түсінігі, ақпараттың жариялылығы, дерек көлемі, тіпті тілі мен өзге тілдердегі аудармалары туралы ақпаратты алуға болады. Коммуникациялық ақпарат пен интернеттің кең таралуына байланысты кәсіби авторлар ғана емес, қарапайым оқырмандар да өз ойын қоғамға жеткізу үшін дәл осы метадеректерге қол жеткізе алды. Медиасфераның әрбір авторы немесе азаматтық журналисті қоғам сыны мен талқылауына бірінші болып ғаламтордағы веб – парақшасы арқылы түседі. Алғашқы ақпараттық сүзгіден ол вебблогеринг арқылы өтеді. Бұл тұста автор өзін жеке тұтынушы ретінде ғана көрсете алады. Ал, оның еңбегін өз жұмысына дереккөз ретінде алған екінші автор метадеректерді ашық қолдану жүйесінен өтеді. Метамәлімет тек журналистерге тән деп кесіп айту қате екенін осыдан көруге болады. Себебі, кері байланыс беретін аудиторияға Linked data-ның бар функциясы қолжетімді. Бұл туралы ағылшындық зерттеушілер өткен ғасырдың 90 жылдарында айтып өткен-ді. Мәселен, ғаламтор пайда болған кезде, сандар торы арқылы барлық информацияны кодтау және жұртшылыққа аз көлемде ұсыну үшін техне – эпистомус атты компьютерлік модуль қалыптасқан болатын [7, 12]. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, метаақпараттардың қолданысқа енгізілуі журналистика саласынан бастау алғанын көреміз [8, 3]. Оның терминологиялық атауы Big Data, қазіргі кезде дата – журналистика бағыты. Америка Құрама Штаттарында бұл бағыт ресми журналистік сала ретінде 2006 жылы қалыптасса, көрші Ресей журналистері мен жеке фрилансерлері 2013 жылдан осы саланың қызметіне жүгіне бастады [9, 202]. Журналистикада үлкен көлемдегі деректерді, статистиканы қолдану модельдері XIX ғасырдан бастап қалыптасып келеді, алайда сандық компьютерлік метадеректерге негізделген медиакоммуникацияның соңғы онлайн модельдері дәстүрлі офлайн және компьютерлік модельдерден барлық жағынан ерекшеленеді. Алайда, Ресейлік қоғаммен байланыс өкілдері бұл тұжырымдамамен келіспейді. Мысалы, Ресей МСТ қоғаммен байланыс жөніндегі вице – президенті Василь Лацанич «Үлкен деректерге сұраныс өте аз, көп оқырман оның бар екенін және не екенін әлі де білмейді. Оның қоғаммен байланыста бірінші пайда болғанымен көбісі келіспейді», - деген болатын. Расымен де, интернет PR модельдерінің классикалық элементтерінің ерекше виртуалды сипаттамаларын анықтайды. Адресант, яғни қоғаммен байланыс маманы, әртүрлі деңгейдегі қамтылған, ресімделген интерактивті кешенді коммуникация құруға мүмкіндік алады. Ол мәтін арқылы тікелей нысаналы топпен байланыс орнатуға қол жеткізеді. Адресанттың коммуникацияны қалыптастыруда өзгелермен тең құқықтары бар, олар компьютерлік технологияның соңғы нұсқаларында мүмкіндігінше жеңілдетілген. Ашық деректерді ұсыну Дүниежүзілік Интернет консорциумы (World Wide Web Consortium – W3C) әзірлеген RDF (Resource Description Framework) негізгі стандартына негізделгенін айтып өткен жөн [10, 33]. Сондықтан бұл стандарт мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін - өзі басқару органдары ашық деректерді жариялау бойынша әдістемелерінде, сондай - ақ жариялауға қойылатын техникалық талаптарда ұсынылады. Қазіргі кезде метадеректердің құқықтық – тұтынушылық қорғалуы «блокчейн» ұғымымен танылуда. Бұл технология кез келген автордың жұмысын пайдалану кезінде оның толық көшірмесін дерекқор пайдаланушының іздеу жүйесінде шифрлық код арқылы сақтауға көмегін тигізеді. Бұл ақпаратты синхрондау арқылы үшінші тараптың оны жойып жібермеуіне және өзгертпеуіне кепіл береді [11, 128].

Сонымен, журналистикадағы метадеректердің теориялық негіздері мен жұмыс істеу қағидалары мынадай тұжырымдамаға сәйкес келетінін білдік: метадеректер журналистикасы бұл - авторлық аналитикалық мазмұнды бірегей жеткізудің және аудиториямен тиімді өзара әрекеттесудің интерактивті форматтарын қалыптастыру үшін метадеректердің цифрлық көздерінің ақпаратын іздеуге, талдауға, визуализациялауға арналған нақты дағдылар жиынтығы. Қазіргі таңда оны медиакоммуникацияның жаңа журналистік бағыты немесе форматы, медиа мәтін мазмұны мен форматы, оның жаңа жанры, метадеректік негізі мен методикасы деп көрсетуге болады. Метадеректердің аналитикалық форматы журналистикадағы қолданбалы ғылыми білім сияқты емес, өзіндік әдістері бар ғылым ретінде қалыптастырудың негізі бар деп есептейді зерттеушілер. Бұл ақпаратты тексеруге болатын бірден – бір метаформат екенін ұмытпаған жөн [12, 6]. Медиакоммуникацияның осындай сапалы өзгерістері автор үшін медиакоммуникация пәні болып табылатын медиа кешенді ғылым жүйесі мен медиалогия тұжырымдамасын көрсетеді. Сондай-ақ, ғаламтордағы осындай аналитикалық медиамазмұнды ұсыну медиа ақпаратты тұтынудың жаңа форматын дамытуға мүмкіндік береді. Аудитория үшін пікір қалыптастыру ғана емес, білім қалыптастыруға деген көзқарасты тереңдетеді, эволюциялық ақпараттық дамудың инновациялық парадигмаларының пайда болуына жол ашады. Мысалы ЕО-да инновациялық даму ресурсын

пайдалану масс-медиа мамандары үшін коммуникативтік – қызметтік міндет болып табылады. Сол арқылы метадеректердің журналистік перспективалары кеңінен дамиды. Кәсіби коммуникация өзінің онтологиялық мәртебесін өзгерте алады, қызмет саласының ерекшеліктеріне қарай, саясатқа, экономикаға, мәдениетке әртүрлі ықпал етеді. Бұл корпоративтік сәйкестілік дағдарысын еңсеру үрдісін тіркеуге мүмкіндік береді.

Сонымен, кәсіби шығармашылық тұрғысынан қарайтын болсақ, метадеректер журналистикасы ғаламтор деректерін қолданғанына қарамастан, авторлық принциптің маңыздылығын, технологияны емес, гуманитарлық және журналистиканың технократиялық даму тенденцияларын нығайтуға ықпал етеді. Өйткені метамәліметтер мен материалдар журналистикалық ақпаратты құруға және фактпен ұсынуға негіз болып табылады. Осылайша, белгіленген бағыттағы теориялық зерттеулер қазіргі журналистиканың корпоративті сәйкестігінің шығармашылық дағдарысын іс жүзінде жеңуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. В.Н.Степанов // Этика массовой коммуникации. Средства массовой информации в современном мире // Петербург окулары: жоғары оқу орындарының ғылыми – тәжірибелік конференциясы. СПб баспасы, 2016.
2. Doctor K. // Newsonomics 12 New trends that will shape the news you get // St. Martins Press баспасы, Нью-Йорк, 2010 // ағылшын тіліндегі дереккөз, жеке аударма
3. Future arts, media and entertainment // Seeds for 2020 // n.y. баспасы, 2011 // ағылшын тіліндегі дереккөз, Р.67 жалпыға қол жетімді сайты
4. Media Communications: Transformation Tendencies. New paradigms in Mass Communication Studies World of Media // 2009 // Шилина М., Медиа XXI века как объект исследования // Несколько тезисов об инновационных подходах к изучению массовых коммуникаций // Медиальманах баспасы, Мәскеу, 2010
5. Шилина М.Г. // Интернет коммуникация в связях с общественностью // «Мь» баспасы, Мәскеу, 2019
6. Шилина М.Г., Левченко В.Ю. // Big Data, Open Data, Linked Data, метаданные в пиар: актуальные модели // Вестник МГУ, №1 басылым, Мәскеу, 2014
7. Berry D.M. // Thinking about Digital Human Science. Machine Culture // АҚШ, Калифорния штаты баспасы, 2011 жыл
8. Шилина М.Г., Левченко В.Ю. // Big Data, Open Data, Linked Data, метаданные в пиар: актуальные модели // Вестник МГУ, №1 басылым, Мәскеу, 2014
9. Гавра Д.П. // Основы теории коммуникации // СПб баспасы, 2011
10. Р.Р.Кильдеев // Понятие метаданных и их конституционная защита // Известия высших учебных заведений// University proceedings. Social sciences. №3, Пенза, Ресей, 2021
11. В.Б. Нагородская // Новые технологии (блокчейн и искусственный интеллект) на службе права // научное – методологическое пособие // А.В.Новоселова редакциясы, Ресей, 2019
12. Media communications: Transformation Tendencies. New Paradigms in Mass Communication Studies World of Media // Несколько тезисов об инновационных подходах к изучению массовых коммуникации // Медиальманах баспасы, №5, Мәскеу, С. 6-12, 2019 жаңа жинақ

ҚАЗАҚ КИНО ӨНЕРІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДА ЖАЗЫЛУЫ

Орнықбай Т.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, журналистика факультетінің докторанты

Ғылыми мақалада кино өнерінің ХХІ ғасырларда техникалық өнертабыс ретінде пайда болуы мен дамуы, кинематография театр, кескіндеме және музыкамен қатар мәдени кеңістікте жетекші орынға шығуы, кино өнерінің қоғамның рухани саласын дамытудың ажырамас бөлігі және медиакөңістіктегі рөлі мен маңызы ғылыми негізде зерделенген. Сонымен қатар, бүкіл әлемде кино өнерін ақпараттық мәдениеттің қалыптастырушы ретінде сипаттаған американдық ғалым Э. Тоффлер, Канадалық зерттеуші М. Маклухан, француз кинотанушысы Д. Митри және т.б. ғалымдардың еңбегтеріне ғылыми сараптама жасалған.

Қазақстандағы киноиндустрияның қалыптасу мен дамуы, «Восток-фильм» өнімдерінің ерекшелігі, «Советский Казахстан» апталық киножурналының маңызы мен және Қазақ КСР-нің

калыптасуы туралы деректі фильмдер шығаратын кинохроника студиясының құрылуы жүйелі түрде талданған.

Қазіргі қазақ баспесөзіндегі қаламгерлердің Назира Рахманқызы, Гулажар Машрапова, Ержан Жұмабеков, Дана Әмірбекова сынды кинотанушы-ғалымдар материалдарын жариялануының жанрлық, формалық ерекшеліктерне сипаттама беріледі. Қазақ кино өнерінің өзекті мәселелерінің отандық мерзімді басылымдарда жазылуы, қазақ кино өнерінің Шәкен Айманов, Сұлтан Қожықов, Абдолла Қарсақбаев сынды дарынды тұлғаларының туындыларының еңбектерін қазіргі кино саласының мамандарының еңбектерімен ғылыми тұрғыдан салыстыра сарапталған.

Түйін сөздер: кино, режиссер, киноөндіріс, мерзімді баспасөз, мақала, жарияланым, медиакеңістік, идеология, продюсер, сюжет, шоумен.

PUBLICATION ABOUT KAZAKH CINEMA ART IN PERIODICALS

The scientific article on a scientific basis examines the emergence and development of cinematography as a technical invention in the XXI century, the emergence of cinematography to a leading place in the cultural space along with theater, painting and music, the role and importance of cinematography in the media space and an integral part of the development of the spiritual sphere of society. In addition, a scientific examination of the works of the American scientist E. Toffler, the Canadian researcher M. McLuhan, the French film critic D. Mitri, and others, who characterized cinema art as the formation of information culture, was carried out all over the world.

The formation and development of the film industry in Kazakhstan, the specifics of the production of "Vostok-film", the importance of the weekly newsreel "Soviet Kazakhstan" and the creation of a newsreel studio producing documentaries about the formation of the Kazakh SSR are systematically analyzed.

The description of genre, formal features of the publication of materials of modern Kazakh writers-film critics Nazir Rakhmanovna, Gulazhar Mashrapova, Zhanan Zhumabekov, Dana Amirbekova is given. Writing topical issues of Kazakh cinema art in domestic periodicals, scientific comparison of the works of talented figures of Kazakh cinema art Shaken Aimanov, Sultan Kozhykov, Abdulla Karsakbayev with the works of modern specialists of the film industry.

Keywords: cinema, director, filmmaking, periodical press, article, publication, media space, ideology, producer, plot, showman.

ПУБЛИКАЦИЯ О КАЗАХСКОГО КИНОИСКУССТВЕ В ПЕРИОДИЧЕСКИХ ИЗДАНИЯХ

В научной статье на научной основе изучены возникновение и развитие киноискусства как технического изобретения в XXI веках, выход кинематографии на ведущее место в культурном пространстве наряду с театром, живописью и музыкой, роль и значение киноискусства в медиапространстве и составной части развития духовной сферы общества. Кроме того, во всем мире проведена научная экспертиза работ американского ученого Э. Тоффлера, канадского исследователя М. Маклюэна, французского кинокритика Д. Митри и др., которые характеризовали киноискусство как формирование информационной культуры.

Систематически анализируются становление и развитие киноиндустрии в Казахстане, специфика продукции «Восток-фильм», значение еженедельного киножурнала «Советский Казахстан» и создание студии кинохроники, выпускающей документальные фильмы о становлении Казахской ССР.

Дается описание жанровых, формальных особенностей публикации материалов современных казахских писателей-кинокритиков Назира Рахмановна, Гулажар Машрапова, Жанан Жумабеков, Дана Амирбекова. Написание актуальных проблем казахского киноискусства в отечественных периодических изданиях, научное сравнение произведений талантливых деятелей казахского киноискусства Шакена Айманова, Султана Кожыкова, Абдуллы Карсақбаева с трудами современных специалистов киноиндустрии.

Ключевые слова: кино, режиссер, кинопроизводство, периодическая пресса, статья, публикация, медиапространство, идеология, продюсер, сюжет, шоумен.

Кіріспе

Кино өнері - әдебиет, музыка және кескіндеме қасиеттеріне ие шығармашылықтың жеке түрі. XIX–XX ғасырлар тоғысында техникалық өнертабыс ретінде пайда болған кинематография театр, кескіндеме және музыкамен қатар мәдени кеңістікте жетекші орынға шықты. Кино өнерін қоғамның

рухани саласын дамытудың ажырамас бөлігі ретінде қарастыруға болады. Бүкіл әлемде қазіргі қоғам ақпараттық мәдениеттің таралуымен сипатталады. Американдық ғалым Э. Тоффлер кино өнерінің мәдениеттегі маңызын атап өтсе, Канадалық зерттеуші М. Маклухан киноны тек өнер түрі ретінде ғана емес, сонымен қатар шексіз мүмкіндіктермен байланыс құралы ретінде қарастырды (Беньямин В.Н. 2012). Киноның коммуникативті қызметі өнердегі экспрессия құралдарын жетілдірудің негізіне айналады. Қазіргі заманғы кинематография ойын-сауық, ақпараттық, тәрбиелік, білім беру сынды коммуникация функцияларының толық спектрін көрсетеді. Киноның қоғам үшін маңызы оның эстетикалық және күнделікті, бейқам қоғамдық санаға тез әрі жаппай әсер етуінен тұрады. Мұнда материалдық және рухани сала тығыз өзара байланысты әрі киноны рухани өмірді ұйымдастыру әдісі ретінде қарастыруға да болады. Кино туындылары оны тудыратын кең әлеуметтік-мәдени контекстпен байланысты. Француз киносыншысы А. Базен: «Көрерменнің қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып белсенді жеке сананың рөлін төмендететін, театрда қабылданбайтын кинотеатр «бұқаралық көрермен» қалыптасуына әсер етеді», - деп тұжырымдады (Базен А., 1972). Киноның медиа кеңістіктегі орны туралы мәселе мәдениеттанушыларды, әлеуметтанушыларды, өнертанушыларды 1895 жылдан бастап - жаңа техникалық өнертабысты көпшілікке ұсынған ағайынды Люмьерлердің әйгілі сессиясынан бастап 125 жыл бойы қызықтырды. Кино теоретиктері мен практиктерінің бағалауында бар диспропорция да көзге түседі. Екеуі де мойындайтын жалғыз факт - бұл кино техникалық өнертабыс ретінде бастапқыда тек «қозғалатын фотосурет» болды. Өнер туындысына айналмас бұрын, ол ғылыми-техникалық прогрестің факторы ретінде фотосуретпен, телеграфпен, радиомен бірге бұқаралық коммуникация мәдениетіне енуі керек еді. Кинотеатрдың дамуының алғашқы кезеңі киноның эмпирикалық жағына қызығушылықпен ерекшеленді. Көптеген теоретиктер гойдың немесе оның көркемдік ерекшелігінің басқа жағын зерттеуге негізделген кино тұжырымдамаларын жасауға тырысты. А. Базеннің пікірінше, киноның өнертабысы, ең алдымен «адамзаттың әлемді қабылдауда көптеген өзгерістер тудырды, біздің әлемнің алты мың диалектісіне үстемдік ететін әмбебап тіл пайда болды, біз оны есту арқылы емес, көру арқылы сіңіреміз» (Базен А., 1972). Кино теориясын зерттеген венгер ғалымы Б. Балаш киноның эстетикалық құндылығы оның көркемдік ерекшелігімен сипатталады және оның негізін «кино эпистемологиясы» құрайды деген көзқараста болған. Ал, кинодағы «идеологиялық» және «көркем» диалектиканы алғаш рет режиссер және теоретик-ғалым С.М. Эйзенштейн терең зерттеді. Эйзенштейн киноны идеологиялық саяси ұрандарға "бейімдеуге" деген ұмтылыста емес, киноның жаңа мүмкіндіктерін қолдана отырып, әлемге диалектикалық көзқарас беретін біртұтас дүниетанымды білдіре алатын көркемдік жүйені құру қажеттілігіне назар аудартты. Эйзенштейн «Кино-бұл диалектикалық ойлайтын адамның санасында пайда болатын әлем картинасының «көркемдік» бейнесі. Өнерді идеологиямен «алмастыру» емес, өнер мен революциялық идеологияның синтезі» - деді Эйзенштейн өзінің шығармашылығында да, теориялық зерттеулерінде де ұмтылды. Эйзенштейннің кинематографиялық ойлау мен әдістің диалектикасы туралы идеясы өте терең және жемісті, өйткені кинематографияның философиялық табиғатын жаңа мәдениеттің құбылысы ретінде түсінуге болады (Эйзенштейн С.М., 2000). Сонымен қатар, С. Эйзенштейннің пікірінше, медиа-мәдениет жүйесінде киноны бөліп көрсету дәстүрлі өнердің жоғары синтезіне және шынайы реалистік негізде адамның тұтас көркемдік бейнесін жасауға қадам болды. Кино, Эйзенштейн өнердің ешқайсысы сияқты қабілетті деп санады (Эйзенштейн С.М., 2000). Қазақ кино өнерінің алғашқы туындысы «Амангелді» (1938 жылы) фильмнің сценарийін жазуға қазақ жазушыларынан Бейімбет Майлин және Ғабит Мүсірепов қатысады. Қазақстанда дербес кино өндірісі әлі қалыптаса қоймағандықтан «Амангелді» көркемсуретті фильмі «Ленфильм» киностудиясында түсірілді. Туындының негізгі идеясы қазақ азаматтарын қара жұмысқа алу мақсатында жүргізілген патшалық саясатқа наразылық білдіріп қарсы шыққан 1916-жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің қаһарманы-Амангелді бейнесі төңірегінде шоғырланады. 1939 жылы қазақ даласына революция әкелген жаңалықтардың бірі - әйел бостандығы тақырыбын шығармасына арқау еткен «Райхан» фильмі түсірілді. Мұхтар Әуезов 1939 жылы Республика көлемінде жарияланған ұлттық тақырыптағы киносценарийлер байқауына осы саладағы алғашқы туындысы «Райханды» ұсынады. Бірінші жүлдеге ие болған бұл сценарий нұсқасымен ізінше «Ленфильм» киностудиясында көркемсуретті фильм түсіріледі. Әйел теңсіздігін жою идеологиясына байланысты Орта Азия халықтарында 1920-30 жылдар аралығында «Чадра» (1927ж. «Өзбекфильм», реж. Авербах); «Дочь святого» (1931ж, «Өзбекфильм», реж.Фрейлих); «Дурсун» (1940ж. «Туркменфильм», реж. Иванов-Барков); «Гаджи-Кара» (1929ж. «Әзірбайжанфильм», реж.Микаэлов) тағы басқа бірқатар үздік киношығармалар болды (Нөгербек Б.Р., Наурызбекова Г.Қ., Мұқышева Н.Р., 2005).

Библиографиялық шолу

Дәстүрлі кино өнерінің бастауы 1911 жылы француз өнертанушы Р. Канудоның «Жеті өнер манифесін» жариялауымен байланысты, онда кино өнері классикалық өнер ретінде көрсетілді. 1910 жылдары Кинематография туралы шығармаларда «кино өнер ме, жоқ па?» деген сұрақ басты назарда болды, сонымен қатар басқа өнерге қарағанда киноның шындыққа жақындығы туралы мәселе талқыланды. 1915 жылы Америкалық ақын В. Линдсей «Кино өнері» тақырыпты кітап шығарды. Онда ол табиғатпен үйлесімділік, кейбір мифологиялық туындылар, иероглифтер, жазу таңбаларының пайда болуы - адамзаттың әмбебап тілі – кино өнерінің пайла болуы, барлығы кинематографтың шығармашылық ізденісінің нәтижесі екенін дәлелдеді. 1916 жылы Гарвард психологы Мюнстерберг «Фотописьма: психологиялық зерттеу» еңбегін жарыққа шығарды. Ғалым кино өнеріндегі «фильмнің құралдары белгілі бір психикалық объективтілік ретіндегі құбылыстар» деп түсіндіреді. Ол кино «сыртқы әлемнің формаларын, атап айтқанда кеңістікті, уақытты және себептілікті жеңу арқылы және оқиғаларды ішкі әлемнің формаларына, атап айтқанда зейінге, есте сақтауға, қиялға және эмоцияларға бейімдеу арқылы оқиғаны баяндайды» деп тұжырымдады (Михайлов И. А., 2010).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уикипедия: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A8%D0%BE%D1%83-%D0%B1%D0%B8%D0%B7%D0%BD%D0%B5%D1%81>
2. Тұржан О. Имиджология: оқу құралы. Алматы: «Эверо» баспасы, 2015. – 256 б.
3. Асауғалиева Г. Имидж және оның қоғам өміріндегі маңызы. «ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» атты студенттер, магистранттар, PhD докторанттардың XVI Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Ақтөбе, 2020. – Б. 453-455.
<http://zhubanov.edu.kz/media-files/kz/gylым-men-innovaciyalar/aomu-gylymi-basylymdary/2-tom-stud-2020.pdf>
4. Шепель В.М. Имиджология: секреты личного обаяния. Академическое издательство, 2005. – 480 с.
5. Имидж түрлері, олардың сипаттамасы. – 04.02.2015ж.. – Мәтіні: электронды. URL: <https://www.uniface.kz/index.php?post=article§ion=2&id=270/> (қаралған күні: 20.02.2023).
6. Нестеров А.К. PR в шоу-бизнесе// Энциклопедия Нестеровых – <https://odiplom.ru/lab/pr-v-shou-biznese.html>

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨРШІЛЕС РЕСЕЙ МЕН ҚЫТАЙДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ
АЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕЛЕРДІ НЫҒАЙТУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК
САУАЛНАМАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУЫ**

Саудабекова Э.К.,

*Нархоз университеті, философия ғылымдарының кандидаты, пәнаралық оқыту
орталығының қауымдастырылған профессоры,*

Мұқан С.М.,

*Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, халықаралық қатынастар
мамандығы бойынша философия докторы (PhD), медиакоммуникация және Қазақстан тарихы
кафедрасының профессоры,*

e-mail: s.mukan@iitu.edu.kz

Ташбулатова М.К.,


*Нархоз университеті, философия ғылымдарының кандидаты, пәнаралық оқыту
орталығының қауымдастырылған профессоры*

Аңдатпа

Мақалада қазіргі кезеңдегі геоясаяси ахуалдың дүрбелең жағдайы кезеңінде байқалатын құбылыстардың нәтижесіндегі қазақстандықтардың әлеуметтік сауалнамаға қатысып, пікірлерін білдіруімен сипатталады. Әлеуметтік сауалнама Алматы және Астана қаласындағы ақыл-ой орталықтары сарапшыларының негізіндегі жауаптарына сүйене отырып сарапталған. Әлеуметтік сауалнама google.com платформасы арқылы жинақталып, 2023 жылдың 1-31 қаңтар аралығында жүргізілген. Сауалнама 15 сұрақтан құралған және дәстүрлі мақала жазу барысындағы пайдаланылған әдебиеттер тізімі қолданылмаған. Мақала тәжірибелік сипаттағы қолданбалы сараптамалық сауалнама қорытындысы ретіндегі еңбек болып саналады.


Кілтме сөздер: ұлттық мүдде, Ресей, Қытай, тәуелсіздік, территориялық тұтастық.

1 Ресей Қазақстанның егемендігі мен территориялық тұтастығының басты кепілі ретіндегі пікірмен келісесіз бе? (Сурет 1)




Сурет 1 көрсеткендей, Ресейге деген сенімсіздік күннен күнге артуда. Территориялық тұтастық пен егеменділіктің ең басты нышандарының бірі бүгінгі Қазақстанның превентивті дипломатияның алдын алу іс-қимылдарын жүргізе келе, маңыздылығын жоғалтпады. Әрине екі жақты сауда-саттықтың постковид кезеңінен кейінгі кездегі қалпына келтірілуі жандану мәселесін екі жақты тиімді деңгейде жүзеге асырылуына ұмтылыс жасайды.

2 Ресей Қазақстанның егемендігі мен территориялық тұтастығының басты қауіп төндіретін мемлекет ретіндегі пікірмен келісесіз бе? (Сурет 2)




Сурет 2 көрсеткендей, респонденттердің басым бөлігі (79,2%) – «иә» деген жауаппен шектелді, яғни бүгінгі Ресейдің халықаралық абыройы респонденттер арасында көптеген сындарға ұшыратып, Ресейдің әлеуеті бар Қазақстанға қауіп төндіретін бірден бір мемлекеті ретінде атап өтуі тектен тек емес.

3 Сіздің ойыңызша, Солтүстік Қазақстан жерлері «Ресейден келген сыйлық» - деген пікірмен келісесіз бе? (Сурет 3)




Сурет 3 көрсеткендей, респонденттердің басым бөлігі (97,9%) – «жоқ» деген пікірмен ерекшеленді. Қызықты жәйтке келетін болсақ, «иә» - деп жауап бергендердің (2,1%) – Солтүстік Қазақстан жерлері «Ресейден келген сыйлық» деген пікірмен ерекше пікірге ие болды.

4 Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынасты тең деңгейде, - деп санайсыз ба? (Сурет 4)




Сурет 4 көрсеткендей, респонденттердің басым бөлігі (78,1%) – «жоқ» деген жауабымен Қазақстан-Ресей қатынастарының деңгейін тең емес деп атауда. Бұған себеп, екі жақты сыртқы экономикалық қатынастардан тыс, халықаралық істерде Қазақстан Ресейді әрдайым толыққанды қолдамауымен, өзінің ұлттық мүдделерімен шектеледі.

5 «Орыс әлемі» тұжырымдамасының Қазақстанның ұлттық бірегейлігіне қарсы бағытталған – деген пікірмен келісесіз бе? (Сурет 5)




Сурет 5 көрсеткендей, респонденттердің басым бөлігі (84,4%) – «иә» деген жауаппен шектелсе, «орыс әлемі» тұжырымдамасының РФ сыртқы саясат күн тәртібінде әлі де болса маңыздылығын жоғалтады және одан әрі дамыту мәселесін дамыту бағытын анықтауда.

6 Қазақстанның ҰҚШҰ-ға қатысуын қолдайсыз ба? (Сурет 6)




Сурет 6 көрсеткендей, респонденттердің басым бөлігі Қазақстанның ҰҚШҰ-на қатысуын қолдамайды. Қазақстан ұйымның құрылтайшысы болуына қарамастан әскери-саяси блок ретінде қалыптаса қойған жоқ. Ұйым мүшелерінің өздерінің ұлттық мүдде тұрғысынан іс-әрекет етуі Мәскеуді алаңдамай қоймай, сонымен қатар кішігірім мемлекет-мүшелеріне ықпал етумен келеді.

7 2022 жылғы қаңтар оқиғасынан кейін Қазақстан Ресейдің «қарыз мемлекеті» - деген пікірмен келісесіз бе? (Сурет 7)




Сурет 7 көрсеткендей, респонденттердің басым бөлігі (91,7%) – «жоқ» деген пікірді ұстанумен қатар, «иә» деген жауапты респонденттердің – 8,3%-ы білдірген. Демек, қаңтар оқиғасынан кейінгі Қазақстанның Украина мәселесі бойынша Ресейді қолдамауы респонденттердің басым бөлігі қарыз емес - деген ұғымға келуде.

8 Ресейдің Қазақстанға «Украина сценарийін» енгізіп жатыр – деген пікірмен келісесіз бе? (Сурет 8)




Сурет 8 көрсеткендей, респонденттердің басым бөлігі сұрақты құптайды. Яғни Қазақстанда Украина сценарийі болуы мүмкін деген тұжырымдама жасалынды (59,4%). Мұндағы Қазақстандағы ұлттық қауіпсіздік пен ұлттық мүдделері керекті шараларды жүзеге асырумен айқындалады.

9 Қытай Қазақстанның егемендігі мен территориялық тұтастығының кепілі деген пікірмен келісесіз бе? (Сурет 9)




Сурет 9 көрсеткендей, респонденттердің басым бөлігі (82,3%) – «жоқ» деген пікірмен шектеледі. Ал 17,7%-ы «иә» деген пікірмен Ресеймен салыстырғанда әлдеқайда төмен көрсеткішті көрсетіп отыр.

10 Қытай Қазақстанның егемендігі мен территориялық тұтастығына қауіп төндіреді деген пікірмен келісесіз бе? (Сурет 10)




Сурет 10 көрсеткендей, респонденттердің 36,5%-ы – «жоқ» деген пікірмен шектелді. Ал қауіп төндіреді деген пікірге респонденттердің 63,5%-ы құптап отыр. Бұл дегеніміз, Қазақстанға көрші екі елдің (Ресей, Қытай) территориялық тұтастық қаупі басымырақ екендігі байқалуда.

11 Шыңжаңдағы мұсылман азшылықтарды, оның ішінде қазақтарды қудалау Қазақстанның ұлттық бірегейлігіне қауіп төндіреді деп ойлайсыз ба? (Сурет 11)




Сурет 11 көрсеткендей, респонденттердің жауаптары репрезентативті емес. Яғни Суретның негізінде сараптама жасау оңай емес. Себебі, респонденттердің мәселе бойынша хабары жоқ немесе зерттеу фокусының шеңберінде емес екендігі байқалады. Дегенмен де, ресми Астана бұл мәселені Қытайдың ішкі мәселесі ретінде қабылдайды.

12 Қазақстан мен Қытай қарым-қатынастары тең деңгейде деп ойлайсыз ба? (Сурет 12)




Сурет 12 көрсеткендей, алпауыт Қытайдың Қазақстанға деген көзқарасы респонденттер тарапынан тең емес екендігі аңғарылады. Бұл ретте, саяси-экономикалық қатынастардың біркелкі емес екендігі де белгіленді, яғни тауар алмасу бойынша қытайдың тауарлары тек қана әлемдік нарықта бәсекеге түспей сонымен қатар Орталық Азияға қақпа ретіндегі Қазақстанды өзінің серіктесі ретінде қарастырады.

13 Сіз Қытайды Ресеймен салыстырғанда аса маңызды қауіп көзі деп санайсыз ба? (Сурет 13)




Сурет 13 көрсеткендей, сондай-ақ алдыңғы сауалнамалардың қорытындысы бойынша Қытай Ресейге қарағанда бейбітшіл актор ретінде қарастырылады. Оған дәлел Қытайдың Тайваньдағы саясаты ашық агрессия мен аннексиялауға бармауында болып отыр.

14 Қазақстанды Қытайға тәуелді мемлекет ретінде қарастыруға болады ма? (Сурет 14)



Сурет 14 көрсеткендей, респонденттердің басым бөлігі (54,2%) – «жоқ» деген пікірмен шектелді, яғни ешқандай да бір ұйым немесе екі жақты байланыстар арқыры Қазақстан Қытайға тәуелді емес деген пікірге келеді.

15 Сарапшылардың пікірінше, Қазақстан Қытайдың шикізаттық қайнаркөзі. Қазақстанның экономикалық тәуелділік Қытайдың саяси тәуелділікке айналды ма? (Сурет 15)



Ал Сурет 15 көрсеткендей, керісінше Қазақстанның Қытайға экономикалық тәуелділігі саяси тәуелділікке айналумен көрсетіледі. Мұндағы саяси тәуелділік Қазақстанның көп векторлы сыртқы саясатының сындарлы жылдарындағы жұмысының нәтижесі дегені тұжырымдамаға келуге болады.

Қорытынды

Жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың нәтижесінде қандай қорытындылар жасауға болады?

1. Ресейдің бүгінгі халықаралық абыройына нұқсан келтіретін факторлардың негізінде және оқшаулану мәселесі Қазақстанның ұлттық мүдделерін нығайтудың маңызды стратегиялық бағытын ұстануын қажет етеді.
2. Бұрын соңды болмаған халықаралық қатынастар жүйесіндегі жүйелік өзгерістердің әлемдік халықаралық қатынастар жүйесін реформалау мүмкіндігі туып отыр.
3. Постпандемиялық дәуірдегі Қытайдың халықаралық сахнада беделі артуымен қатар, Қазақстанның тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін мәселелердің бар екендігі анықтап көрсетті.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КИНО: АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

Тілембай Н.,

ЕҰУ Телерадио және Қоғаммен байланыс кафедрасының 2 курс магистранты

Аңдатпа: «Барлық өнердің ішіндегі біз үшін ең маңыздысы – кино!» Осыдан ғасырға жуық уақыт бұрын көтерілген қызыл көсем ұраны әлі күнге өз өзектілігін жойған жоқ. Жоймақ тұрмақ, бұл өнер маңызы күн өткен сайын үдей түсуде. Өйткені, әлемдік ықпал үшін күрес жаңа ғасырда жаңа сипатқа ие болды. Жер-жаһанды қаруға жалындырмақ пиғылдың күні өтіп, ендігі жерде ол әрекет әлемді ауызға қаратудың жаңа тәсіліне аяқ басты. Оны мәдени-идеологиялық майдан дер едік. Мұнда жеңіске жеткендер Кеңес Одағы сынды тұлабойы толған қару империяның өзін бір оқ шығармай, мұрттай ұшыра білді. Неге? КСРО-да әр фильм өндірісіне долларға шаққанда 1 миллиондай қаржы жұмсалатын. Ал АҚШ-та сол кездің өзінде әр кинолентаға орта есеппен 20 миллиондай қаржы беріліп жатты. Бір фильмнен алатын сценарист қаламақысы Кеңес Одағында 10 мың долларға әрең жетсе, АҚШ-та сол кездің өзінде ол 500 мың долларға дейін баратын. Нәтижесінде, Америка киносы өткен ғасыр аяғында әлемдік экранды жаулады. Кеңес киносы болса өз көрермендеріне өзі ие бола алмай жатты. Олай дейтініміз, сол кездегі аға-апаларымыз шетел киносы дегенде кинотеатрларға қойдай қаптайтын. Бұл мәдени-идеологиялық майдандағы көрінеу жеңіліс еді. Күні кеше көз алдымызда өткен осынау тарих сабағын бүгін біз әдейі еске алып отырмыз. Ондағы ой мәдени-идеологиялық күрестің ойыншық емес екенін қаперге салу. Бұл бүгінде де солай. Себебі, мәдениет пен өнердің көш басында аудиториясы төрткүл дүниені төріне отырғызған кино-телеэкран тұр. Бұл фактормен санаспаған ел, сөз жоқ, күндердің күнінде осы сала дамыған елдердің ықпалында кетпек. Экран, әсіресе, телеэкран біз жоғарыда айтқан майдандағы бір жойқын қару.

Түйін сөздер: ұлттық кино, кинематография, киноиндустрия, «Қазақ фильм», кинофестиваль, туынды, картина, режиссер, продюсер.

Қазақстанда соңғы жылдары кинотеатрлар, кинокөрермендер саны едәуір өсті, ең бастысы, жыл сайын отандық киноның саны мен сапасы артып келеді. Қазақстандағы киноиндустрияның тарихы 1910 жылы Қазақстан аумағындағы алғашқы киносеанстан басталды. 1917 жылы Қазақстанда 13

кинозал болған. Алғашқы кинотеатрлар 1925 жылы Қазақстан аумағында түсірілді. Сол жылы Қазақстан туралы «КАССР мерейтойы» атты алғашқы деректі фильм жарық көрді. 1928 жылы Алматыда Восток-фильм бөлімшесі құрылды, ол еліміздің соңғы жаңалықтары туралы киножурнал шығарды. 1934 жылы Алматыда «Советский Казахстан» апталық киножурналын және Қазақ КСР-нің қалыптасуы туралы деректі фильмдер шығаратын кинохроника студиясы ұйымдастырылды. 1941 жылы Алматы көркем фильмдер киностудиясы құрылды, ол 1942 жылы эвакуацияланған «Мосфильм» және «Ленфильм» студияларымен біріктіріліп, киностудия «Орталық Біріккен киностудия» (ООКС) деген атпен жұмысын жалғастырды. Қазақ кинематографистерінің кеңестік кино қайраткерлерімен бірлескен жұмысы отандық киноның өсуіне ықпал етті. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Мосфильм мен Ленфильм қайта эвакуацияланды. Алматы киностудиясы Алматы кинохроника студиясымен бірігіп, өз қызметін жалғастырды. 1960 жылы киностудия «Қазақфильм» болып өзгертілді. 1984 жылы «Қазақфильм» киностудиясына ұлттық кинематографияның көрнекті қайраткері Шәкен Аймановтың есімі берілді.


Кеңес одағы кезінде отандық киноның дамуына сол кездегі қазақстандық жазушылар, сценаристер, драматургтер, режиссерлер, композиторлар, суретшілер мен актерлер үлкен үлес қосты. XX ғасырдың 60-жылдарында қазақстандық кинематограф ұлттық киноны дамыта бастады. Әскери тақырыпта көптеген фильмдер түсірілді. Орта Азияда сапалы, мағыналы кинофестивальдер өткізіле бастады.

Жиырмамыншы жылдармен салыстырғанда отызыншы жылдар тұсында Қазақстан туралы түсірілген фильмдердің саны күрт өседі. Бұл тек хроникалық-деректі фильмдерде ғана емес, көркемсуретті киноға да қатысты болған құбылыс еді. Осы жылдары «Дала әндері» (1930ж., сц. авторы Е.Арон, реж.А.Лемберг), «Жұт» (1931ж., сц. авторлары С.Ермолинский, М.Каростин; реж. М.Каростин), «Қаратау құпиясы» (1932ж.сц.авторлары А.Дубровский, Эль-Регистан; реж. А.Дубровский), «Жау сүрлеуі» (1935ж. сценарий авторлары И.Шухов, И.Правов; реж. О.Преображенская, И.Правов) атты алғашқы көркемсуретті фильмдер экранға шығады. Посткеңестік кезеңде заманауи фильмдер шығарыла бастады. Көрерменді Кеңес Одағының ағартушылық және идеологиялық суреттері қызықтырмады. Суреттер өмірге айналды. Фильмдер қазіргі Батыс киносының ерекшеліктерін көрсете бастады. Қазақ халқы туралы тарихи жанрдағы фильмдер түсірілді. 2004 жылы Президенттің «кинематография саласындағы басқаруды жетілдіру туралы» Жарлығынан кейін Қазақстанда кинокартиналар өндірісінің айтарлықтай өсуі байқалды. Жеке, тәуелсіз киностудиялар пайда бола бастады, олар «Қазақфильм» бас киностудиясымен бәсекелесе бастады. Қазақстан кинематографистерінің жаңа буыны әлемдік кинода, халықаралық кинофестивальдерде таныла бастады. Қазақстандық картиналар беделді кинофестивальдерге қатысып, жүлделерге ие бола бастады.



Жаңа ғасырдың басынан бастап қазақстандық киноиндустрия жаңа жолға түсе бастады. Сауда-ойын-сауық орталықтарының пайда болуымен заманауи жабдықтармен жабдықталған жаңа кинозалдардың өсу қарқыны жеделдеді. Бүгінгі таңда Қазақстанда 60-қа жуық ірі кинотеатр бар. Статистика агенттігінің мәліметі бойынша, соңғы он жылда кинотеатрларға бару саны 13 есе өсті. Кинопрокат Қазақстанда дербес индустрияға айналды. Егер біз киноиндустрияны тұтастай қарастыратын болсақ, оны үш дербес құрамдас бөлікке бөлуге болады: кино түсіру, кинопрокат және кинотеатрлар желісі. Дағдарысқа қарамастан, мемлекет отандық киноны қаржыландыруды жалғастыруда. Шығарылатын фильмдер саны артып келеді. Тәуелсіз кинокомпаниялар коммерциялық мақсаттарды көздеп, бюджеті төмен картиналарды түсіруге тырысады. Кескіндеме жасаудың ең заманауи техникалық құралдары қол жетімді болды. Кинорежиссерлердің жас буыны өз жұмыстарын сәтті көрсетуде. Актерлердің шеберлік деңгейі, сондай-ақ кино өндірісіне инвестиция деңгейі қарқынды өсіп жатыр. Қазақстанда кинопрокат жеке тәуелсіз компанияларға тиесілі. Олардың ішінде ең үлкені: «KinoPark», «StarSinema», «Chaplin», «Sulpak Sinema», «Interfilm distribution», «Cinema Hotel Corporation», «Арман». Олардың көпшілігі Голливудтағы және Еуропадағы ең ірі студиялармен тікелей жұмыс істейді. Кейбіреулерінің жеке кинотеатрлары жоқ және көбінесе бәсекелестерінің фильмдерін ірі шетелдік студиялардан немесе дистрибуторлардан ала алмайды. Шетелдік студиялар өздерінің кинотеатрлары бар дистрибуторлармен жұмыс істегісі келмейді, өйткені бұл фильмді жалға алудан жинауға әсер етуі мүмкін. «Kinopark» басшылығының мәліметтері бойынша, елде 250-ге жуық кинозал бар, олардың көпшілігі халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді. Қазақстандағы кинозалдар нарығының әлеуетін екі есе арттыруға болады. Өтеу мерзімі мультиплекс кинотеатр залы 15 жылдан астам. Мультиплекс - бұл көп залды «киносупермаркет», онда клиенттерге кино өнімдерінен басқа, азық-түлік сияқты көптеген тауарлар ұсынылады. Бірақ бұл сала инвестициялар үшін де, сауда және ойын-сауық орталықтары үшін де тартымды болып қала береді. Қазақстанда кино нарығы үлкен емес. Келу саны кинотеатрлар орналасқан ірі қалалардағы халықтың санына байланысты. Отандық фильмдерді көрсетуден түсетін түсімдер жиынтық кассалық алымдардың 10 пайызынан азын құрайды. Ал ресейлік дистрибуторлар Қазақстанға экспорттайтын шетелдік фильмдерден түсетін түсімдер шамамен 70 пайызды құрайды. Жобалардың рентабельділігі үшін отандық кинорежиссерлер шетелдегі әріптестерімен ынтымақтастыққа ұмтылады. Отандық картинаның әлемдік прокатқа шығуы үшін фильмді жалға беру жоспарланған елдердің заңдары мен ережелерін сақтау қажет. Мысалы, суретті Ресей нарығында көрсету үшін картинаның актерлік құрамының 70 пайыздан астамы еуропалық келбет болуы керек. Бұл көрші елдің негізгі талаптарының бірі. Дегенмен, шетелдік киностудиялармен бірлескен жобалар іске қосылуда.

Осындай мәселелерге қарамастан Қазақстандық кино айтарлықтай нәтиже көрсетуде. Мысал ретінде әйгілі кинопродюсер Нұрлан Қоянбаевтың «Қазақша бизнес» фильмі атақты Марвел киноларын басып озып, кассалық түсім жағынан рекорд орнатты. Жыл сайын «Қазақша бизнес» фильмінің жаңа санын көрермен асыға күтіп отыратын болған. Ақан Сатаевтың «Анаға апарар жол» картинасы New York Eurasian Film Festival байқауында гран при, Адильхан Ержанов «Черный, черный человек» фильмі үшін Азиялық «Оскар» саналатын «Asia Pacific Screen Awards» премиясында «Үздік режиссер», Sheker қысқаметражды сериалы «Asia contest awards» премиясын, Берлин кинофестивалінде «Happiness» сынды тағы басқада кинотуындылар бастыжүлделерді қанжығалап жүр.



Сондай ақ, Salem social компаниясы соңғы екі жылдың ішінде елуге жуық веб-сериал түсіріп көрерменнің көңілін тауып қана қоймай Халықаралық бәйгелерде үздік атанып келеді. Мысалы, «Sheker» сериалы Халықаралық Канн фестивалінің номинанты атанды. Сонымен қатар, АҚШ тың LA INDIE FILM FESTIVAL қатысты және Азияның ең үлкен жобасы Busan International Film Festival де Best Short-form\web drama номинациясы бойынша жеңіске жетті. Ал, «Мастан» сериалы Нижний Новгород қаласында өткен әлемнің үздік веб сериалдарын анықтайтын Realist Web Fest жобасында әділқазылар алқасының арнайы жүлдесін ұтып алды. «Serzhan Bratan» сериалы Лос Анджелесте өтетін АҚШ тағы тәуелсіз теле және веб сериалдардың Stareable Fest жобасында үздіктердің қатарынан табылды. Қазнетті бағындырған «5:32» сериалы АҚШ тың Catalyst фестивалінде фаворит атанды.

Продюсер Баян Мақсатқызы мен режиссер Асқар Ұзабаевтың қоғамдағы тұрмыстық зорлық-зомбылық тақырыбын арқау еткен «Бақыт» картинасы 72-ші Берлин Халықаралық кинофестивалінің «Панорама» бөлімі бойынша бас жүлдені жеңіп алды.

Елімізде соңғы уақытта талантты жас режиссерлардың да қатары көбейіп келеді. Соның бірі Голливудтық жобаларды іске асырып жүрген Айсултан Сейітовтың еңбегін айта кету керек. Жас режиссер бұрын сонды Қазақстанда болмаған этно-хоррор жанрында қазақ тарихында ең қайғылы оқиға ашаршылықты суреттен «Қаш» фильмін қазақ киносының жетістігі деп айтсақ артық етпес.



Жалпы соңғы жылдары киноиндустрияға қызығушылық танытып жүрген жас шығармашыл жастардың қатары артып келеді. Мұндай жетістіктер қазақ киносының болашағы әлі де алда екеніне шығар шыңы биік болатынына сенім орналатады. Қазақ киносы-қазақ тарихы. Өшпес із қалдырар мәдени мұра. Ертеңгі күнге бүгіннен естелік.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Қазақ киносының тарихы» (оқулық)\ ҚР Білім және ғылым министрлігі, Т. Жүргенов атындағы ҚазҰОА \ Б.Р.Нөгербек, Г.Қ.Наурызбекова, Н.Р. Мұқышева – Алматы: ИздатМаркет, 2005.
2. <https://egemen.kz/article/1585-qazaq-kinosy-turaly-oylar-men-tolghanystar>
3. <https://festagent.com/ru/festivals/busan>
4. <https://www.film.ru/movies/ash>
5. <https://the-steppe.com/razvitie/kazahstanskoe-kino>

ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПРОФЕССИОНАЛЬНО ТВОРЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ

Урбегенов Т. Б.

Казахстан, г. Алматы, магистрант

КазНУ им. Аль-Фараби

Руководитель: Асылханов Е. С.

профессор, доктор педагогических наук

Аннотация

Творчество является одной из основных составляющих познавательной деятельности человека. Оно встречается в самых разных областях духовной, социально-практической и повседневной деятельности человека. Однако в современном обществе, обусловленном высокой информатизацией и всевозрастающим ритмом жизни, все большую востребованность приобретает техническое творчество, способное оперативно отвечать на возникающие потребности человека в частности и общества в целом. В статье рассматриваются вопросы актуальности технического творчества, его основные этапы, а также возможности, открывающиеся перед индивидом в различных областях жизнедеятельности. Особое внимание уделяется цифровым технологиям, которые рассматривают не с обывательской точки зрения, как способ упрощения рутинной деятельности, но как один из факторов, оказывающих влияние на современное техническое творчество.

В статье изложены актуальные проблемы цифровизации образования. Авторами проанализированы этапы цифровизации и появление новых цифровых технологий, которые представляют собой огромный педагогический потенциал. Также рассмотрены возможности цифровых технологий в образовательном процессе вуза. Дана характеристика цифровой образовательной среды. Уточнен понятийный аппарат: «цифровая грамотность», «цифровая образовательная среда». Стратегия цифровизации образования предусматривает такие перспективные инновационные технологии, как искусственный интеллект, блокчейн и виртуальная реальность. Авторы делают вывод о том, что цифровизация образования изменяет содержание преподаваемых курсов, а также подачу информации, это не только презентации или видео, это уже прямые подключения к информационным сетям, к базам данных, форумам.

Ключевые слова: творчество; техническое творчество; цифровые технологии; информационное общество; творческое мышление; творческое образование.

Андатпа

Шығармашылық - бұл адамның танымдық іс-әрекетінің негізгі компоненттерінің бірі. Ол адамның рухани, әлеуметтік, практикалық және күнделікті іс-әрекет салаларында кездеседі. Алайда, қазіргі қоғамда жоғары ақпараттандыру мен өмір сүру ырғағының жоғарылауына байланысты жеке тұлғаның және тұтас қоғамның туындайтын қажеттіліктеріне тез жауап бере алатын техникалық шығармашылық күн санап көбірек сұранысқа ие болуда. Мақалада техникалық шығармашылықтың өзектілігі, оның негізгі кезеңдері, сондай-ақ жеке тұлғаға өмірдің әртүрлі салаларында ашылатын мүмкіндіктер туралы айтылады. Филістикалық тұрғыдан емес, күнделікті қызметті жеңілдету тәсілі ретінде емес, қазіргі заманғы техникалық шығармашылыққа әсер ететін факторлардың бірі ретінде қарастырылатын цифрлық технологияларға ерекше назар аударылады.

Мақалада білім беруді цифрландырудың өзекті мәселелері көрсетілген. Авторлар цифрландыру кезеңдеріне және орасан зор педагогикалық әлеуетті білдіретін жаңа цифрлық технологиялардың пайда болуына талдау жасады. Университеттің оқу үдерісіндегі цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері де қарастырылған. Сандық білім беру ортасының сипаттамалары келтірілген. Тұжырымдамалық аппарат нақтыланды: «цифрлық сауаттылық», «цифрлық білім беру ортасы». Білім беруді цифрландыру стратегиясы жасанды интеллект, блокчейн және виртуалды шындық сияқты келешегі бар инновациялық технологияларды қарастырады. Авторлар білім беруді цифрландыру оқытылатын курстардың мазмұнын, сонымен қатар ақпаратты ұсынуды өзгертеді деген тұжырым жасайды, бұл тек презентация немесе бейнеролик емес, бұл ақпараттық желілерге, мәліметтер базасына, форумдарға тікелей қосылу.

Түйінді сөздер: шығармашылық; техникалық шығармашылық; сандық технологиялар; Ақпараттық қоғам; шығармашылық ойлау; шығармашылық білім.

Abstract

Creativity is one of the main components of human cognitive activity. It is found in various areas of spiritual, social, practical and everyday human activity. However, in modern society, due to high informatization and the ever-increasing rhythm of life, technical creativity that can quickly respond to the emerging needs of a person in particular and society as a whole is gaining in demand. The article discusses the relevance of technical creativity, its main stages, as well as the opportunities that open up for the individual in various areas of life. Particular attention is paid to digital technologies, which are considered not from a philistine point of view, as a way to simplify routine activities, but as one of the factors influencing modern technical creativity.

The article outlines the current problems of digitalization of education. The authors analyzed the stages of digitalization and the emergence of new digital technologies, which represent a huge pedagogical potential. The possibilities of digital technologies in the educational process of the university are also considered. The characteristics of the digital educational environment are given. The conceptual apparatus has been clarified: "digital literacy", "digital educational environment". The digitalization strategy of education provides for such promising innovative technologies as artificial intelligence, blockchain and virtual reality. The authors conclude that the digitalization of education changes the content of the taught courses, as well as the presentation of information, this is not only presentations or videos, these are direct connections to information networks, databases, forums.

Key words: creativity; technical creativity; digital technologies; Information society; creative thinking; creative education.

Творчество – одна из основных составляющих познавательной деятельности человека. Он встречается в различных сферах духовной, социальной, практической и повседневной человеческой деятельности. Однако в современном обществе в связи с высокой информатизацией и постоянно увеличивающимся ритмом жизни становится все более востребованным техническое творчество, способное быстро реагировать на возникающие потребности человека в частности и общества в целом. В статье рассматривается актуальность технического творчества, его основные этапы, а также возможности, которые открываются перед человеком в различных сферах жизни. Особое внимание уделяется цифровым технологиям, которые с обывательской точки зрения рассматриваются не как способ упростить рутинную деятельность, а как один из факторов, влияющих на современное техническое творчество.

В статье освещены актуальные проблемы цифровизации образования. Авторы проанализировали этапы цифровизации и появления новых цифровых технологий, которые представляют собой огромный педагогический потенциал. Также рассматриваются возможности цифровых технологий в образовательном процессе вуза. Дана характеристика цифровой образовательной среды. Уточнен понятийный аппарат: «цифровая грамотность», «цифровая образовательная среда». Стратегия цифровизации образования предусматривает такие перспективные инновационные технологии, как искусственный интеллект, блокчейн и виртуальная реальность. Авторы делают вывод, что цифровизация образования меняет содержание преподаваемых курсов, а также представление информации, это не только презентации или видео, это прямые подключения к информационным сетям, базам данных, форумам.

В эпоху цифровых технологий, когда к информации можно получить доступ в любое время практически из любой точки мира, развитие технического творчества становится все более важным. Известное изречение «Кто владеет информацией владеет миром», первоначально высказанное Майером Амшелем Ротшильдом в начале XIX века, а затем получившее второе дыхание благодаря Уинстону Черчиллю, не утратило своей актуальности и по сей день. Однако в жесткой конкурентной среде современного общества требуется не только владеть информацией, но и уметь ее применять, в том числе творчески. Креативность, творческий подход стали неотъемлемыми спутниками практически любого вида деятельности. Сама по себе творческая деятельность является одним из важнейших процессов человеческого мышления, двигателем прогресса в целом и в частности, поскольку различные виды творчества затрагивают практически все сферы жизни человека. Философский словарь дает следующее определение понятия творчества: «Деятельность, порождающая нечто качественно новое, чего никогда не было.

Творчество можно рассматривать в двух аспектах: психологическом и философском. Философия рассматривает вопрос о сущности творчества, который по-разному ставился в одинаковые исторические эпохи» [1]. Можно найти следующее определение творчества: это «деятельность, порождающая новые ценности, идеи, самого человека как творца» [2]. Таким образом, творчество –

это вид деятельности человека по преобразованию природного и социального мира в соответствии с целями и потребностями человека и человечества, направленный на создание качественно новых материальных и духовных ценностей.

Потребности современного человека, несомненно, в корне отличаются от потребностей прошлого века. Сегодня на первый план выходят те продукты, которые позволяют нам быстро реагировать на растущий массив информации, а также оптимизировать процессы жизни общества. К таким устройствам относятся современные мобильные телефоны и смартфоны, компьютеры и ноутбуки, планшеты и т. Д., Которые обеспечивают мгновенный доступ к информации; бытовая техника, значительно упрощающая ведение домашнего хозяйства и т. Д. Очевидно, что в основе всех этих устройств и машин лежит техническое творчество, которое было бы невозможно без накопленной системы знаний об основных законах природы и понимания их функционирования и работы. , что является необходимым компонентом перехода от творчества как такового к техническому творчеству.

Таким образом, техническое творчество можно охарактеризовать как «деятельность человека, направленную на преобразование природы в соответствии с целями и потребностями человека и человечества на основе объективных законов действительности, характеризующихся новизной самого процесса деятельности и его результата, а также как своеобразие и социально-историческое своеобразие»[3].

Тематический словарь по философии науки и техники дает следующее определение: «Техническое творчество – это процесс создания нового технико-технологического объекта, включающий систему взаимосвязанных этапов:

1) формулировка конкретной технико-технологической идеи (проблемы) и определение направления ее решения, когда человеческий (субъективный) фактор материализуется в процессе создания новой идеи;

2) создание действующей модели соответствующего объекта или прогресса, когда идея приобретает более четкие технические и технологические формы выражения.

Исторически техническое творчество реализуется в двух формах:

1) изобретение – создание новых принципов действия и способов их реализации в конкретных технических и инженерных устройствах, причем речь идет о создании объекта, не существовавшего ранее в реальности (изобретение колеса, пороха, внутреннего сгорания двигателя и др.), где происходит материализация («объективация») идеи;

2) открытие – выявление природных вещей, явлений, закономерностей и т. Д., Реально существующих в природе, но не известных ранее (открытие Америки, периодичность элементов, месторождения полезных ископаемых и т. Д.), Которое основано на внутреннем потребности личности (изобретателя) в сравнении с воздействием внешних условий и обстоятельств»[4].

Процесс технического творчества обычно состоит из нескольких основных этапов. Во-первых, обучение, которое заключается в критическом осмыслении существующей базы знаний, включая как теоретические рассуждения, так и экспериментальный материал. Это дает возможность сформулировать некую конкретную техническую проблему, от которой можно будет отталкиваться в дальнейшей работе. Во-вторых, дизайн. Используя знания о существующей реальности и понимание потребностей общества, рождается идея, которая еще не является конкретной моделью изобретения, но уже выходит за рамки технической проблемы. На этом этапе используются как рациональные методы работы, так и иррациональные (фантазия, интуиция). В-третьих, реализация, создание конкретной модели. На этом этапе автор воплощает свое видение в жизнь.

Техническое творчество охватывает все возрастные группы и разные слои населения. В первую очередь это связано с разнообразием направлений технического творчества, к которым относятся разработка и создание транспортных средств, декоративных и прикладных моделей, средств совершенствования учебного процесса, предметов домашнего обихода, наукоемких объектов (например, научных приборов и экспериментальных установок). . Одно из самых популярных направлений технического творчества сегодня – робототехника. Ежегодно в мире проводится несколько десятков, если не сотни конференций и форумов, посвященных созданию роботов. Такие технологии, как робот-пылесос, уже доступны, беспилотный автомобиль прошел испытания, и все больше и больше потребителей используют технологии умного дома. Все подобные решения были бы невозможны без постоянного увеличения интеллектуального капитала и развития творческой составляющей изобретательского процесса.

С элементами технического творчества человек сталкивается уже на ранних этапах развития. Один из начальных этапов технического творчества – познание окружающего мира через накопление некоторой базы знаний и ее последующий анализ. Например, ребенок, который лишь частично может

воспроизвести несколько слов, активно интересуется всем, что его окружает. Взрослея, он пытается понять, как функционирует существующая реальность. Затем начинают возникать более глубокие вопросы: «Где вода в кране?», «Почему горит свет?». Накапливая таким образом знания, человек постепенно переходит к решению более сложных проблем. Таким образом, техническое творчество позволяет не только изобретать новые механизмы, но и развивать различные типы мышления, соответствующие ряду приоритетных профессиональных компетенций. Эти компетенции включают творческое (или творческое) мышление, умение накапливать, анализировать и синтезировать полученные знания, а также успешно реализовывать их на практике. Одним из положительных аспектов развития системы научного творчества является также то, что она отражает систематику педагогических целей Блума. Чтобы получить на выходе готовый продукт, который одновременно будет иметь практическое значение для общества, необходимо овладеть всеми элементами, содержащимися в таксономии.

Согласно традиционной версии 1956 г., эта система включает в себя следующие элементы (в порядке возрастания сложности когнитивных процессов): знание, понимание, использование, анализ, синтез, оценка. Однако из-за глобальных изменений, произошедших за следующие пятьдесят лет, версия Блума потеряла свою актуальность и потребовала корректировок. Эта корректировка была проведена Лорин Андерсон и его коллегами в 1999 году. Уточненная таксономия также состоит из шести уровней и выглядит следующим образом (от простого к сложному) : запомнить (узнавать и вспомнить), понимать (интерпретация, примеры, классификация, обобщение, вывод, сравнение и объяснение), применять (исполнение и применение), анализировать (дифференцировать, организовывать и соотносить), оценивать (тестировать и критиковать), создавать (генерировать, планировать и производить). Как видно из этой системы, техническое творчество соответствует высшему уровню этой таксономии. Также стоит отметить, что в настоящее время существует несколько моделей таксономии Блума, которые основаны на продуктах современных цифровых технологий и глобального Интернета, в то время как предложенные Л. Андерсоном остаются основой. Такой подход к таксономии небезоснователен, поскольку такие продукты технического творчества, как компьютер, мобильный телефон, планшет и т. Д., Становятся объектом изучения на самых ранних этапах развития, в отличие от предыдущих поколений.

Во многом это связано с тем, что техническое творчество невозможно без доступа к информации о новых открытиях, достижениях и передовых технологиях. Причем объем поступающей информации из года в год растет в геометрической прогрессии. Известно, что массив информации удваивается в среднем за пятилетний период, а в инновационных отраслях – за два-три года [5].

Такой доступ к информации обеспечивают цифровые технологии и глобальный Интернет. Эти технологии не только способствуют развитию технического творчества, но также позволяют получать актуальную информацию для тех, кому по разным причинам отказано в доступе (или такой доступ ограничен) к традиционным источникам знаний, для например, различные государственные библиотеки, музеи и т. Д. Например, молодые мамы, которые сидят дома и не могут долго выходить из дома, или люди с ограниченными возможностями, или те, кто не может уехать и учиться в вузе на постоянной основе. Благодаря цифровым технологиям мы получаем доступ к онлайн-программам университетов, как местных, так и зарубежных. Например, образовательные платформы, такие как Moodle, программы, такие как Skype, средства просмотра видео, такие как Youtube, и т. Д. Способствуют разработке таких программ. Одним из наиболее значимых направлений последних нескольких лет были так называемые MOOC – массовые открытые онлайн-курсы, одним из наиболее ярких примеров которых являются образовательные платформы Coursera (дающие доступ к примерно 400 параллельным курсам, преподаваемым профессорами со всего мира. Ведущие университеты совершенно разных направлений) и Khan's Academy (образовательная платформа, изначально ориентированная на преподавание математики).

Свою миссию они видят, прежде всего, в предоставлении бесплатного качественного образования всем группам людей, независимо от их возраста, способностей, места проживания и других подобных критериев. Таким образом, упрощается любой вид творчества, в том числе технический. Мы можем использовать различные программы обучения, доступ к которым предоставляется через глобальную сеть, мы можем приобрести специальные пакеты обучения и т. Д., Что способствует получению общих или специальных знаний, по крайней мере, начальных, а также развитию творческих способностей в целом и в частности, техническое творчество.

Использованная литература:

1. Агибова И. М. Условия и факторы организации эффективной автономной работы студентов с использованием информационных и коммуникационных технологий. Вестник поморского университета. Серия: Гуманитарные и социальные науки. 2010; № 5: 128 – 134.
2. Андреев А.А. Роль и проблемы преподавателя в среде электронного обучения. Высшее образование в России. 2010; № 8 – 9: 41 – 44.
3. Цифровая Россия: новая реальность. Аналитический отчет экспертной группы Digital. ООО «Мак-Кинзи и Компания СиАй`Эс», 2017. Режим доступа: www.mckinsey.ru http://www. Mckinsey.ru
4. Цифровизация. Доступно на: <https://ru.wiktionary.org/wiki/>
5. Шваб Д.К. Четвертая промышленная революция. Доступно по адресу: <https://mybook.ru/author/klaus-shvab/chetvertaya-promyshlennaya-revolyuciya/read>

ГРАФИКАЛЫҚ ДИЗАЙННЫҢ ДАМУЫНЫҢ МӘДЕНИ –ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОРЛАРЫ

Беристен Ж.Т.,

профессор, философия ғ.к.

Сарыбай М., Тұрғалиев Қ.,

Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлі өнер кафедрасының 1-курс магистранты

Әль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

beristen@mail.ru

Алматы қ, Қазақстан

Аңдатпа

Графикалық дизайн адамзаттың тұрмыс-тіршілігінің барлық тұстарына, бүкіл өміріне енген және адам мен оның өз қолымен жасаған жасанды ортасының арасындағы ақпараттармен тұрақты алмасу жүйесі ретінде қарастырылады. Қазіргі заманда Қазақстанның барлық қалаларында заманауи технология негізінде қалалық орталар әртүрлі қоршаған нысандар мен жарнама мен ландшафтық дизайнның жандануымен көркеюде. Графикалық дизайндық нысандар біздің бүкіл өмірімізді қалыптастыратын, пәрменді бөлшегі ретінде қызмет еткенімен отандық дизайнның өз дамуы мен проблемалары мақалада сараланады.

Түйін сөздер: дизайн, графика, тұтынушы, рәміз, доминант, жарнама, таңба, маркетинг, қоғам, эстетика, психология, сәулет, артдизайнер, мәдениет.

Аннотация

Графический дизайн рассматривается как система постоянного обмена информацией между человеком и его искусственной средой, воплощенной во всех аспектах жизни, во всей жизни человечества и созданной им собственноручно. В современном мире во всех городах Казахстана на основе современных технологий городская среда процветает с возрождением рекламы и ландшафтного дизайна, различных объектов окружающей среды. Несмотря на то, что графические дизайнерские объекты служили действенной деталью, формирующей всю нашу жизнь, отечественный дизайн получил свое развитие и проблемы.

Ключевые слова: дизайн, графика, потребитель, символ, доминанта, реклама, символ, маркетинг, общество, эстетика, психология, архитектура, артдизайнер, культура.

Abstract

Graphic design is considered as a system of constant exchange of information between a person and his artificial environment, which has entered all aspects of human life, all his life and is created by his own hands. In modern times, in all cities of Kazakhstan, on the basis of modern technology, urban environments are being transformed by the revival of various environmental objects, advertising and landscape design. Although graphic design objects serve as an effective part of our entire life, the problems and development of domestic design are highlighted.

Keywords: design, graphics, consumer, symbol, dominant, advertising, symbol, Marketing, Society, aesthetics, psychology, architecture, artdizainer, culture.

XX ғасырда дизайн жаппай өндірістің, жаппай тұтыныстың, нарықтың және адамның өмір сүру ортасының мәдениеті мен эстетикасын құрайтын феномен болып табылады. Қоршаған ортаның


үйлесімділігін, оның антропологиялық тиімділігі мен мәдени маңыздылығын беру материалдық нысандар жасаудың шешуші факторы ретінде көрінді. Мұндай міндеттер индустриалдық дизайнерлердің, жай дизайнерлердің, рәсімдеуші- дизайнерлердің, сәулетші- дизайнерлердің, т.б. қызметтерінде іске асырылды. Осы үрдістегі айрықша роль графикалық- дизайнерлердің, еншісінде. Графикалық дизайн оның жаппай тұтынуға бағытталғанын сипаттайтын барынша жоғары табыс табу мақсатында өндіріс пен сауданың көптеген салаларында белсенді қызмет етеді. Қазіргі кезде графикалық дизайнның тәжірибесі осыдан бұрынғы он жылдыққа қарағанда жарнамадан көзге ұрады. Бүгінде жарнама үшін дизайнердің араласуынсыз мүмкін емес.

Енді графикалық дизайнның дамуының әлеуметтік мәдени факторларына келетін болсақ.

Графикалық дизайнның санқилылығы көбіне сұраныстарының сантүрлілігіне, олардың түсініктемелерінің сан қилылығына байланысты. Графикалық дизайн артық өндіру дағдарысына тап болған, «үстеме» экономиканың қызметі үшін қажет. Ақпараттық құралдар жаппай тұтынушының құндылық ұстанымдарын қалыптастыруда негізгілеріне айналды. Егер бұрын графикалық дизайнның нысаны тауар туралы ақпарат берумен ғана шектеліп қоятын болса, енді адамдардың санасына осы тауар немесе қызмет көрсетілмесе күніңіз қараң қалады деген пікірді миыңызға құя беру бүгінгі күнгі қаптаған жарнамалардың басты міндетіне айналды.

Мұндай сұраныстың мақсаты тауарды пайдалану емес, басқа тұтынушылардың осы тауарға қатысты әдебіне қатысты осы тауардың сәнділігіне қатысты, жарнама санаға сіңіріп қойған әдептік ұстанымдарға бой алдыру. Дизайнның ұйымдастыратын мақсаты білімсіз ақ, біртіндеп адам санасын және әдет-әрекетін жаулап алды. Оның негізгі заңдылықтары Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы заңында» қарастырылған[1].

Графикалық дизайнның коммерциялық нысандары, жарнама бұқара санасын билеудің мықты құралы. Жарнаманың сәтті жасалуы, нарықта бір нәрсені: фирманы, қызметті, өнімді жылжытуға, оның бәсекеге деген қабілеттілігін арттыратын, тартымдылығын, даралығын, танымалдылығы мен сұранысын арттыруға деген ашкөз талпыныс визуалды шешімі оны құраушы сипаттарының бірі болып табылатын, кешенді жарнамалық жоба жасауға байланысты. Жарнама графикалық дизайнның нысаны ретінде, бірінші кезекте сатудың санына көзделген нарықтық табысқа жетуге бағытталған. Дизайнер оның нысандары сатуды ынталандыру құралы және таңбалық-рәміздік міндет атқаратындықтан, пайда табуды көксейді. Адам жаппай мәдениетте ең алдымен, тұтынушысы ретінде. (1. сурет)



1. сурет. Графика дизайнның дамуының тұтынушылық факторы

Бүгінгі күнгі жаппай тұтыну дәуірінде негізгі міндеті ретінде болмаса да, қажетті міндеттерінің бірі ретінде – жарнама қызметін (тұтынушының назарын аудару, тауардың сатылуына, қызметтің көрсетілуіне ықпал ете отырып, оны қызықтыру) көрсетпейтін графикалық дизайн нысанын атап көрсету аса қиынға соғады. Мысалы, кітаптың мұқабасы жаппай сатып алушыларды оны сатып алуға мәжбүр ететін «қорабы» деп айтатындар бар.

Демек, графикалық дизайнның дамуының қаржылық-экономикалық стратегиясын (пайда табуға ұмтылыс, маркетингтік зерттеулерді белсенді пайдалану, сәнді тұтыныс идеологиясын орнату, жарнаманың жаппай қолданылуы, стратегияның экономиканың құндылығына бағытталуы) көздей отырып, коммерциялық табыс тауып, өндірушіні байытуды мақсат тұтып, жаппай тұтынушылықтың жасырын сұранысына ықпал ететін, белгілі бір психологиялық ұстындарға да жүгінеді.

Дизайнер өзгеріп отыратын тұтынушымен тұрақты түрде сұхбаттасулар арқылы сұранысты барынша қанағаттандыру әдіс-тәсілдерін анықтайды. Бұл ретте, дизайншы тұтынушылық талғамның құбылмалылығын ескеруі тиіс. Осы үрдістің дәлелі пәтерлердің әлдеқашан пайдаланылмайтын қажеті шамалы заттармен, бұйымдармен толтырылуынан айғақ табады.


Дизайнерлердің өз қызметінің қағидалары мен мәнін түсіну деңгейі әрқалай және ол үшін адам мен қоғамның қандай сұраныстары маңызды және қажетті болып табылатындығына байланысты қалыптасады.

